Етістік − сөз таптарының ішінде ең көлемді де, күрделісі болып саналады. Етістіктің ең күрделі сөз табы екендігі оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формалардың қат-қабаттылығынан, грамматикалық категориялардың әртүрлілігінен, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметінен және т.б. лексика-грамматикалық қасиеттерінен байқалады. Етістік зат есім секілді көне (сөз табы), басқа сөз таптарын жасауға негіз болған сөз табы. Етістік семантикалық жағынан тілімізде қимылды, іс-әрекетті, процесті, әртүрлі өзгеріс, құбылысты білдіретін сөздер болып табылады.

Кейбір еңбектерде етістікке «қимылдың немесе қимыл түрінде өтетін түрлі процестердің атын білдіретін сөз табы» деген анықтама беріледі. Дұрысында, «етістік қимылдың атын емес, нақ өзін білдіреді, қимылдың атын етістіктің кейбір тұлғалары ғана (қимыл есімі немесе тұйық етістік) білдіреді. Етістіктің семантикалық өрісі кең. «Оның себебі, -дейді А.Ысқақов, ол семантика тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес, табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракты ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал, әрекет, іс-қимыл, қозғалыс, жай, күй, сияқты процестерге қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Етістіктің осы бай семантикасы, оның түр-түрі, қашан да болсын, мезгіл немесе шақ ұғымымен ұштас болады».

Оқушыларды етістік ұғымымен таныстыру 2 сыныптан басталады. 2 сыныпта морфологияға 34 сағат бөлінеді. Бұл сабақтарда сөз таптары жайлы ұғым: сөздердің негізгі мағыналарына қарай топтастырылуы әр топтың өзіне тән сұрақтарымен таныстырады. Бұл жерде қаралатын тақырыптар: етістік және оның сұрақтары, дара және күрделі етістіктер.

3 сыныпта морфологияға 30 сағат бөлінеді. Бұның ішіне етістікке қатысты ұғымдар: етістіктер туралы білімді еске түсіру, негізгі және туынды етістік, негізгі етістік, оның анықтамасы, туынды етістік, оның анықтамасы, болымды және болымсыз етістік.

4 сыныпта морфологияға 52 сағат бөлінеді. Соның ішінде етістікке қатысты жаңа ұғымдар: етістік, оның жіктелуі, жекеше және көпше жіктелу үлгілері, етістік шақтары: осы шақ, келер шақ [2].

Етістікке оқушының қызығушылығын оятып, оның қажеттілігіне көз жеткізетін дидактикалық талаптардың бірі − оқушыға етістіктен берілетін теориялық білімнің практикалық мәні екі жүйеде қатар сабақтастырыла жүргізілуі тиіс: біріншіден, етістікті өткеннен кейін оқушы оның қай сөз табына жататынын, қай сөз таптарымен қалай қатынасқа түсетінін, сол сыныптағы бағдарлама көлемінде меңгеруге міндетті. Бұл ұғым, түсініктер оқушының етістіктен біліктілігін қамтамасыз етеді. Етістікті оқытқанда, байқау әдісі жақсы нәтиже беру үшін, мұғалімнің оқушыларды байқауға дайындау жұмысы мына мәселелерді қамтиды:

1. Оқушылардың байқайтын нәрсесін аңғара алу үшін, оның өткен материалдардан теориялық білімінің болуы;

2. Кейде байқайтынына қатысы бар кейбір деректерді алдын ала білдіру;

3. Нені, не үшін байқау керектігін алдын ала ескерту.

Мысалы, етістікті жазуда да, сөйлеуде де дұрыс қолдана білу үшін, оның мағынасы мен формаларын білудің міндет екенін аңғару (келып емес кел + іп, кел – а емес кел – е екенін дұрыс қолдана білу).

Байқау аз уақыттық та, көп уақыттық та болып келеді. Аз уақыттық байқау сабақтың әр кезеңінде бола береді. Ал көп уақыттық байқау тіл сабағында қазір онша көп орын алмайды.

Қазақ тілі сабағында етістіктен білім беруде ең тиімді байқау − аз уақыттық байқау. Байқаудың тым ұзаққа созылғаны (3-4 сағатта бір ғана объектіні байқау) оқушыларды жалықтырады. Соның салдарынан басқа сабақтарда олардың байқауға ықыласы болмайды. Сондықтан да етістікті оқытқанда, аз уақыттық байқау әдісі тиімді.

Қазақ тілі сабағында етістіктен берілетін білімнің бірі бірдей оқушылардың байқауы арқылы меңгеріле бермейді. Сондықтан да тілдік-теориялық материалдар оқушыларға мұғалімнің түсіндіруі арқылы да меңгертіледі.

Қазақ тілінде етістік материалдарын мұғалімнің түсіндіруі дегеніміз − оның ұғымдары мен ережелерін, логика заңдарын басшылыққа ала отырып, ғылыми тұрғыда белгілі бір жүйемен оқушыларға айтып беруі. Түсіндірудің негізгі өзіндік ерекшелігі − дәлелдеу. Мұғалімнің түсіндіруінде үнемі пайымдау, ой қорытындысын шығару, дәлелдеулер болып отырады.

Оқу материалдарын түсіндіру бір ізбен жүрмейді. Ол түрленіп отырады. Солардың негізгі түрлері мыналар:

1. Бағдарлама мен оқулықтағы етістік туралы білімді түгел түсіндіру;

2. Оқулық пен бағдарламада көрсетілген етістік туралы материалдардың ең негізгісін ғана мұғалімнің түсіндіруі;

3. Оқушыларға бағыт беру;

4. Оқушылардың өздігінен түсінуі немесе түсіндіруі.

Ғ.Арғынов етістікті әңгіме әдісімен оқытатын мұғалімдер мыналарды білуі шарт дейді:

1. Әңгіме кезінде мұғалім аз, оқушылар көп сөйлеуге (ереже айту, мысал келтіру, жолдастарының жауабының дұрыс-бұрысын дәлелдеуге) тиіс;

2. Сұрақ алдымен сыныпқа қойылуы керек. Содан кейін аз үзілістен соң оған жауап беретін оқушының фамилиясын, атын атаған дұрыс. Мұндай жағдайда мұғалім сұрағына сынып болып қатысқан дұрыс және сынып болып жауап қайтаруға тырысады, оқушылардың белсенділігі, жауапкершілігі артады;

3. Сыныпқа сұрақтарды анық, айқын етіп қою;

4. Қиын сұрақтарды екі қайтара айту. Сол арқылы олардың оқушыларға түсінікті болу жағын ескеру;

5. Қойылған сұрақтарға оқушылардың қысқаша әрі толық жауап беруін талап ету;

6. Мұғалім қойған сұрақтарға жауап беруге барлық оқушы қатысуы керек;

7. Оқушы жауабын әбден тыңдап алған соң ғана мұғалім оны мақұлдауға немесе толықтыруға құқылы;

8. Бір оқушыдан сабақ сұрауға көп уақыт кетіруге болмайды. Өйткені көп сұралған оқушы да жалығады. Соның салдарынан көптеген оқушы сынып еңбегіне қатыспай қалады;

9. Оқушыдан карточка арқылы сұрауға да болады:

10. Мұғалімнің рұқсатымен жауап беріп тұрған оқушыға сыныптағы басқа оқушыларға сұрақ қойғызуға болады;

11. Оқушылар жауабының аяқталған ойды білдіруін және әдеби тілде берілуін талап ету;

12. Оқушы жауап бергенде, оның кітапқа көз жүгіртпеуін, біреудің сыбырын қайталап айтпауын қадағалау. Екінші сөзбен айтқанда, әр оқушы білгенін өз сөзімен баяндауға тиіс. Қай әдісті болса да ұзаққа созбай, басқа әдістермен, алмастырып отырса, ол жаңа материалды түсіндіргенде де, сол сияқты қайталау, пысықтау да оқушыларға білім беруге немесе білгенін түсіндіруге көмегін тигізеді.

Оқушыға етістікті меңгертуді формалдылықтан аулақтататын бұл жолдардың ең тиімді де басты жетістігі − оның ойлау қабілетін арттырумен қатар, оқушылардың тілін дамытуға, олардың жалпы тілдің түсініктерін ой елегінен өткізіп, сөйлеу тілінде саралап қолдануға жол ашады. Таратып айтсақ, мысалы, оқушы анықтаманы өз бетінше құрастырса, біріншіден, оның байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады, екіншіден, етістікке байланысты атауларды пайдалану нәтижесінде сөздік қоры молаяды, үшіншіден, жұрт алдында сөйлеуге машықтанады, төртіншіден, басқаларды да тыңдауды үйренеді, бесіншіден, оқушылар бір-бірінің қабілет-дарынын қанаттандырып, басқалардың пікірімен санасуға қол жеткізеді [3].

Қарапайым қорытындылар жасаудан бастап, үлкен тарауларды өткеннен (мысалы «сөз таптары») оларды талдату, бір жүйеге енетін, яғни, «сөз таптарына» енетін зат есімді, сын есімді, етістікті т.б. саралау, оларды классификациялау жұмыстары үстінде ойлау операциялары дамытылуымен қатар, оқушының зейін, ерік, шығармашылық қиял, тақырыптық ерекшелігі де өрістейді. Етістікті игеру мен жорамалдар ұсыну және оларды дәлелдеу үстінде тілдік біліктілігі оқушының өз ойын сөйлеу тілінде дұрыс құруы арқылы да танылады.

Оқушының өздік жұмыстарында әрқашан сабақтастық ұстанымын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізген тиімді. Себебі оқушы үшін етістік бұрын соңды өтілген тақырып болса, етістіктің категориялары мүлдем жаңа көсемше, есімше, етістіктің райлары, шақтары тақырыптарын өз бетінше меңгеруі қиын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму.//2015 жыл, 30 қараша

2. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Оқулық. –Алматы, 2007. – 390 б.

ӘӨЖ 82.14

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «МЕН» МОТИВІНІҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ерсаинова Асель Бауыржановна
E-mail: asel_ersainova@mail.ru
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің оқытушысы
Астана, Қазақстан

Смаилова Қанат Кемаловна
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы
Петропавл, Қазақстан

Казиева Марал Назаровна
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы
Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы «Мен» мотивінің көркемдік-идеялық табиғаты қазіргі әдебиеттану ғылымының концептуалдық ұстанымдары негізінде жан-жақты қарастырылды. Ақын поэзиясындағы «Мен» тұлғасының ұлттық сана, тарихи жад және рухани-азаттық идеяларымен сабақтастығы мазмұндық әрі поэтикалық талдау арқылы айқындалды. Сонымен қатар әдебиеттанушы ғалымдардың мотив ұғымына берген ғылыми анықтамалары жүйеленіп, олардың теориялық мәні сараланды.

Махамбет шығармаларындағы «Мен» мотиві тек лирикалық субъектінің ішкі болмысын танытумен шектелмей, тұтас халықтың мұң-мүддесін, еркіндікке ұмтылған ұлттық рухын бейнелейтін көркемдік категория ретінде танылды. Ақынның «Мен» тұлғасын бірнеше мәрте қайталап қолдануы поэтикалық экспрессияны күшейтіп қана қоймай, оқырманның тарихи санасы мен ұлттық танымын оятуға қызмет етеді.

Зерттеу барысында Махамбет поэзиясындағы «Мен» мотивінің дүниетанымдық, философиялық және метафоралық қырлары сараланып, ақынның дара стильдік ерекшелігі анықталды.

Кілт сөздер: мотив, «Мен» мотиві, лирикалық субъект, ұлттық сана, тарихи жад, метафора, поэтика, поэзия.

Аннотация. В статье всесторонне анализируются художественно-идейные особенности мотива «Я» в поэзии Махамбета Утемисова на основе современных теоретических подходов литературоведения. Посредством содержательного и поэтического анализа раскрывается связь образа «Я» с национальным сознанием, исторической памятью и идеями свободы. Также систематизированы научные определения термина «мотив», представленные литературоведами, и рассмотрены их теоретические аспекты. Мотив «Я» в поэзии Махамбета рассматривается не только как отражение личности поэта, но и как художественное воплощение народного духа и стремления к свободе. Повторное употребление образа «Я» усиливает поэтическую экспрессию и способствует пробуждению национального и исторического сознания. В ходе исследования определена художественная функция метафорических образов и философских размышлений в поэзии поэта.

Ключевые слова: мотив, мотив «Я», лирический субъект, национальное сознание, историческая память, метафора, поэзия.

Abstract. The article comprehensively examines the artistic and ideological features of the “I” motive in the poetry of Makhambet Utemisov based on modern theoretical approaches in literary studies. Through semantic and poetic analysis, the relationship between the lyrical “I” and national consciousness, historical memory, and the idea of freedom is revealed. In addition, scholarly definitions of the term motive proposed by literary critics are systematized and theoretically interpreted. The “I” motive in Makhambet’s poetry is considered not only as an expression of the poet’s individuality, but also as an artistic representation of the people’s spirit and aspiration for liberty. The repeated use of the lyrical “I” enhances poetic expressiveness and contributes to the awakening of national and historical consciousness. The study also identifies the artistic function of metaphorical imagery and philosophical reflection in the poet’s works.

Keywords: motive, “I” motive, lyrical subject, national consciousness, historical memory, metaphor, poetry.

«Мен» мотиві – қазақ поэзиясындағы ең күрделі әрі көпқырлы көркемдік категориялардың бірі. Бұл мотив ақынның ішкі рухани әлемін, дүниетанымдық ұстанымын және қоғамдық позициясын танытатын поэтикалық құрал ретінде маңызды қызмет атқарады. Қазақ әдебиетіндегі «Мен» концепциясын зерттеу ұлттық болмысты, тарихи жадты және рухани құндылықтарды тануға мүмкіндік береді. Әсіресе, Махамбет Өтемісұлы шығармаларындағы «Мен» тұлғасы тек жеке ақындық «Менді» ғана емес, азаттық жолындағы халықтық рухтың көркем бейнесін де танытады. Сондықтан Махамбет поэзиясындағы «Мен» мотивін әдеби-теориялық тұрғыдан талдау – ұлттық әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі.

Әдебиет терминдері сөздігінде мотив ұғымына: «Белгілі бір тарихи жағдайлар негізінде қалыптасқан тұрақты мағыналық элементтердің жиынтығы» деген анықтама беріледі [1, 232 б.]. Демек, мотив көркем шығарма құрылымындағы мағыналық жүк көтеретін негізгі поэтикалық компоненттердің бірі болып табылады. Ал әдебиеттанушы ғалым Т. Есембеков: «Мотив – түрлі қайталанулар мен көркемдік нюанстар арқылы дамитын тақырыптық арна» [2, 123 б.] деп көрсетеді. Әдебиеттанушының бұл пікірі мотивтің көркем мәтіндегі динамикалық қызметін айқындайды.

Махамбет Өтемісұлы поэзиясында «Мен» мотиві ерекше жиілікпен қолданылған. Ақын шығармаларындағы «Мен» тұлғасы оның күрескерлік рухын, батырлық болмысын және халықтық мүддеге адалдығын танытады. Зерттеуші Х. Сүйіншәлиев: «Махамбеттің көптеген өлеңдеріндегі ақындық «Меннің» мәні терең. Онда халық ерлігі мен халықтың асыл қасиеттері жинақталған» [3, 56 б.] деп бағалайды. Шынында да, Махамбет поэзиясындағы «Мен» – тек жеке тұлғаның үні емес, халықтық рухтың көркемдік көрінісі.

Зерттеу барысында Махамбеттің «Жорық жырлары» жинағындағы 80 өлеңге талдау жасалды. Соның ішінде «Мен» мотиві айқын көрінетін 13 өлең анықталды. Атап айтқанда: «Мен едім», «Белгілі туған ер едім», «Мен – тауда ойнаған қарт марал», «Мен – ақсұңқар құстың сойымын», «Қызғыш құс», «Жалғыздық» және басқа өлеңдер.

Ақын поэзиясындағы «Мен» мотиві көбіне метафоралық жүйе арқылы көркемделеді. Мысалы:

Мен келелі қара бұлтпын,
Келе жаумай ашылман.
Қарсыласқан дұшпанға
Найзағай менен жасылман. [4, 74 б.]

Бұл жолдарда ақын өзін табиғат құбылыстарымен салыстыру арқылы қаһармандық бейнесін асқақтатады. «Қара бұлт», «найзағай» метафоралары Махамбеттің ішкі қуатын, күрескерлік мінезін символдық тұрғыдан танытады.

Ал «Мен едім» өлеңінде:

Боз ағаштан биік мен едім,

Бұлтқа жетпей шарт сынбан. [4, 40 б.] деген жолдар арқылы ақын өз тұлғасын биіктік, өрлік ұғымдарымен байланыстырады. Мұндағы «боз ағаш» образы – қайсарлықтың, мықтылықтың символы.

Махамбет поэзиясындағы «Мен» мотивінің тағы бір маңызды ерекшелігі – оның жалпылық сипат алуы. Ақын көбіне «Мен» арқылы бүкіл халықтың атынан сөйлейді:

Ел қорыған мен едім,

Мен де айырылдым елімнен. [4, 113 б.] Бұл жолдарда лирикалық кейіпкердің жеке мұңы халық трагедиясымен астасып жатыр. Ақынның қайғысы – елдің қайғысы, оның жалғыздығы – ұлт тағдырының көрінісі.«Жалғыздық» өлеңіндегі:

Қазақта бар да, менде жоқ [4, 106 б.] деген философиялық ойлар Махамбеттің рухани жалғыздығын, замандастары тарапынан толық түсінілмеген тұлға екенін аңғартады. Бұл – ақынның терең интеллектуалдық болмысын көрсететін маңызды поэтикалық ерекшелік.

Махамбет поэзиясындағы «Мен» мотиві тек көркемдік тәсіл ретінде ғана емес, авторлық сананың поэтикалық репрезентациясы ретінде де маңызды қызмет атқарады. Ақын өз шығармаларында «Мен» тұлғасы арқылы тарихи кезеңнің әлеуметтік қайшылықтарын, халықтың азаттыққа деген ұмтылысын және рухани қарсылығын бейнелейді. Лирикалық субъектінің ішкі толғаныстары мен күрескерлік рухы ұлттық мүдде ұғымымен тұтастықта көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, Махамбет поэзиясындағы «Мен» мотиві индивидуалдық сипаттан гөрі ұжымдық сананың көркемдік моделі ретінде бағаланады. Ақынның өзін табиғат образдарымен, қыран құс, қара бұлт, қарт марал секілді метафоралық бейнелермен астастыра суреттеуі оның поэтикалық ойлау жүйесінің тереңдігін және символдық бейнелеу шеберлігін танытады.

Қорыта айтқанда, Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы «Мен» мотиві – ақын шығармашылығының идеялық-көркемдік өзегін құрайтын маңызды категориялардың бірі. Ақынның «Мен» тұлғасы кейде жалқылық сипатта көрінсе, кей жағдайда тұтас халықтың рухани үніне айналады.

Махамбет өзін «құмай», «ақсұңқар», «қарт марал» секілді символдық бейнелер арқылы сипаттау арқылы өзінің ерлік рухын, қайсар мінезін және азаттық жолындағы күрескерлік болмысын танытады. Сонымен қатар «Мен» мотиві арқылы ұлттық сана, тарихи жад, еркіндік идеясы терең көркемдік

сипатқа ие болады. Сондықтан Махамбет поэзиясындағы «Мен» мотиві тек лирикалық категория ғана емес, ұлттық рухтың поэтикалық моделі ретінде бағалануы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
2. Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды: ҚарМУ, 1991. – 67 б.
3. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 360 б.
4. Серікбаева К. Махамбет. Жорық жырлары. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2007. – 404 б.

ӘӨЖ 398:82.09

СӘБИТ МҰҚАНОВ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ: ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР МЕН ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

Ерсаинова Асель Бауыржановна
E-mail: asel_ersainova@mail.ru
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Сәбит Мұқанов мұрасының қазақ әдебиеттануы мен фольклортану ғылымының қалыптасуындағы орны қарастырылады. Ғалымның қазақ ауыз әдебиетін жинау, жариялау және ғылыми тұрғыдан зерттеу бағытындағы еңбектері талданады. «Батырлар жыры», «Айтыс», «Халық мұрасы» жинақтарының ғылыми маңызы айқындалып, кеңестік кезеңдегі фольклортанудың идеологиялық сипаты сараланады. Сонымен қатар С. Мұқанов еңбектерін қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан қайта қарастырудың өзектілігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: фольклортану, қазақ әдебиеті, Сәбит Мұқанов, батырлар жыры, айтыс, халық мұрасы.

Аннотация. В статье рассматривается роль Сабит Муканов в становлении казахского литературоведения и фольклористики. Анализируются труды ученого по сбору, публикации и научному изучению казахского устного народного творчества. Определяется значение сборников «Батырлар жыры», «Айтыс», «Халық мұрасы», а также раскрываются особенности советской фольклористики. Подчеркивается актуальность современного переосмысления научного наследия С. Муканова.

Ключевые слова: фольклористика, казахская литература, Сабит Муканов, героический эпос, айтыс, народное наследие.

Abstract. The article examines the role of Sabit Mukanov in the development of Kazakh literary and folklore studies. The study analyzes his contribution to collecting, publishing, and researching Kazakh oral literature. Special attention is given to the scholarly significance of the collections *Batyrlar Zhiry*, *Aitys*, and *Khalyk Murası*, as well as to the ideological features of Soviet folklore studies. The article emphasizes the relevance of reconsidering Mukanov's scholarly heritage from a modern academic perspective.

Keywords: folklore studies, Kazakh literature, Sabit Mukanov, heroic epic, aitys, folk heritage.

Қазақ әдебиеттануы мен фольклортану ғылымының қалыптасуында Сәбит Мұқановтың орны ерекше. Ол тек көркем әдебиет өкілі ғана емес, сонымен қатар қазақ ауыз әдебиетін жинап, жүйелеп, ғылыми тұрғыда талдаған ірі тұлғалардың бірі.

Фольклорды зерттеу ісі XX ғасырда жаңа ғылыми деңгейге көтеріліп, ұлттық мәдениетті танудың маңызды құралына айналды. Осы үдерісте Мұқанов еңбектері қазақ фольклорын ғылыми айналымға енгізуде шешуші рөл атқарды. Бүгінгі таңда фольклортану ғылымы жаңа теориялық бағыттармен толықтырылып отыр. Сондықтан Сәбит Мұқанов мұрасын қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан қайта қарастыру – өзекті мәселе.

Қазақ фольклорлық әдебиетінің ғылым ретінде қалыптасқаны туралы «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960), «Қазақ

фольклористикасы» (1972), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988) және тағы басқа зерттеулер бар. «Қазақ әдебиетінің тарихы» монографиясында алғаш рет қазақ фольклортану ғылымы қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде сараланды. Бұл зерттеуге: М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Смаилов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Шалабаев, Ә. Мәметовалар қатысқаны белгілі. Аталған кітапта қазақ фольклоры туралы ғылыми зерттеудің жағдайы, тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлар, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, тарихи өлеңдер, т.б. тәрізді сол кездегі өз алдына жеке ажыратылған фольклорлық жанрлардың өзіндік ерекшеліктері т.с.с. әдебиеттану тұрғысынан талданған. Халқымыздың халық ауыз әдебиеті мұрасын зерттеу ісін С. Мұқанов осы мұраларды жинаудан бастаған. 1939 жылы «Батырлар жыры» жинағын бастырса, 1942 жылы «Айтыс» жинағының бірінші кітабын баспаға дайындады. Бұл жинаққа «Едіге батыр», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» жырлары кірді [1]. Кіріспе орнында «Батырлар жырының әдебиеттегі орны» деп аталған С. Мұқановтың шағын мақаласы қойылған. Ғалым Н. Жүсіп: «Таптық тұрғыда жазылған бұл кіріспеде фольклор атаулыны тарихи принцип тұрғысынан бағалау орын алған. Мұның бәрі Кеңес үкіметі ғалымдары тәрізді С. Мұқановтың да фольклорды, яғни осы ғылыми жинақты саясат құралы есебінде қолданғандығын танытады. Ендеше бір кітап ішіне фольклордың бір жанрын ғана топтастырып жариялауы С. Мұқанов ізденісінің жақсы, ұтымды жағы болса, ал фольклорға таптық тұрғыдан келуі кезең ерекшелігімен түсіндіріледі» – деп бағалайды [2, 278]. Расымен сол кездің идеологиясына сай батырлар жырының астарынан таптық мән іздеген зерттеулер басым болды. С. Мұқанов батырлар мен тарихи жырларға талдаулар жасап, («Едіге», «Қобыланды», «Алпамыс», «Шора», «Қамбар», «Тарғын», «Қарасай-Қази», «Ер Көкше», «Бөкембай». «Кенесары-Наурызбай», «Шора» «Ер Көкше т.б.) басылып таралғанына назар аударады. Яғни зерттеуші алдымен оның шығу тарихына тоқталады.

С. Мұқановтың 1974 жылы шыққан «Халық мұрасы» кітабының бірінші бөлімі «Шежіре және тарих жайында» деп аталып, шежірелердің тарихын саралайды. Шежіре туралы бөлімді «Қожалар шежіресі», «Қазақ шежіресі», «Қазақ тарихы туралы» деп алып тарихи қалыптасқан жолына талдау жасайды. Қожалар туралы шежірені автор Әбілғазы Бahадүр ханның «Түркімен шежіресі» деп аталатын көлемді еңбегіне талдау жасау арқылы оның этнографиялық бағасын береді. С. Мұқановтың өз заманына сай білімі мен білігі және сол кезге сай белгілі бір идеологияны негіз еткенін ескерсек, оның берген бағасын да саралай қарау керек болады. Не себепті қандайда бір тарихи фактіге нақтылы осы бағаны берді деген сипатта бағалануы керек деп санаймыз. С. Мұқанов бұл кітаптың пайдасы туралы былай дейді: «біріншіден, автор өзінен бұрынғы иран және араб тарихшыларының еңбектерін кең пайдаланады, екіншіден, түрікпен елінің өзімен тұтас беделділерінен жинап алып, ақылдасып, солар берген мәліметтерге кең сүйенеді» [3, 18], – деп кітаптың негізгі мәліметтерінің қайдан алынғанына тоқталады. Бұл С.

Мұқановтың ғалым ретіндегі еңбегінің басты ерекшелігі және бірден бір дұрыс жасалған байламы деуге болады. Осыдан кейін ол керей тайпасының тарихы мен шығу төркіні туралы жазған еңбегінде осы шежіре жазу дәстүрі мен тарихи негізіне сүйенгендей бағыттағы зерттеу жасайды. Ол өз талдауларында нақты тарихқа сүйенген деректер келтіреді. Мәселен, ежелгі керей мемлекетінің негізін қалаған Керей деген адамның Моңғолияның солтүстік-батыс бөлігінде өмір сүріп, ел басқарғанын айтады. Шыңғыс ханның әскерінің шабуылынан кейін XII ғасырда сол Шыңғыс хан әскеріне қосылып кеткенін түйіндеп береді [4]. Рулық шежіре тарихындағы автордың этнорафиялық ұстанымдары айқын деуге болады. Керей руының тарихын зерттеу барысында С. Мұқанов көптеген этнографиялық мәселелерге назар аудартады. Керей ру басыларының есімдері, олардың тұрған мекені, салты мен дәстүрі, тұрмысы және тағы да басқа этнографиялық талдаулары бүгінгі зерттеулерге мұрындық болып, жалпы қазақ елінің тарихи этнографиялық ерекшелігін саралауға мүмкіндік берді деуге болады.

С. Мұқанов батырлар жырының қағаз бетіне түсе бастауы XIX ғасырдың орта кезінен басталады дей отырып, оған дейін халық әдебиеті ауыздан-ауызға көшкендіктен талай өзгерістерге түсіп, бірталайының оқиғаларының араласқандығын, өзгергендігін ескертеді. Мысал ретінде, «Едіге» жырын 1841 жылы Жұмағұл ақыннан Шоқан әкесі Шыңғыс Уәлихановтың жазып алған болуы керек дей отырып: «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Көкше» жырларының үшеуін де XIX ғасырдың 60-шы жылдары жазып алып бастырған В.В. Радлов екендігі; 1886 жылы Қазанда «Алпамыс», 1913 жылы Орынбор қаласында «Қобыланды» жыры басылғандығы; өзге бірнеше батырлар жырының Қазан төңкерісінен кейін Ә. Диваев және тағы басқалардың редакциясымен шыққандығы т.с.с. айтылады. Қазақ фольклортану ғылымының Кеңес дәуіріндегі даму ерекшелігін ашу үшін алдымен әр жылдары шыққан түрлі фольклорлық жинақтарды саралау қажеттігі туады. Кез келген отарлаушы тәрізді коммунист басшылары да басты шабуылды ұлттық идеология, ұлттық сана, басқа ұлт тілдерін бірте-бірте жоюға бағыттағанда, халықаралық деңгейде және мемлекет ішінде де өз теріс ниеттерін өтірік жамылғымен, әдемі ұранмен сәтті бүркей білген. Міне, сол әдемі ұранды дәлелдеу үшін ара-тұра түрлі фольклорлық жинақтарға рұқсат бергенде де, билік басындағылар сол кітаптарды шығаруды да өздерінің түпкі мақсаттарына, ұлттық сананы бірте-бірте тұқырта беру ниетіне бағыттауды естен шығармаған. Сондықтан да фольклор кітаптарын жариялағанда, ондағы шынайы ұлттық сана, психология орнына, жасанды «таптық» жіктелуді қалыптастыру саясаты сол кезеңде фольклорлық үлгілерді баспаға әзірлеушілерге және оған түсінік берушілерге де шешуші ықпал жасап отырды. Әйтсе де, ол үлгілерге берілген жасанды түсініктерді қабылдауға, біріншіден, қалың бұқараның онша дайын болмауы, екіншіден, «жасанды» нұсқалармен қанша көмкерілсе де, нағыз көркем туындылардың өзіндік бояуымен жетуі, – бәрі фольклор арқылы бір жағынан, «таптық сана» элементтері енуіне бастаса да, көбінесе тікелей айтылмай-ақ ұлттық сананың жоғалмауына, тіпті өрістеуіне де жол аша алды. Соның бір

көрінісі белгілі жазушы С. Мұқанов құрастырып әзірлеген фольклор үлгілері десек, сол мәтіндерді ұсынудағы жетістіктермен қатар әміршілдік жүйе ықпалымен және осы ғылымның ішкі өзіндік талаптарын жете ұғынбаудан туған «ағаттықтар» да орын алуы заңды еді. Даму дегенді тек алға басу емес, кейін шегіне отырып та, сүріну көмегімен, сүрінбеуді үйрену жолы деп есептесек, сол кездегі «асыра сілтеу» зардаптарын айта отырып, фольклор текстерінің фольклортану ғылымына С. Мұқанов құрастырып шығарған «Батырлар жыры» жинағының басты бір ерекшелігі, маңыздылығы – ол жинақ соңынан берілген ғылыми түсініктемесінде [5, 592-600] әрбір кірістірілген нұсқаның жазылынып алыну паспортына қатысты дерек көздерінің қамтылуы дер едік. С.Мұқанов: Едігенің тарихта болғандығын; 1385-1406 жылдары Алтын Ордада хандық құрған Тоқтамыс ханның тұстасы болғанын; Едігенің Тоқтамыс ханмен араздасып, оны 1406 жылы өлтіргенін сөз етеді. Ал Тоқтамыс ханның баласы Қадірбердінің әкесінің кегін алып, 1419 жылы Едігені өлтіргенін тарихи материалдар негізінен алынды десе де, оның нақты қай еңбек екені көрсетілмейді. Оның есесіне «Едіге батыр» жырының түрлі нұсқалары сақталғанын, оның бірін- қазақ оқымыстысы Ш. Уәлиханов жазып алғанын діттей отырып, ол үлгінің ғалымның «Шығармалар» жинағында 1904 жылы С.-Петербургте орыс тілінде басылғанын; ондағы Едігенің арғы тегі араб болғанына сілтеме орын алғанын сөз етеді. XX ғасырдың бірінші жартысындағы Кеңес үкіметі тұсында белгілі бір фольклорлық жинақтарды баспа арқылы жүйелі түрде жарыққа шығарғанда, міндетті түрде нұсқаның қағазға түсу ерекшелігіне қатысты паспорттық деректерді қамтитын түрлі ақпарат көздерін де бірге беру дәстүрі қолданыла бастауы – бәрі де сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымындағы осы іспеттес жетістіктердің туа бастағанын дәлелдейді. Дегенмен нұсқаның тарихи шындыққа қатысы туралы кейбір тарихи мәліметтердің нақты қайдан алынғаны көрсетілмеуі сол тұстағы ғылымдағы әлі де дәлдіктен гөрі үстірттік, асығыстық басым екендігін айқындаумен бірге, белгілі бір пікірлердің дәлелді болуы үшін келтірілген дерек көздерінің өзінде де кеткен кемшіліктердің, не өзгерту, не бұрмалау т.с.с. түрінде кездесетінін танытады. Сонымен қатар зерттеуші С. Мұқанов та «Едіге туралы» жырдың ең алғаш Қанжығалы руынан шыққан Жұмағұл ақыннан 1841 жылы жазып алған Шоқан Уәлиханов деген дерек бар екенін айта келе, деректе жаңылыс бар екенін, Шоқан 1837 жылы туды дей отырып, демек 1841 жылы Шоқан 4 жаста, ол жаста Шоқанның жазып алуы мүмкін еместігін де қоса көрсеткен [5, 592].

С. Мұқанов «Едіге батырдың» тағы бір қазақша нұсқасын 1925 жылы Ташкентте Ә. Диваев бастырғанын да айтады. Сонымен қатар түркі тілдес елдердің көбінде «Едіге батыр» туралы ертегілер де, жырлар да бар дей отырып, С. Мұқанов олардың ішінде ең толығы да, ең көркемі де «ескі» дәуірден сақталып келе жатқан, «ескі» ауылдың әдет-ғұрпы көп сақталғаны да т.с.с. ол – Шоқан Уәлихановтың жазып қалдырған нұсқасы екендігін айтады. Және де осы нұсқа жинаққа кіргізілгені ескертіледі.

Ал, «Қобыланды батыр» жыры турасында С. Мұқанов: «1) «Едіге батыр» жырында өкпелеген Едігені қайтарып әкелу үшін Тоқтамыс хан 9 батыр жібереді: Соның біреуі – Қобыланды. Егер бұл мәлімет рас болса, Қобыланды XIVғасырдың аяғында, XV ғасырдың басында жасаған адам; 2) Шәкәрімнің «Шежіресі» бойынша Қобыланды Ноғайлы хандығына өкпелеп Әбілқайыр ханнан Арғын ұруын бөліп алып кеткен кісі. Бұл мәлімет рас болса, ол 1456 жылдары шамасы; 3) «Қобыланды батыр» жырында Қобыланды Қазан хандығын Россия шабуылынан қорғауға қатынасады. Бұл рас болса, 1552 жыл» [5, 595], – делінген. «Қобыланды батыр» жырындағы негізгі тұлға Қобыландының тарихта болғандығын дәлелдеу үшін түрлі жер-су аттарын, тіпті шежірені т.с.с. қолдануынан, біз ғалымның жалпы батырлар жырларын қазақ тарихының бір көшірмесі ретінде қарастыру мәселесін, яғни Кеңес үкіметі тұсындағы фольклорды зерттеушілерде, көбінесе батырлық жырды тарихи тұрғыда ғана қарастыру басымдау болғанын айқындайды. Сонымен қатар ғалым: «Қобыланды батыр» жырын татар, қарақалпақ сықылды түркі тілдес елдердің әдебиетінде де кездесетінін; 1917 жылы Беляев деген кісінің қарақалпақ тіліндегі «Қобыланды батыр» жырын жазып алғанын; бұл жырдың аты «Қобыланды» болғанымен, мазмұны қазақтағы «Қобыландыдан» өзгешелеу екендігін; ал татар елінде «Қобыланды» қысқа ғана ертегі түрінде келетінін; жырдың ең көлемдісі де, көркемі де қазақша нұсқасы екендігін т.с.с. жан-жақты саралайды. Сондай-ақ қазақта «Қобыланды батыр» жырының ең соңғы нұсқасын жырлаушы Батыс Қазақстан ақыны Марабай екендігін таныта отырып, осы Марабай нұсқасы 1913 жылы араб әрпінде Орынборда кітап болып басылып шыққаны сөз болады. Ал, екінші бір нұсқасын Түркістан елінен жазып алып, 1925 жылы Ташкентте кітап етіп шығарған белгілі ғалым Ә. Диваев екендігін де т.с.с. сөз етеді. Осы жинаққа сол Ә. Диваев нұсқасы алынғаны да ескертіледі.

«Алпамыс батыр» жыры төңірегінде сөз қозғаған С. Мұқанов жырдың негізгі бейнесі Алпамыс тарихта болған адам ба, болса қай кезде өмір сүрген деген сауалдар қояды да, нақтылы деректің жоқтығын айтады. Одан әрі: Алпамыстың баласы Жәдігердің XIX ғасырдың бас кезінде Россия әскерімен соғысқанын бейнелеген Түркістан елінде «Алатай, Қарақұл» атты поэма бар дей отырып, шығармадағы Алатай – Жәдігердің немере шөбересі екен деген жорамалдың бар екендігін; жырда кездесетін Жиделі-Байсын дейтін мекен қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстан аралығында бар жер екендігін; бұл жыр өзбек әдебиеті мен қарақалпақ әдебиетінде де орын алғанын; қарақалпақ тіліндегі ең толық «Алпамыс батыр» жыры 1937 жылы Мәскеудегі «Гослитиздат» мекемесінен кітап болып басылғанын да ескерткен. Ал, қазақша «Алпамыс батыр» жыры екі рет басылым көргені; біріншісі – 1898 жылы Қазанда, екіншісі – 1925 жылы Ташкентте Ә. Диваев редакциясымен шыққаны сөз болады. Және де жинаққа құрастырушы тарапынан жоғарыда аталған «Алпамыс батыр» жырының екі нұсқасы да біріктіріліп берілгені жазылған.

Жинақтағы төртінші ретпен берілген «Шора батыр» жырына зерттеуші Шора батырдың тарихта болғандығын дәлелдейтін бірнеше деректерді де

келтіреді: «Орыс тарихшысы Карамзин Шораны 1546 жылы Қырым мен Қазан хандығының арасында болған соғыста өлді дейді. Тарихи мәлімет бойынша Шораның Әлкей, Іслам деген інілері 1552 жылы Қазан қаласын Иван Грозный алғанда соғыста өлген» [5, 597], – делінген.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры төңірегінде берілген түсініктемеде С. Мұқанов олардың тарихта болғандығына қатысты дерек жоқ десе де, жырда айтылатын жер-су, ру аттарының: Баян тау, Бағаналы елі, Қарқаралы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» моласы (Аягөз жерінде) т.с.с. қазір де сақталғанын сөз етеді. Ал жырдың қағазға түсу тарихына келгенде: алғашқы нұсқасы академик В.Радлов жинауы арқылы; екінші бір нұсқасы Орталық Қазақстанда XIX ғасырда жасаған ақын Жанақтан алынғаны, 1937 жылы оның жеке кітап болып басылғаны айтылса да, жырды жинаған, кітапты бастырған кім екендігі тағы да көрсетілмейді.

1942 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалында даярланған «Айтыс» жинағының I томының Алматыдағы Қазақстан біріккен мемлекеттік баспасында латын әрпінде басылып шықты. Бұл жинақтың редакциясын белгілі ғалымдар: С. Мұқанов, Е. Смаилов басқарғандары да мәлім. Бұл жинақтың маңыздылығы: біріншіден, қазақ фольклортану ғылымында алғаш рет айтыс нұсқалары біріктіріліп бір жинақты құрады. Екіншіден, кітапта нағыз толық ғылыми түсініктеме болмаса да, соған бағыттама боларлық 6 беттік алғысөз кірістірілген. Үшіншіден, бір фольклорлық үлгінің бірнеше нұсқаларының бір жерге арнайы топтастырылуы тұңғыш жүзеге асты. Демек фольклордың басты ерекшеліктерінің бірі – көп нұсқалылықты, яғни алуан нұсқалылықты зерттеуде, фольклордың ел арасында өмір сүру формасын, ауызекі дамуы, өзгеруі, т.с.с. ерекшеліктерін айқындауда үлкен қадам жасалды. Сегіз бөлімнен тұратын бұл кітапта «Айтыс және ақын» атты алғысөзді С. Мұқанов жазғаны (1940 жылы) ескертілген.

Қорытындылай келе, еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап халқымыздың рухани құндылықтарына, рухани мұрасына айырықша көңіл бөлінуде. С. Мұқановтың фольклорлық мұрасы өз уақытында сол уақыттың шеңберінде зерттелді. Біздің мақсатымыз академик-жазушы С. Мұқановтың фольклорлық мұрасын қайта қарастыру бірнеше бағытта жүзеге асуы тиіс:

Біріншіден, оның жинаған фольклорлық материалдарын жаңа әдістермен талдау қажет.

Екіншіден, кеңестік идеологиялық шектеулерден тыс ғылыми баға беру маңызды.

Үшіншіден, Мұқанов еңбектерін цифрландыру және ғылыми деректер базасына енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Батырлар жыры (Құраст. С. Мұқанов). 1 том. – Алматы: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1939.

2. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар. 2007. – 381 б.

3. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1947. – 233 б.
4. Муканов М.С. Из исторического прошлого (Родословная племен керей и уак) / М.С. Муканов. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 160 с.
5. Батырлар жыры (Құраст. С.Мұқанов). 1 том. – Алматы: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1939. – 601 б.
6. Айтыс (Құраст. С. Мұқанов, Е. Смаилов). I том. – Алматы: ҚБМБ. 1942. – 198 б.

Педагогтың кәсіби қызметінің психологиясы

Жаумитова Венера Кенжугуловна
Venera.70.ru@mail.ru
Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, мемлекеттік тіл кафедрасының аға оқытушысы
Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық аспектілері жан –жақты және жүйелі түрде қарастырылады. Қазіргі білім беру жағдайында оқытушы тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушының тұлғалық дамуына ықпал ететін, оның психологиялық ерекшеліктерін түсінетін және қолдайтын маман ретінде сипатталады. Зерттеу барысында педагог тұлғасының негізгі психологиялық қасиеттері, атап айтқанда эмпатия, коммунактивтік қабілет, төзімділік, жауапкершілік және шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттері талданады. Сонымен қатар педагогикалық іс – әрекеттің құрылымы, оның мотивациялық, когнитивтік, операциялық және рефлексивтік компоненттері қарастырылады. Мақалада педагогикалық қарым-қатынастың рөліне ерекше назар аударылып, оның тиімді ұйымдастырылуы оқыту сапасына тікелей әсер ететіні көрстіледі. Сондай –ақ оқытушының кәсіби құзыреттілігі мен оның құрамдас бөліктері сипатталып, заманауи педагогтың үздіксіз кәсіби дамуының маңыздылығы айқындалады. Бұдан бөлек, педагогтардың эмоционалдық жағдайы, кәсіби күйзеліс (стресс) және эмоционалдық қажу мәселелері талданып, олардың алдын алу жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері педагогтың психологиялық дайындығы білім беру үдерісінің тиімділігін арттырудың негізгі факторларының бірі екенін дәлелдейді.Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімдерді даярлау барысында психологиялық компоненттерге ерекше мән беру қажеттілігі негізделеді.

Негізгі сөздер: педагог, психология, кәсіби қызмет, құзыреттілік, қарым-қатынас, стресс, даму, тұлға.

Аннотация: В данной статье всесторонне рассматриваются психологические аспекты профессиональной деятельности педагога в условиях современной системы образования. Подчеркивается, что учитель выступает не только как носитель знаний, но и как ключевая фигура в формировании личности обучающегося, способная понимать его психологические особенности и оказывать необходимую поддержку. В ходе исследования анализируются основные личностные качества педагога, такие как эмпатия, коммуникативные навыки, стрессоустойчивость, ответственность и креативное мышление. Также раскрывается структура педагогической деятельности, включающая мотивационный, когнитивный, операционный и рефлексивный компоненты. Особое внимание уделяется психологии педагогического общения, так как эффективное взаимодействие между учителем и учащимися напрямую влияет на качество образовательного процесса. В статье рассматриваются виды профессиональной компетентности педагога и их роль в повышении эффективности обучения. Кроме того, освещаются вопросы эмоционального состояния учителя, профессионального стресса и синдрома эмоционального выгорания, а также предлагаются пути их профилактики. Результаты исследования показывают, что психологическая готовность педагога является важнейшим фактором успешной образовательной деятельности. Делается вывод о необходимости усиления психологической подготовки будущих учителей и создания условий для их непрерывного профессионального развития.

Ключевые слова: педагог, психология, профессиональная деятельность, компетентность, общение, стресс, развитие, личность.

Abstract: This article provides a comprehensive analysis of the psychological aspects of a teacher s professional activity within the modern educational system. It emphasizes that a teacher is not only a

transmitter of understanding their psychological characteristics and providing appropriate support. The study examines essential personal qualities of teachers, including empathy, communication skills, resilience, responsibility and creative thinking. In addition, the structure of pedagogical activity is analyzed, highlighting its motivational, cognitive, operational, and reflective components. Special attention is given to the psychology of pedagogical communication, as effective interaction between teachers and students significantly influences the quality of the educational process. The article also explores various types of professional competence and their role in enhancing teaching effectiveness. Furthermore, it addresses issues related to teachers emotional states, including professional stress and burnout, and suggests strategies for their prevention.

The findings psychological readiness is one of the key factors in achieving successful educational outcomes. The study concludes that it is essential to strengthen the psychological training of future teachers and to create conditions for their continuous professional development. Overall, the integration of psychological principles into teaching practice contributes to improving the overall effectiveness of the education system.

Keywords: teacher, psychology, professional activity, competence, communication, stress, development, personality.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог тұлғасының рөлі ерекше маңызға ие, ол білім беру үдерісінің негізгі субъектісі ретінде білім алушының тұлғалық, интеллектуалдық және эмоционалдық дамуына тікелей әсер береді. Себебі қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар айтарлықтай өзгеруде. Педагог тек білім, ақпарат берумен шектелмейді, сонымен қатар білім алушының тұлғалық дамуына ықпал ететін, оның психологиялық жағдайын түсінетін, оның шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыруды көздейтін маман болып табылады[1]. Сондықтан педагогтың кәсіби қызметінің психологиясын зерттеу – білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты, педагогика мен психология ғалымдарының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Педагогтың кәсіби қызметінің психологиясы – бұл оқытушының кәсіби іс-әрекеті барысында қалыптасатын психикалық процестерді, қасиеттерді қарым қатынастарды және мінез құлық ерекшеліктерін зерттейтін көпқырлы ғылым саласы. Тиімді қарым қатынас орнату, психологиялық ерекшеліктерін ескеру, оқу мотивациясын қалыптастыру, қолайлы эмоционалдық орта құру сияқты міндеттерді қамтиды[3]. Осыған байланысты оқытушының кәсіби табыстылығы оның тек пәндік білім деңгейіне ғана емес, сонымен қатар психологиялық даярлығына, тұлғалық қаситтеріне және кәсіби құзыреттілігіне байланысты анықталады.

Педагогикалық психология педагогтың кәсіби іс әрекетіндегі психикалық процестерді, жеке тұлғалық қасиеттерді, қарым- қатынас ерекшеліктерін және эмоционалдық жағдайларын зерттейді. Бұл ғылым саласы мұғалімнің оқыту процесіндегі мінез – құлқын, оқушылармен өзара әрекеттесуін және кәсіби дамуын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Педагогтардың кәсіби күйзелісі, эмоционалдық қажуы сияқты мәселелер де өзекті болыр отыр, бұл өз кезегінде олардың кәсіби тиімділігіне әсер етеді. Бұл жазбада педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық аспектілері жан – жақты қарастырылады. Атап айтқанда, педагог тұлғасының психологиялық ерекшеліктері, педагогикалық іс-

әрекетінің құрылымы, қарым - қатынас психологиясы, кәсіби құзыреттілік, педагогтардың эмоционалдық жағдайы мен кәсіби дамуы мәселелері талданады. Сонымен қатар зерттеу бөлімі арқылы пеадгогтардың психологиялық дайындығының білім беру үдерісіне әсері айқындалады.

Негізгі бөлім

Педагогтың психологиялық ерекшеліктерін айтсақ. Педагогтың кәсіби қызметі оның тұлғалық қасиеттерімен тығыз байланысты. Мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктері оқу үдерісінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Ең маңызды қасиеттерінің бірі эмпатия, яғни оқушының ішкі жан дүниесін түсіну қабілеті. Эмпатиясы жоғары педагог оқушының көңіл –күйін, қажеттілігін сезініп, оған сәйкес әрекет ете алады[2].

Сонымен қатар, педагог үшін коммуникативтік қабілет аса маңызды. Педагог тек ақпарат беруші емес, бастысы сенімді қарым –қатынас орнату, дұрыс сөйлеуі, оқушыны тыңдай білуі, кері байланыс беру сияқты әрекеттерді қамтиды. Төзімділік пен сабырлылық педагогтардың кәсіби қызметіндегі басты шарттардың бірі болып табылады. Алуан мінез-құлықтағы оқушылармен жұмыс істеу барысында педагог эмоциясын басқара білуі тиіс.

Қазіргі педагогқа тән маңызды қасиеттерінің бірі –шығармашылық ойлау. Бұл қасиет сабақтарды қызықты әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жауапкершілік пен кәсіби адалдық педагогтың беделін қалыптастырады.

Педагогикалық іс- әрекеттің психологиялық құрылымына келсек. Педагогтың кәсіби қызметі күрделі жүйе болып табылады және бірнеше психологиялық компоненттерден тұрады. Мотивациялық компонент – педагогтың мамандыққа деген қызығушылығы мен ішкі қажеттіліктерін сипаттайды. Жоғары мотивациясы бар мұғалім өз жұмысын жауапкершілікпен атқарады және үнемі өзін дамытуға ұмтылады[1].

Когнитивтік компонент педагогтың білім деңгейін, ойлау қабілетін және ақпаратты меңгеруін қамтиды. Бұл компонентке пәндік білім, әдістемелік дайындық және педагогикалық ойлау жатады. Операциялық компонент – педагогтың нақты іс-әрекетін білдіреді. Бұл сабақ өткізу, оқыту әдістерін қолдану, білімді бағалау сияқты практикалық дағдыларды қамтиды.

Рефлексивтік компонент педагогтың өз қызметін талдау, қателіктерін анықтау және оларды түзету қабілетімен байланысты. Рефлексивтік компонент педагогтардың кәсіби дамуының негізгі тетігі.

Педагогикалық қарым – қатынас – мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттесу жүйесі. Ол тек ақпарат алмасу емес, эмоциялық және тұлғалық байланыс орнату үдерісі. Қарым - қатынас барысында педагог: оқушыны ынталандырады, оның өзін - өзі бағалауына әсер етеді, оқу мотивациясын қалыптастырады. Қарым – қатынас стильдері педагогикалық үдерісте маңызды рөл атқарады. [5]. Авторитарлық стиль – қатаң тәртіпке негізделген, бірақ оқушы белсенділігін төмендетеді. Либералдық стиль – еркіндік береді, бірақ бақылау әлсіз. Демократиялық стиль – ең тиімді, себебі өзара құрмет пен

ынтымақтастыққа негізделген. Демократиялық стиль қолданылған жағдайда оқушылар еркін пікір білдіреді, сабаққа белсенді қатысады, өзін қауіпсіз сезінеді.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі –оның білім, дағды және тәжірибесінің жиынтығы. Бұл ұғым қазіргі білім беру жүйесінде ерекше мәнге ие. Негізгі құзыреттіліктерді атап өтейін. Пәндік құзыреттілік –өз пәнін терең меңгеру. Психологиялық - педагогикалық құзыреттілік –білім алушылардың жас ерекшеліктерін түсіну. Әдістемелік құзыреттілік –тиімді оқыту әдіс- тәсілдерді қолдану. Коммуникативтік құзыреттілік - қарым-қатынас орнату қабілеті. Педагогтар үшін цифрлық құзыреттілік те маңызды. Бұл онлайн платформаларды, интерактивті құралдарды қолдануды қамтиды[3].

Педагогикалық қызмет эмоционалдық тұрғыдан күрделі болып табылады. Мұғалімдер жиі стресс пен эмоционалдық қажуды бастан кешіреді, сондықтан өз эмоциясын басқара алу керек, стресске төзімді болу керек. Кәсіби күйзелістің негізгі себептері деп мыналарды айта аламыз. Жұмыс жүктемесінің көптігі, жауапкершіліктің жоғары болуы, ата-аналармен қарым -қатынастың қиындығы, уақыт тапшылығы. Эмоционалдық қажудың мынадай белгілері бар:шаршау, жұмысқа деген қызығушылықтың төмендеуі, ашушаңдық [4]. Бұл жағдайларды болдырмау үшін демалыс режимін барынша сақтау керек, психологиялық тренингтерге барып, өзін сабырлыққа шақыру, ұжыммен байланыста болып, кәсіби қолдауды қабылдау болып табылады.

Ең өзектісі болып кәсіби дамуды айтамыз. Қазіргі педагогтар үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруы керек. Кәсіби даму үздіксіз процесс. Кәсіби дамудың негізгі бағыттарына тоқталсақ:

- Үнемі өз біліктілігін жетілдіру курстарына қатысу (онлайн, офлайн, ақылы, ақысыз, өзара тәжірибе алмасу да үлкен көмек).
- Жаңа технологияларды меңгеру (түрлі оқыту әдістері, жасанды интелектті қолдану, өнертапқыштық бағытты дамыту, компьютерлік жаңашылдықты қолдану).
- Тәжірибе алмасу алдымен өз ұжымында басталады, сабақтарға кіріп үйрену, түрлі сайыс, жарыстарға барып үйрену.
- Ғылыми –зерттеу жұмыстарына қатысу (өнертапқыштық, модельдеу, эксперимент жүргізу, салыстыру, жүйелеу).

Өзін –өзі дамыту арқылы педагог кәсіби деңгейін арттырады, жаңа әдістерді меңгереді, білім беру сапасын жақсартады, нәтиже болады.

Шағын ұжым мүшелерімен зерттеу жұмысын жүргізіп, педагогтардың кәсіби қызметіндегі психологиялық факторлардың оқу үдерісінің тиімділгіне әсерін анықтадым. Зерттеу барысында сандық және сапалық әдістер қолданылды. Атап өтсек: сауалнама, бақылау, сұхбат. Педагогтардың еңбек өтілі әртүрлі, 1 жылдан 35 жыл аралықты қамтиды. Нәтижеге келсек, педагогтардың кәсіби қызметіндегі негізгі психологиялық факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Қатысқандардың 82 % педагогикалық қызметте эмпатияның маңызды рөл атқаратынын атап өтті. 76 % қатысушы коммуникативтік дағдылар сабақтың тиімділігін арттыратынын көрсетті. 68 % педагог кәсіби күйзелісті жиі сезінетінін айтты. Педагогтардың 54 %-да эмоционалдық қажу белгілері

байқалды. 71 % педагог кәсіби дамуға бағытталған курстарға қатысқан кезде олардың жұмыс тиімділігі артатынын атап өтті. Тәжірибе бойынша салыстырмалы талдауға келсек. Педагогтардың еңбек өтілі бойынша үш топқа бөліп талдау жүргізілді.

1. 1-5 жыл тәжірибесі бар оқытушылар кәсіби қиындықтарға жиі тап болады, эмоционалдық тұрақтылығы төмендеу, бірақ жаңа әдіс -тәсілдерді тез меңгеріп, кеңінен қолданады.
2. 5-15 жыл тәжірибесі бар мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, қарым - қатынас дағдылары жақсы қалыптасқан, стресс деңгейі орташа.
3. 15 жылдан жоғары тәжірибесі бар педагогтардың эмоционалдық тұрақтылығы жоғары, тәжірибесі мол, кей жағдайда кәсіби күйзеліс байқалады.

Сабақ барысында жүргізілген бақылау нәтижесінде педагогтың жағымды қарым –қатынасы білім алушылардың белсенділігін 30-40% пайызға арттырды, эмоционалды тұрақты педагогтардың сабақтарында тәртіп деңгейі жоғары болды, демократиялық стиль қолданылған ортада білім алушылардың қатысуы белсенді болды. Бұл зерттеулер педагогтардың психологиялық дайындығы оқу үдерісінің тиімділігіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Әсіресе, эмпатия, коммуникативтік дағдылар, эмоционалдық тұрақтылық оқыту сапасының көрсеткші. Ал кәсіби күйзелістің бар екендігі педагогтарға психологиялық қолдау мен дамыту шараларының қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырылған мәселелер педагогтың кәсіби қызметінің психологиясы кешенді және көпқырлы екенін көрсетеді. Мұғалімнің тұлғалық қасиеттері, кәсіби құзыреттілігі және эмоционалдық жағдайы оқу үдерісінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Педагогтың кәсіби қызметінің психологиясы – білім беру жүйесінің тиімділігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылатыны анық. Зерттеу барысында педагог тұлғасының психологиялық ерекшеліктері, кәсіби құзыреттілігі, педагогикалық қарым –қатынас мәдениеті, эмоционалдық жағдайы және кәсіби даму бағыттары жан- жақты қарастырылды. Бұл фактордың барлығы өзара тығыз байланыста болып, оқу үдерісінің сапасына тікелей әсер ететіні анықталды.

Педагогтың тұлғалық қасиеттері, әсіресе эмпатия коммуникативтік қабілет, жауапкершілік және шығармашылық ойлау, білім алушылармен тиімді қарым – қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай қасиеттері қалыптасқан педагог оқу барысында қолайлы психологиялық орта құрып, білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыра алады. Сонымен қатар, педагогтың кәсіби құзыреттілігі, оның ішінде пәндік, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық білімдері, оқыту процесінің сапалы ұйымдастырылуына негіз болады.

Зерттеу нәтижелері педагогтардың психологиялық дайындығы мен эмоционалдық тұрақтылығы оқу нәтижесіне айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Әсіресе, педагогтың кәсіби күйзелісі мен эмоционалдық қажуы оның жұмыс тиімділігін төмендететініні белгілі болды. Осыған орай педагогтарды

психологиялық қолдау, кәсіби күйзелістің алдын алу және жұмыс жағдайларын жақсарту мәселелері өзекті болып табылады.

Қазіргі білім беру жағдайында педагогтың кәсіби дамуы үздіксіз сипатқа ие болуы тиіс. Мұғалім жаңа технологияларды меңгеріп, инновациялық әдістерді қолдану арқылы өз қызметінің сапасын арттыра алады. Цифрлық құзыреттіліктің маңызы артып отырған кезеңде педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана білуі маңызды. Жалпы алғанда, педагогтың кәсіби қызметінің психологиясын дамыту – білім беру сапасын арттырудың негізгі жолдарының бірі. Сондықтан педагогтарды даярлау жүйесінде психологиялық білім мен дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі қажет [5]. Бұл өз кезеңінде заманауи талаптарға сай, бәсекеге қабілетті, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дамыған педагогтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Асанов,Б.Ж. Педагогика және психология негіздері:оқу құралы. – Алматы:Білім, 2020.-320б.
2. Ахметова,Г.С. Педагогикалық психология. – Алматы:Ғылым, 2019.-245б.
3. Мусин,Т.К. Мұғалімнің кәсіби дамуы. – Алматы: Ұшқын, 2017.-288б.
4. Петров,С.И. Психология педагога. – СПб: Питер, 2020.-304б.
5. Зимняя,И.А. Педагогическая психология. – М: Логос, 2010.-384б.

Р.Р. Зинурова
(ИИЯЛ УФИЦ РАН, Уфа)

СОЗДАНИЕ СЕМЬИ В БОГАТЫРСКИХ СКАЗКАХ: СПЕЦИФИКА МОТИВА ВЫБОРА ЖЕНИХА/МУЖА.

Богатырские сказки – особый пласт башкирского фольклора, сочетающий героические подвиги и бытовые сюжеты. Одной из ключевых тем в них выступает создание семьи, которое неразрывно связано с мотивом выбора жениха или невесты. Цель статьи — проанализировать, как эти темы переплетаются, какие модели выбора представлены и какую роль они играют в структуре и смысле богатырских сказок.

Одним из важных моментов брачных отношений у башкир, как и у других народов, является выбор мужа/жены, который определял и определяет в дальнейшем совместную жизнь мужчины с женщиной. Раньше в традиционном быту народа кандидатура будущей невестки или зятя подробно, с учетом всех особенностей (состоятельность, члены семьи, родственники, личность жениха, его здоровье и т.п.) обсуждалась сначала в семейном кругу, а затем с близкими родственниками. Большинство браков заключалось по сватовству (калымный брак) между молодыми, которые не были обручены в детстве. В традиции башкир нередко практиковались и браки отработкой, обменный, колыбельный, путем умыкания, левират и сорорат, а также при заключении браков у башкир действовали экзогамные и эндогамные ограничения.

Исследователи придерживаются различных точек зрения о праве невесты на выбор жениха: одни полагают, что все зависело от произвола родителей, когда согласия невесты не требовалось, другие считают, что неотменно учитывалось соизволение детей, особенно женского пола. На деле же девушка, давая согласие, нередко могла выйти замуж и против своей воли, например, из-за вероятности, что в следующий раз это уже будет не столь выгодное предложение (в материальном плане) или из-за боязни, что к ней и вовсе могут больше не посвататься. Тема брачного союза нашла отражение в фольклоре многих народов, в том числе у башкир, определив мотивацию поступков героя и движения текста.

По мнению Г.Р. Хусаиновой “мотив выбора жениха/невесты в башкирском фольклоре” исследован с точки зрения оценочной семантики известным башкирским ученым-фольклористом Ф.А. Надршиной. Исследователь, проанализировав произведения разных жанров башкирского народного творчества, таких как эпос, сказка, пословицы, песни, пришла к выводу, что в установлении семейно-брачных отношений идеальными качествами жениха/егета считались физическая сила, ум, благородство и т.д [9, с. 1078], [5, с.19-28].

Обращаясь к данной теме, Г.Р. Хусаинова на материале башкирской волшебной и богатырской сказки рассматривает какие виды мотива выбора имеют место в изучаемых жанрах и как они ведут себя в сюжетообразовании.

При изучении проблемы взаимодействия эпоса и сказок башкир, она также отметила, что мотив выбора дороги, мотив выбора жениха, мотив выбора коня являются общими для названных жанров [9, с. 1078-1079], [9, с. 106-111].

Мотив выбора жениха в башкирских богатырских сказках встречается в двух видах: 1. выбор жениха для дочери принадлежит отцу; 2. самой девушке/женщине-богатырше.

В феодальную эпоху брак по воле старших был обычным явлением. Инициатором его выступал чаще всего отец девушки (царевны). Женщина до замужества принадлежала мужчинам своей семьи, и поэтому ее воля в выборе брачного партнера не учитывалась.

В эпоху патриархата возник, а в период феодализма закрепился мотив одаривания героя невестой как некоей ценностью, что нашло отражение в народной сказке. Девушку могли дарить старшие представители ее рода по разным причинам, невеста могла быть отдана герою родителями или другими представителями ее рода добровольно или по принуждению. В богатырских сказках довольно распространен мотив невесты как награды за спасение ее героем. Например, за батыра, который спас девушку от аждахи: *“... – Ҡайҙалыр бер батшалыҡта батша ҡыҙын аждаһа ашарға тейеш икән. Кем дә кем ҡыҙ ҙы аждаһанан һаҡлап алып ҡала, ҡыҙ шуныҡы икән”* [2, с. 64] *(“...В некотором царстве аждаха должен съесть царевну. Если кто сможет защитить ее от аждахи, тот станет ее мужем”)* [1, с. 106]; *“... Дейеү көн дә бер ҡыҙҙы биреп торабыҙ. Бөгөн нәүбәт батшаның берҙән-бер ҡыҙына килеп етте. Ҡыҙын ҡотҡарып ҡалған кешегә батша ҙур бүләк вәғәҙә итә”.* [2, с. 75] *(“... Дэв каждую ночь прилетал и, получив свою жертву, улетал. Сегодня дошла очередь до единственной дочери царя. Царь обещает большую награду тому, кто спасет ее”* [1, с. 119]; *“... – Был аждаһаны кем үлтерҙе? Башты бында кем ҡуйҙы? Әйтәгеҙ, шуға ҡыҙымды бирәм! – тип ҡысҡырҙы, ти, батша”* [2, с. 98] *(“... Когда все собрались, царь сказал: – Кто убил этого аждаху? Кто положил сюда голову? Сознавайтесь, за него выдам свою дочь!”)* [1, с. 151]. Данный пример из сказки сохранил мифологические мотивы о чудовищах-людоедах, которым жертвовали девушек и обнаруживает аналогии с греческими, египетскими сюжетами.

Испытательного характера задания жениху в сказке могут быть разнообразными, но все они сводятся к тому, что он должен доказать свое превосходство над другими претендентами на руку и сердце невесты. В тех сюжетах, где несколько женихов, задания носят соревновательный характер. Например, отец выдает дочь замуж: за самого быстрого гонца: *“Өйҙә ҡылысымды онотоп ҡалдырғанмын. Кем дә кем шуны өс көндә килтереп еткерә, шуға ҡыҙымды бирәмен! – ти.”* [3, с. 442] *(“ – Я забыл дома свою саблю. Если кто в три дня доставит ее сюда, за того я отдам свою дочь”)* [1, с. 352]; *“... Батша кейәү булырға теләүсе егеттәргә шарт ҡуйған, ти: кейәү булырға теләүсе кеше бер төн эсендә бик алыҫтағы һарайҙа йәшәүсе ҡыҙынан*

алтын яҙыулы хат алып килеп тапшырырға тейеш…” [2, с. 245] *(“Всем егетам поставил одно условие: кто хочет стать супругом царевны, тот должен за ночь доставить от нее, находящейся во дворце за тредевять земель, письмо, написанное с золотыми буквами…”)* [1, с. 340]; за победителя в состязаниях стрелков или борцов: *“ – Унда, улым, беҙҙең хан кейәү һайлай, йөҙөк аша уҡ аттыра. Йөҙөк аша алған кешегә ҡыҙын бирә, үткәрә алмаһа, башын ҡырҡалар”* [2, с. 152] *(“…Там, сынок, наш царь выбирает себе зятя. Заставляет женихов стрелять с большого расстояния и в кольцо…”)* [1, с. 190]; *“…Ҡараһа, был ауылда ла йыйын бара. Кем көмөш балдаҡ аша уҡ менән ата ала, шул кешегә батша ҡыҙын бирә; кем ата алмай, батша шуның башын киҫә икән.”* [3, с. 288] *(“…И в этом ауле собрание: царь обещает выдать свою дочь за того человека, который прострелит наскозь серебрянный перстень, а если кто не сумеет прострелить его, тому царь отрубит голову”* [1, с. 244]. Мотивы и формы испытания в сказочном фольклоре разнообразны. Анализируя их, В.Я. Пропп отмечает, что “…задачи задаются с целью испытания жениха” [6, с. 304]. В контексте противостояний проясняется семантика и замысел жестоких и жестких, имеющих инициационный (переходный) характер испытаний, налагаемых чужеродцу.

В эпоху становления материнского рода активность в выборе жениха проявляла невеста и она самостоятельно выбирала себе мужа, без помощи отца: *“… Әгәр ҙә көрәштә миңә ҡаршы сыға алған батыр булһа, мин шул батырға кейәүгә сығам, батшалығымды шул кеше ҡулына бирәм”, – тип әйткән, ти, ҡыҙ батша”* [3, с. 73] *“Если кто-нибудь из батыров в единоборстве осилит меня, я выйду за него замуж и подарю ему все царство”. Она была не только самой смелой воительницей, но и несравненной красавицей”.* [1, с. 91]. С разных сторон приезжали батыры, чтобы получить себе в жены царицу, но она всех убивала. Только Акъялу батыру удается победить богатырскую деву: *“Ҡыҙ батыр Аҡъялды ла баяғы егеттәрҙе ырғытҡан һымаҡ ҡына алып ырғытырға ынтылғайны ла, – булдыра алманы, ти. Аҡъял батыр ҡыҙ батшаны, биленән шундай ҡаты итеп ҡыҫып алып, һауаға сөйөп ебәрҙе лә, төшөп килгәнендә, ҡабат тотоп алып, ике беләгенә һалып күтәреп алып барып, майҙан ситендәге затлы урындығына иплəп кенә ултыртты, ти.* [3, с. 74] *”И началась схватка. Богатырка пыталась подбросить Акъяла и сильно ударить его оземь, но это не удалось. Акъял крепко схватил ее за пояс, оторвал от земли и взметнул вверх. А когда она стала падать, не дал ей удариться о землю и подхватил на руки”* [1, с. 92]. По мнению известного башкирского исследователя А.Н. Киреева, этот древний мотив предбрачного единоборства “является отражением длительной борьбы между матриархатом и патриархатом” [4, с. 97-100].

Однако такое прочтение было бы односторонним, если не учесть мифоритуальную основу силовых поединков разных полов. Сила, по мнению Р.А. Султангареевой, выступает как самостоятельная культовая субстанция,

становится основным условием права первенства в эпоху противостояния фратрий. Также наблюдаются архаичные истоки эпохи андрогинов и амазонок, отстаивающих свою безопасность в жестоких борцовских схватках с богатырями [8, с. 14]. В традициях 19 века у башкир в игровой форме бытовала еще борьба куреш между женщинами. В этой форме борьбы свидетельствуются архаичные замыслы, связанные не столько с формациями, а культовыми представлениями об усилении, активации производительных сил природы.

В рамках жанровой традиции богатырских сказок образ жениха наделяется рядом выдающихся качеств — могучей силой, удалью и мудростью. Получение права на брак с красавицей знатного рода или дочерью правителя обусловлено обязательным прохождением претендентом серии жестоких и, на первый взгляд, невыполнимых испытаний. Успешное преодоление этих препятствий не только легитимизирует выбор жениха, но и знаменует его переход на новый социальный статус.

Символическое значение испытаний бога́тыря-жениха выходит за рамки личного достижения: они выступают гарантом безопасности рода и государства, которым герой впоследствии будет служить или управлять.

В башкирских богатырских сказках мотив выбора жениха выполняет важную идеологическую функцию — он закрепляет представление о необходимости утверждения власти сильного и достойного продолжателя рода. Процесс обретения достойной пары и создания семьи в таких текстах неразрывно связан с прохождением героем испытаний переходного характера, выступающих как инициационный ритуал.

Литература

1. Башкирское народное творчество. Т.3: Богатырские сказки. Уфа: Башк. кн. изд-во, 1988.
2. Башкирское народное творчество. Сказки. Книга третья (на башкирском языке) / Сост. Н.Т. Зарипов, М.Х. Мингажетдинов, вступ. ст. М.Х. Мингажетдинов, коммент. Лев Бараг и М.Х. Мингажетдинов; ответ. ред. А.И. Харисов и Г.Б. Хусаинов. Уфа: Башк. кн. изд-во, 1978.
3. Йәшәгән, ти, батырҙар. Башҡорт халыҡ әкиәттәре. Өфө: Башҡортостан китап нәшриәте, 1990. 536 б.
4. Зинурова Р.Р. Отражение обрядов инициаций в башкирских богатырских сказках // I Сибирский форум фольклористов: Тезисы. Новосибирск: Академиздат, 2016.
5. Мамин-Сибиряк Д.Н. Юммя // Башкирия в русской литературе. 2 том. / Д.Н. Мамин-Сибиряк. Уфа 1990. С. 201-207.
6. Надршина Ф.А. Отражение брачных отношений в башкирском фольклоре: мотив выбора жениха // Духовная культура народов России: Материалы заочной Всероссийской научной конференции, приуроченной 75-летию доктора филологических наук Ф.А. Надршиной / Отв. ред. Ф.А. Надршина. Уфа: АН РБ, Гилем, 2011. С. 19-28.
7. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. Л.: Наука, 1986.
8. Султангареева Р.А. Башкирский народный курэш. Уфа, Китап, 2009.
9. Хусаинова Г.Р. Башкирская народная сказка и эпос: к проблеме взаимодействия жанров // Вестник Башкирского университета, 2010. Т. 15. №3 (1). Филология и искусствоведение. С. 1078-1079.

10. Хусаинова Г.Р. Башкирские волшебные сказки: поэтика и текстология. Уфа: Гилем, Башк. энцикл., 2014. 216 с.

11. Хусаинова Г. Р. Общие места в эпосах и сказках // Актуальные проблемы башкирского эпосоведения: Материалы международного научного конференция. Уфа: Гилем, 2003. С. 106-111.

ӘӨЖ 821.512.122.09

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ҰЛТ ТАҒДЫРЫ МЕН БОСТАНДЫҚ ИДЕЯСЫ

Кадыров Жанбай Тұраруұлы
zhkadyrov_777@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры
(Петропавл, Қазақстан)

Нұрпейіс Назерке Нұрбайқызы
nurpeiisnazerke@gmail.com
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, филология мамандығының 2 курс магистранты
(Петропавл, Қазақстан)

Булекпасова Багдат Шакимовна
bagdat _bulekpasova@mail.ru
Астана қаласы «112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аңдатпа: Бұл мақалада Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы ұлт тағдыры мен бостандық идеясының көркемдік және идеялық жүйесі қарастырылады. Зерттеу барысында ақын поэзиясындағы азаттық мұраты, ұлттық рух, тарихи жад, түрікшілдік таным, романтикалық серпін және символдық бейнелеу ерекшеліктері талданды. Мақаланың негізгі бағыты Мағжан шығармаларындағы ұлт болашағына алаңдау, отарлық қысымға қарсылық, елдік сана мен еркіндікке ұмтылыс идеяларының поэтикалық көрінісін ашуға құрылды. Әдебиеттерді жүйелі талдау нәтижесінде Мағжан поэзиясында бостандық ұғымы саяси ғана емес, рухани, мәдени және өркениеттік кеңістікте көрінетіні анықталды. Сонымен бірге ақынның «Мен жастарға сенемін», «Түркістан», «Батыр Баян», «Жел», «От» сияқты шығармаларындағы бейнелер мен көркемдік тәсілдер арқылы ұлт азаттығы идеясы терең берілгені нақты мысалдармен негізделді.

Кілт сөздер: Мағжан Жұмабаев, ұлт тағдыры, бостандық идеясы, азаттық, ұлттық рух, Алаш идеясы, романтизм, символизм, поэзия, тарихи жад.

Қазақ әдебиетінде ұлттың тарихи тағдыры мен бостандық мұратын ең терең жырлаған тұлғалардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Оның шығармалары тек көркем поэзия үлгісі ғана емес, қазақ халқының XX ғасыр басындағы рухани күйін, елдік аңсарын, тарихи уайымын және азаттыққа ұмтылған санасын танытатын ұлттық мәтіндер жүйесі болып табылады. Мағжан поэзиясын оқу – бір ақынның ішкі сезім әлеміне үңілу ғана емес, бодандық дәуірдегі ұлттың жан дүниесін тану. Сондықтан ақын мұрасындағы бостандық идеясы тек саяси тәуелсіздік туралы ұрандық ұғыммен шектелмейді. Ол тіл, жер, елдік жад, түркілік бірлік, жас ұрпаққа үміт, рух еркіндігі және тарихи жауапкершілік секілді ұғымдармен тұтасып жатады.

Мағжан шығармашылығын бүгінгі әдебиеттану тұрғысынан қайта қараудың маңызы зор. Өйткені қазіргі тәуелсіздік кезеңінде оның поэзиясындағы ұлт азаттығы туралы ойлар жаңа мазмұнда қабылданады. Ақын поэзиясындағы елдік мүдде, тарихи жадыны ояту, әлсіреген рухты серпілту, болашаққа сенім ұялату секілді тақырыптар бүгінгі ұлттық санамен тығыз сабақтасады. Осы мақалада Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы ұлт тағдыры мен бостандық идеясының көріну ерекшеліктері, оны жеткізудегі көркемдік құралдар және қазіргі әдеби-танымдық маңызы талданады. Зерттеу нысаны ретінде Мағжан Жұмабаевтың поэзиялық мұрасы алынса, зерттеу пәні ретінде сол мұрадағы ұлт тағдыры мен бостандық идеясын танытатын идеялық-көркемдік жүйе қарастырылады.

Жұмыс ИМРАД қағидатына негізделіп жазылды. Зерттеуде әдеби-теориялық талдау, мәтіндік интерпретация, салыстырмалы талдау және поэтикалық жүйелеу әдістері қолданылды. Негізгі бөлімде 2022 жылдан бергі қазақ авторларының алты дереккөзі ретімен талданып, олардың тұжырымдары Мағжан шығармаларынан алынған нақты үзінділермен ұштастырылды. Әдебиеттердің барлығы қазақ зерттеушілеріне тиесілі және ақын поэзиясындағы ұлттық романтизм, тәуелсіздік идеясы, көркемдік жүйе, патриоттық таным және поэтикалық құрылым мәселелерін әр қырынан ашуға мүмкіндік береді.

Мағжан поэзиясындағы ұлт тағдырын түсіндіруде Ерлан Жиенбаев пен Кенан Семиздің ұлттық романтизмге арналған зерттеуі маңызды тұғыр береді. «Сравнение темы национального романтизма в стихах Магжана Жумабаева с произведениями турецких поэтов» атты еңбекте авторлар Мағжан шығармаларында ұлттық рух пен еркіндік аңсары романтикалық пафоспен берілетінін атап көрсетіп, ақын поэзиясының басты өзегі ретінде ұлттық бірлік пен тарихи мұратты таниды [1, 190]. Зерттеуде Мағжан шығармаларына тән романтикалық серпіннің тек эмоциялық әсер үшін емес, халық санасын оятатын идеялық құрал екені көрсетілген [1, 198]. Бұл тұжырымды ақынның «Мен жастарға сенемін» өлеңінен анық көруге болады. «Арыстандай айбатты, / Жолбарыстай қайратты, / Қырандай күшті қанатты – / Мен жастарға сенемін!» деген жолдарда болашақ ұрпаққа артылған үміт жеке адамның қуанышы емес, тұтас ұлттың азат келешегіне сенім ретінде танылады. Мұнда бостандық идеясы тікелей айтылмаса да, азат ел құра алатын рухты буынның бейнесі жасалады. Демек, Мағжан романтизмі – шындықтан қашу емес, ұлттық еркіндікке жұмылдырудың поэтикалық тілі.

Тәуелсіздік ұғымының ақын шығармаларында қалай өрілетінін Мөлдір Серікбайқызы Жұмбекованың «Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы» атты магистрлік диссертациясы тереңірек ашады. Бұл еңбекте ақын поэзиясындағы азаттық ұғымы тарихи жады, отаншылдық және ұлтшылдық сезіммен сабақтас қарастырылып, Мағжан мұрасында тәуелсіздік идеясының кең ауқымда көрінетіні дәлелденеді [2, 27-28]. Зерттеуші ақынның азаматтық лирикасында халқына деген «шын берілген ұлтшылдығы, отансүйгіштігі» айқын көрінетінін жазады [2, 28]. Бұл пікірді «Түркістан»

өлеңіндегі: «Түркістан – екі дүние есігі ғой, / Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген атақты жолдар толық дәлелдейді. Бұл жерде Мағжан жеке географиялық кеңістікті емес, тұтас тарихи-өркениеттік мекенді сөйлетеді. Түркістан бейнесі арқылы ол ұлттың өткені мен келешегін бір арнаға тоғыстырады. Бостандық идеясы осында тарихи тамырды қайта тірілту арқылы көрінеді: еркіндік – жадыдан басталады, ал жады жоғалған жерде елдік мұрат та әлсірейді.

Мағжан поэзиясының ұлттық рухын аударма мен қабылдау аясында қарастырған Айнұр Алпысбаева, Салтанат Ашимханова және Мерей Бурибаеваның 2024 жылғы еңбегі де назар аударарлық. «Лаборатория переводчика или история перевода поэзии М. Жумабаева на английский язык» атты мақалада авторлар Мағжан поэзиясының әлемдік кеңістікке шығуы ұлттық әдебиеттің рухани аясын кеңейтетінін көрсетеді. Зерттеуде ақын жырларын шет тіліне аудару тәжірибесі арқылы оның поэтикалық күрделілігі мен ұлттық мазмұнының құндылығы айқындалатыны аталады [3, 240-241]. Мұның өзі Мағжан шығармаларындағы ұлт тағдыры мәселесінің тек жергілікті емес, жалпыадамзаттық сипат ала алатынын аңғартады. Ақынның «Мен кім?» өлеңіндегі «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?» деген асқақ пафос жеке меннің пафосы емес, бодан халықтың ішкі рухын көтеретін көркемдік стратегия. Мағжан «мен» арқылы «ұлтты» сөйлетеді. Сондықтан оның лирикалық кейіпкері дара адамнан гөрі тарихи күй кешіп тұрған қауымның поэтикалық бейнесіне жақын.

Ұлттық рух пен азаттық идеясының тәрбиелік қуатын С.Н. Шаукерованың «Мағжан Жұмабаев пен Максим Горький шығармалары – патриоттық тәрбиенің қайнар көзі» атты мақаласы басқа қырынан ашады. Бұл еңбекте Мағжан шығармаларының патриоттық тәрбиеге ықпалы, оның халықтық рухты ояту қызметі арнайы талданады. Зерттеуші ақынның шығармаларында ел мен жерге сүйіспеншілік, ұлттық намыс және тарихи жауапкершілік сезімі көркем образдар арқылы тәрбиелік мазмұн алатынын көрсетеді [4]. Бұл пікірді «Сүйемін» өлеңінен нақты байқауға болады: «Сүйемін туған тілді – анам тілін» деген жолдар Мағжан үшін ұлт тағдыры ең әуелі тіл тағдырымен бірлікте қаралатынын аңғартады. Ақынның бостандық туралы түсінігі тек мемлекеттік еркіндікке емес, рухани дербестікке негізделеді. Тілден айырылған елдің еркіндігі де әлсіз болмақ деген астар осы секілді жолдардан анық сезіледі. Сондықтан Мағжан мұрасындағы азаттық ұғымы тіл, мәдениет және рух тәуелсіздігімен бірге жүреді.

Мағжан поэзиясының ішкі көркемдік қуатын көрсететін зерттеулердің бірі – Ж.С. Кулибекова мен Д.С. Аяғанның «Мағжан өлеңдеріндегі қайталаулардың көркемдік мәні» атты мақаласы. Авторлар ақын поэзиясындағы дыбыстық, сөздік және грамматикалық қайталаулардың жай стильдік өрнек емес, өлеңнің эмоциялық және идеялық салмағын күшейтетін тәсіл екенін дәлелдейді [5, 218]. Зерттеуде қайталаулардың поэтикалық ойды тереңдетіп, образдың ішкі серпінін арттыратыны көрсетілген [5, 223]. Бұл пікірді «Жер жүзін топан басса екен, / Жер жүзіне от шашса екен» секілді өлең жолдарындағы екпіннен байқауға болады. Мағжанның қайталау тәсілі кейде

бостандыққа ұмтылған рухтың бұлқынысын, кейде ұлттық қасіреттің салмағын, кейде ішкі толқудың қарқынын береді. Демек, ұлт тағдыры идеясы ақын шығармаларында тек мазмұн арқылы ғана емес, дыбыстық және синтаксистік құрылым арқылы да іске асады.

Мағжан поэзиясындағы символдық бейнелердің ұлт тағдырымен байланысын Г.С. Хамзина мен Ж.С. Таласпаева «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы «Жел» концептісі» атты зерттеуінде ашады. Бұл мақалада «жел» бейнесі ақын поэзиясында еркіндік, қозғалыс, тылсым қуат және ішкі серпіннің көрінісі ретінде сипатталады [6, 170]. Авторлар жел образын тек табиғат құбылысы емес, ақындық дүниетанымның белсенді символы ретінде қарастырады [6, 173]. Бұл тұжырым «Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген» деген жолдың мәнін кеңейтеді. Ақын өзін «желге» балау арқылы еркіндікке, шекарасыз қозғалысқа, бодандыққа көнбейтін рухқа теңейді. Сол сияқты «От» бейнесі де Мағжан поэзиясында ұлт намысы мен жігерінің символы ретінде көрінеді. «От» – өшпейтін рухтың, «жел» – тоқтамайтын қозғалыстың, «күн» – азат келешектің белгісі. Осы символдар жүйесі арқылы ақын бостандық идеясын декларациясыз, көркемдік тереңдікпен жеткізеді.

Жоғарыда талданған әдебиеттерді жинақтай қарағанда, Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы ұлт тағдыры мен бостандық идеясы бірнеше деңгейде көрінеді. Бірінші деңгей – тарихи. Мұнда ақын елдің өткенін еске түсіріп, жоғалған еркіндіктің себебін іздейді. Ол тарихты жай баяндап қоймайды, оны ұлттық сананы оятатын рухани құралға айналдырады. Мағжан поэзиясында өткен заманның даңқты тұстары да, қайғылы беттері де қатар көрінеді. Бұл әсіресе «Батыр Баян» поэмасында анық байқалады. Поэмадағы оқиғалар белгілі бір тарихи кезеңмен байланысты болғанымен, шығарма тек жоңғар шапқыншылығы дәуіріндегі батырлар өмірін суреттеумен шектелмейді. Онда ел намысы, жер тағдыры, еркіндік үшін күрес, жеке сезім мен қоғамдық борыштың қақтығысы көркемдік тереңдікпен бейнеленеді. Баян бейнесі арқылы ақын батырлықты жеке ерлік ретінде емес, ұлттың өмір сүру құқығы үшін жасалатын рухани таңдау ретінде көрсетеді. Оның қасіреті де, қаһармандығы да ел тағдырымен бірге өріледі. Сондықтан поэмадағы ерлік сарыны тек эпикалық биіктік емес, азаттықтың құнын ұғындыратын көркемдік арнаға айналады. Мағжан тарихты мадақ үшін емес, сабақ үшін жырлайды. Өткеннің асқақ бейнелерін тірілту арқылы ол бүгінгі әлсіреген сананы серпілтуді, бодандық жағдайындағы ұлт рухын қайрауды көздейді.

Екінші деңгей – рухани. Мұнда ақын тіл, діл, түркілік сана, мәдени жад арқылы ұлтты ішкі күйреуден сақтауға тырысады. Мағжан үшін ұлттың тағдыры тек жер мен саяси билікке тірелмейді, ол ең алдымен рухқа, тілге, есте сақталған тарихи санаға байланысты. Егер халық өз тілінен, өз сөзінің қасиетінен, өз мәдени болмысынан айрылса, оның саяси тәуелсіздігі де баянды болмайды деген астар ақын шығармаларында анық сезіледі. «Сүйемін» өлеңіндегі туған жерді, туған тілді, елдік құндылықтарды ардақтау – жай лирикалық сүйіспеншілік емес, рухани тәуелсіздіктің формуласы. Сол сияқты «Түркістан» өлеңінде Мағжан бір ғана аймақты жырлап тұрған жоқ, ол күллі

түркі жұртының тарихи жадын, ортақ тамырын, өркениеттік биігін жаңғыртады. «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген жолдарда ұлттық рух тар этникалық ұғымға сыймай, кең тарихи-мәдени кеңістікке ұласады. Осы арқылы ақын бодандық заманда ұлт санасын биіктету үшін оның түп-тамырын, өркениеттік жадын қайта еске түсіреді. Бұл – бостандыққа апарар рухани дайындық.

Үшінші деңгей – болашаққа бағытталған. Мағжан поэзиясында ұлт тағдыры туралы ой тек өткенге өкініш немесе бүгінге налу арқылы берілмейді, ол ертеңге деген сеніммен толықтырылады. Осы тұрғыдан алғанда «Мен жастарға сенемін» өлеңі ақын дүниетанымының ең маңызды шығармаларының бірі болып саналады. Бұл өлеңде жас ұрпақ жай ғана биологиялық буын ретінде емес, ұлттың ертеңгі тағдырын көтеретін тарихи күш ретінде бейнеленеді. «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты» деген жолдар жастардың мінезін сипаттау үшін ғана емес, болашақ ұлттық мінездің қандай болуы керектігін көрсету үшін алынған. Ақын жастарға үміт арта отырып, шын мәнінде азат елдің моделін ұсынады. Яғни еркіндікке жету үшін қайсарлық, биік рух, білім, намыс және жігер керек екенін көркем тілмен аңғартады. Бұл өлеңнің өміршеңдігі де осында: ол нақты бір кезеңнің саяси үндеуі болып қалмай, әр дәуірде ұлттық сананы жаңғыртатын рухани манифестке айналды. Мағжан үшін ұлт тағдырының шешімі тек тарихта емес, келешекте, соны жасайтын жастардың рухани сапасында жатыр.

Төртінші деңгей – поэтикалық. Символизм, романтизм, қайталау, образдық жүйе сияқты тәсілдер бостандық идеясын көркемдік қуатпен жеткізеді. Мағжан азаттық туралы ойды жалаң ұранмен емес, поэзияның ішкі мүмкіндігі арқылы береді. Оның «жел», «от», «күн», «түн», «толқын», «арғымақ» сияқты бейнелері көбіне еркіндікке, бұлқынысқа, серпіліске, кейде ұлттық қасіретке меңзейді. Мысалы, «Жел» образы қозғалыс пен тоқтаусыз серпінді білдірсе, «От» бейнесі ішкі жігерді, рухани қуатты, күрескер мінезді танытады. Бұл символдар ақын поэзиясында табиғат суреті ретінде ғана емес, ұлт жанын сөйлететін көркемдік кодқа айналады. Романтикалық көтеріңкі пафос та осы мақсатқа қызмет етеді. Мағжанның лирикалық қаһарманы көбіне асқақ, өр, жалынды болып келеді. Бұл – бодандықта отырған халықтың ішкі рухын әлсіретпеудің поэтикалық амалы. Қайталау тәсілі де оның өлеңдерінде ерекше қызмет атқарады: бір ойды, бір сезімді, бір ұмтылысты бірнеше мәрте қайталау арқылы ақын ұлт жанының бұлқынысын, толғанысын, ширығуын күшейтеді. Сондықтан Мағжан поэзиясындағы азаттық идеясы тек мазмұнмен емес, өлеңнің ырғағы, дыбысы, образдары мен ішкі интонациясы арқылы да беріледі.

Мағжанның өзгеше бір қыры – ол ұлт азаттығын тек қарсылық рухы арқылы емес, әсемдік пен биік мәдениет арқылы да жырлайды. Оның поэзиясында еркіндік көбіне сұлу сөз, асқақ образ, әуезді ырғақ арқылы беріледі. Бұл эстетикалық еркіндік пен ұлттық еркіндіктің ішкі байланысын танытады. Яғни ақын үшін көркем ойлау еркіндігі мен ұлттың рухани еркіндігі – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Оның өлеңдеріндегі сұлулыққа іңкәрлік,

музыкаға жақын әуезділік, нәзік те қуатты бейнелер жүйесі ұлтты тек күреске емес, биіктікке, мәдени кемелдікке бастайды. Осы тұрғыдан қарағанда Мағжан поэзиясындағы бостандық идеясы тек азат болу құқығы емес, еркін ұлтқа лайық көркемдік сана қалыптастыру талабы болып көрінеді.

Сондықтан Мағжан шығармашылығын оқытуда тек тарихи мазмұнға емес, көркемдік жүйесіне де баса назар аудару қажет. Мектеп пен жоғары оқу орындарында ақын мұрасын талдау барысында «Түркістан», «Сүйемін», «Мен жастарға сенемін», «Жел», «От», «Батыр Баян» секілді шығармаларды идеялық-көркемдік тұтастықта қарастыру жастардың ұлттық санасын, тарихи танымын және эстетикалық талғамын қатар дамытады. Егер бұл шығармалар тек мазмұнын айтып берумен шектелсе, Мағжан поэзиясының жарты қуаты ғана ашылады. Ал ондағы символ, ырғақ, образ, тарихи астар мен рухани серпін тұтастай түсіндірілсе, ақын мұрасы бүгінгі оқырманға әлдеқайда жақын әрі әсерлі бола түседі. Әсіресе ұлт тағдыры мен бостандық мәселесін қазіргі тәуелсіздік жағдайымен сабақтастыра түсіндіру Мағжан мұрасының өміршеңдігін айқындайды. Өйткені оның көтерген мәселелері өткен дәуірде қалып қойған жоқ; тіл, рух, тарихи жады, жас ұрпаққа сенім, елдік мұрат секілді ұғымдар бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Осы себептен Мағжан поэзиясы – тарихи мұра ғана емес, қазіргі ұлттық сананы қалыптастыратын тірі рухани күш.

Қорыта келе, Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы ұлт тағдыры мен бостандық идеясы қазақ әдебиетіндегі ең терең әрі көркемдік қуаты күшті арналардың бірі болып табылады. Ақын мұрасында азаттық ұғымы тар саяси шеңберде емес, тарихи жад, рухани тәуелсіздік, тіл мен мәдениетті сақтау, жас ұрпаққа сенім арту, түркілік бірлік және елдік сананы жаңғырту сияқты кең мағынада көрінеді. Қазіргі зерттеулер Мағжан поэзиясының ұлттық романтизммен, тәуелсіздік идеясымен, поэтикалық жаңашылдықпен және тәрбиелік маңызбен тығыз байланысын дәлелдейді. Ақын шығармаларындағы «жел», «от», «күн», «жастар», «Түркістан» сияқты бейнелер бостандықтың символдық тілін қалыптастырады. Сондықтан Мағжан Жұмабаев мұрасы – өткен дәуірдің ғана куәсі емес, бүгінгі тәуелсіз сана үшін де рухани бағдар болатын көркемдік әлем.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жиенбаев Е., Семиз К. Сравнение темы национального романтизма в стихах Магжана Жумабаева с произведениями турецких поэтов // Keruen. 2022. Т. 74, № 1. С. 190–206. DOI: 10.53871/2078-8134.2022.1-15. URL: https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/315

2. Жұмбекова М.С. Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы: магистрлік диссертация. Шымкент, 2024. 86 б. URL: https://files.univershu.edu.kz/files/Архив/7М01701%20ҚЯ%20и%20Литература/Жұмбекова%20М.С.%20Мағжан%20Жұмабаев%20шығармаларындағы%20тәуелсіздік%20идеясы.pdf

3. Алпысбаева А.Е., Ашимханова С.А., Бурибаева М.А. Лаборатория переводчика или история перевода поэзии М. Жумабаева на английский язык // Keruen. 2024. Т. 85, № 4. С. 240–252. DOI: 10.53871/2078-8134.2024.4-18. URL: https://keruenjournal.kz/main/article/view/914

4. Шаукерова С.Н. Мағжан Жұмабаев пен Максим Горький шығармалары – патриоттық тәрбиенің қайнар көзі // Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Хабаршысы. 2023. № 4(60). URL: https://vestnik.ku.edu.kz/jour/article/view/1328/0?locale=kk_KZ

5. Кулибекова Ж.С., Аяған Д.С. Мағжан өлеңдеріндегі қайталаулардың көркемдік мәні // Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Хабаршысы. 2025. № 4(68). Б. 218–227. DOI: 10.54596/2958-0048-2025-68-4-218-227. URL: https://vestnik.ku.edu.kz/jour/article/view/2343/0?locale=kk_KZ

6. Хамзина Г.С., Таласпаева Ж.С. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы «Жел» концептісі // Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Хабаршысы. 2023. № 2(58). Б. 170–175. URL: https://vestnik.ku.edu.kz/jour/article/view/1135/0?locale=kk_KZ

ӘОЖ 821.512.122.09

Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кадыров Жанбай Тұраруұлы
zhkadyrov_777@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры
(Петропавл, Қазақстан)

Отегенова Гүлназ Ақатқызы
artykbaevagulnaz43@gmail.com
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, филология мамандығының 2 курс магистранты
(Петропавл, Қазақстан)

Аубакирова Ботагоз Карабаевна
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің аға оқытушысы
a.b.k._1967@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада Ғ. Мүсірепов шығармаларын психологиялық талдау арқылы 9-сынып оқушыларының әдеби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеу жалпы орта білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларымен жүргізілген тәжірибелік жұмысқа сүйенеді. Практика анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдер арқылы ұйымдастырылды. Оқушылардың мәтінді мазмұндық түсінуі, кейіпкер әрекетін психологиялық тұрғыдан интерпретациялауы, көркемдік детальды тануы, пікірін мәтіндік дәлелмен бекітуі және шығармашылық рефлексия жасау қабілеті бағаланды. Талдау материалы ретінде жазушының «Қазақ солдаты», «Ұлпан», «Оянған өлке» шығармаларынан алынған үзінділер қолданылды. Нәтижелер психологиялық талдауға негізделген тапсырмалар жүйесі оқушыны жай мазмұндаудан терең түсіндіру мен дәлелді пікір айтуға жетелейтінін көрсетті.

Кілт сөздер: әдеби құзыреттілік, психологиялық талдау, Ғ. Мүсірепов, 9-сынып, көркем мәтін, интерпретация, шығармашылық рефлексия.

Аннотация. В статье рассматривается формирование литературной компетентности учащихся 9-х классов через психологический анализ произведений Г. Мусрепова. Исследование основано на педагогической практике, проведенной в общеобразовательной школе, и включает констатирующий, формирующий и итоговый этапы. Оценивались понимание содержания художественного текста, психологическая интерпретация поступков персонажей, анализ художественной детали, аргументация собственной позиции и творческая рефлексия. В качестве материала использованы фрагменты произведений «Казахский солдат», «Улпан», «Пробужденный край». Полученные результаты показывают, что психологический анализ способствует переходу учащихся от пересказа к осмысленной интерпретации текста.

Ключевые слова: литературная компетентность, психологический анализ, Г. Мусрепов, 9 класс, художественный текст, интерпретация, рефлексия.

Abstract. The article discusses the development of literary competence among ninth-grade students through the psychological analysis of G. Musrepov's works. The study is based on pedagogical practice conducted at a secondary school and includes diagnostic, formative, and final stages. The students' ability to understand the content of literary texts, interpret characters psychologically, analyze artistic details, justify their opinions with textual evidence, and produce creative reflection was assessed. Excerpts from The Kazakh Soldier, Ulpan, and The Awakened Land were used as the main material. The findings indicate that psychologically oriented tasks help students move from simple retelling to deeper literary interpretation.

Keywords: literary competence, psychological analysis, G. Musrepov, ninth grade, literary text, interpretation, reflection.

Қазіргі әдебиет сабағында жиі байқалатын мәселе бар: оқушы шығарманың оқиғасын айтып бере алады, кейіпкерлерді атайды, қысқаша мазмұнын да жазады, бірақ кейіпкердің ішкі күйін, әрекет себебін және автор қолданған көркемдік тәсілді дәл түсіндіруде қиналады. Бұл жағдай әдеби білімнің мазмұндау деңгейінде қалып, талдау мен интерпретация деңгейіне толық өте алмай отырғанын көрсетеді.

Әдеби құзыреттілік оқушының көркем мәтінді оқуы, түсінуі, талдауы, бағалауы және өз пікірін мәтінге сүйеніп дәлелдей алуы арқылы қалыптасады. Мұндай құзыреттілік дайын анықтаманы жаттау арқылы емес, мәтінмен тікелей жұмыс жасау, кейіпкер психологиясын ашу, көркем детальдың қызметін тану және оқушының өз ойын дәлелді жеткізуі арқылы дамиды.

Ғ. Мүсірепов шығармалары бұл бағыттағы жұмысқа өте қолайлы. «Қазақ солдаты» романында Қайрош дайын батыр ретінде емес, қорқыныш, намыс, жауапкершілік арқылы өсетін тұлға ретінде көрінеді [1, 112–115 б.]. «Ұлпан» романында Ұлпанның сабыры, шешім қабылдауы және ел алдындағы беделі күрделі психологиялық болмыс ретінде ашылады [2, 88–91 б.]. «Оянған өлке» романында адам мінезі әлеуметтік өзгеріс, еңбек, билік және тарихи орта ықпалымен байланыста беріледі [3, 131–134 б.].

Зерттеу нысаны – 9-сынып оқушыларының Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқу барысында қалыптасатын әдеби құзыреттілігі. Зерттеудің мақсаты – психологиялық талдау тәсілдерінің 9-сынып оқушыларының әдеби құзыреттілігін дамытудағы тиімділігін тәжірибе жүзінде анықтау. Зерттеу әдістері ретінде педагогикалық бақылау, мәтіндік талдау, салыстыру, сауалнама, жазба жұмыстарын бағалау және нәтижелерді пайыздық өңдеу қолданылды.

Әдебиетті оқытуда көркем мәтінді түсіну мәселесі бірқатар ғылыми-әдістемелік еңбектерде қарастырылған. Л.С. Выготский өнер туындысын қабылдауда эмоция мен ойдың бірлігін ерекше атап көрсетеді; көркем мәтін оқушыда ішкі психологиялық қозғалыс туғызғанда ғана оның тәрбиелік және танымдық әсері күшейеді [4, 204–207 б.]. М.М. Бахтин мәтінді автор, кейіпкер және оқырман арасындағы диалогтық кеңістік ретінде түсіндіреді [5, 118–121 б.]. Бұл тұжырым әдебиет сабағында оқушының мәтінмен сұхбатқа түсуі, кейіпкер әрекетіне сұрақ қоюы және өз бағасын дәлелдеуі қажет екенін көрсетеді.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде Қ. Бітібаева көркем шығарманы талдауда проблемалық сұрақтар мен оқушының дербес пікірін дамытуға ерекше мән береді [6, 54–58 б.]. З. Қабдолов көркем шығармадағы образ, мінез, деталь, композиция және тілдік өрнек ұғымдарын әдеби талдаудың негізгі өзегі ретінде қарастырады [7, 89–95 б.]. Осы теориялық негіздер Ғ. Мүсірепов прозасын психологиялық талдау арқылы оқытуда нақты әдістемелік тірек бола алады.

Тәжірибелік жұмыс жалпы орта білім беретін мектептің 9-сыныптарында жүргізілді. Зерттеуге 48 оқушы қатысты: 9 «А» сыныбы бақылау тобы, 9 «Б» сыныбы эксперименттік топ ретінде алынды. Әр топта 24 оқушы болды. Зерттеу 6 аптаға созылып, анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерге бөлінді.

Кесте 1 – Әдеби құзыреттілікті бағалау компоненттері

№	Компонент	Бағалау өлшемі
1	Мазмұндық түсіну	Оқиға желісін, негізгі тартысты және кейіпкерлер арасындағы байланысты түсінуі
2	Психологиялық интерпретация	Кейіпкер әрекетінің ішкі себебін, эмоциялық күйін, мотивін түсіндіруі
3	Көркемдік талдау	Диалог, портрет, деталь, авторлық баяндау қызметін анықтауы
4	Бағалау және дәлелдеу	Өз пікірін мәтіннен алынған дәлелмен бекітуі
5	Шығармашылық рефлексия	Ішкі монолог, эссе, психологиялық портрет жаза алуы

Анықтаушы кезеңде оқушыларға Ғ. Мүсірепов шығармаларынан үзінділер беріліп, мәтінді түсіну, кейіпкер мінезін талдау, дәлел табу және қысқа пікір жазу тапсырмалары орындатылды. Мысалы, «Қазақ солдаты» романынан Қайроштың майдандағы ішкі толғанысын танытатын эпизод бойынша «Кейіпкердің қорқынышы неден байқалады?», «Ол қорқынышын қалай жеңеді?», «Автор ішкі күйді қандай деталь арқылы көрсетеді?» деген сұрақтар қойылды.

Кесте 2 – Анықтаушы кезеңдегі әдеби құзыреттілік деңгейі

Деңгей	Бақылау тобы – 9 «А»	%	Эксперименттік топ – 9 «Б»	%
Жоғары	4	16,7	3	12,5
Орта	11	45,8	12	50,0
Төмен	9	37,5	9	37,5
Барлығы	24	100	24	100

Анықтаушы кезең нәтижесі екі топтың бастапқы деңгейі шамалас екенін көрсетті. Оқушылардың көпшілігі кейіпкерге жалпы баға берумен шектелді: «Қайрош батыр», «Ұлпан ақылды», «Еркебұлан әділетті» деген сияқты жауаптар жиі кездесті. Бірақ бұл бағалардың мәтіндік дәлелі әлсіз болды. Әсіресе психологиялық интерпретация мен көркемдік детальды тану компоненттері төмен нәтиже көрсетті.

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топпен психологиялық талдауға негізделген арнайы тапсырмалар жүйесі қолданылды. Бақылау тобында сабақ дәстүрлі мазмұндау, сұрақ-жауап және кейіпкерге сипаттама беру тәсілдерімен өтті. Эксперименттік топта мәтінмен жұмыс психологиялық карта, ішкі монолог, диалог талдау, кейіпкер портреті және салыстырмалы эссе арқылы ұйымдастырылды.

Кесте 3 – Қалыптастырушы кезеңде қолданылған жұмыс түрлері

Апта	**Шығарма**	**Жұмыс түрі**
1	«Қазақ солдаты»	Қайрош бейнесіне психологиялық карта жасау
2	«Қазақ солдаты»	«Қайроштың ішкі монологы» шығармашылық тапсырмасы
3	«Ұлпан»	Ұлпан мен Есеней диалогін талдау
4	«Ұлпан»	Ұлпанның психологиялық портретін жазу
5	«Оянған өлке»	Әлеуметтік орта және адам мінезі тақырыбында талдау
6	Үш шығарма бойынша	Салыстырмалы эссе

Психологиялық карта оқушыны «кейіпкер не істеді?» деген сұрақтан «ол неге солай істеді?» деген сұраққа алып келді. Мысалы, Қайроштың қорқынышы әлсіздік ретінде емес, соғыс жағдайындағы жас адамның табиғи күйі ретінде талданды. Ұлпанның сабыры үнсіз көну емес, жағдайды іштей бағалап, елдік мүдде тұрғысынан шешім қабылдау қабілеті ретінде түсіндірілді [2, 118–121 б.].

Кесте 4 – Кейіпкер әрекетін психологиялық талдау үлгісі.

Кейіпкер әрекеті	Сыртқы көрінісі	Ішкі себебі	Мәтіндік дәлел
Қайроштың майданда өзін ұстауы	Қорқынышын білдірмеуге тырысады	Намыс, жауапкершілік, ел алдындағы парыз	«Қазақ солдаты» романындағы майдан эпизодтары [1, 112–115 б.]
Ұлпанның сабырлы шешімі	Ашуға берілмейді	Елдік мүддені жеке сезімнен жоғары қояды	«Ұлпан» романындағы қарым-қатынас көріністері [2, 118–121 б.]

Еркебұланның азаматтық ұстанымы	Өзгеріске бейім, әділет іздейді	Заман қозғалысын сезіну, әлеуметтік серпіліс	«Оянған өлке» романындағы әлеуметтік тартыс [3, 202–206 б.]

Ішкі монолог жазу тапсырмасы оқушының шығармашылық рефлексиясын дамытуға ықпал етті. Оқушылар Қайроштың майдан алдындағы қобалжуын, елге сағынышын, намыс пен қорқыныш арасындағы ішкі тартысын өз сөзімен беруге тырысты. Мұндай жұмыс автор мәтінін механикалық қайталаудан гөрі кейіпкердің ішкі әлемін түсінуге жақындатты.

Диалог пен детальды талдауда оқушыларға «кейіпкер не айтты?», «ол не айтпай қалды?», «үнсіздік нені білдіреді?», «автор мінезді тура түсіндіре ме, әлде әрекет арқылы таныта ма?» деген сұрақтар ұсынылды. Бұл сұрақтар әсіресе «Ұлпан» романындағы Ұлпан мен Есеней қарым-қатынасын талдауда тиімді болды.

Қорытынды кезеңде екі топқа бірдей тапсырмалар берілді. Оқушылар Ғ. Мүсірепов шығармаларынан алынған үзінділерді талдап, кейіпкер психологиясын түсіндіру, көркемдік детальды анықтау, пікірін мәтіндік дәлелмен бекіту және шығармашылық рефлексия жазу тапсырмаларын орындады.

Кесте 5 – Қорытынды кезеңдегі әдеби құзыреттілік деңгейі

Деңгей	Бақылау тобы – 9 «А»		Эксперименттік топ – 9 «Б» %	
	Саны	%	Саны	%
Жоғары	6	25,0	10	41,7
Орта	12	50,0	11	45,8
Төмен	6	25,0	3	12,5
Барлығы	24	100	24	100

Кесте 6 – Эксперименттік топтағы нәтиже динамикасы

Деңгей	Анықтаушы кезең		Қорытынды кезең		Өзгеріс
	Саны	%	Саны	%	
Жоғары	3	12,5	10	41,7	+29,2%
Орта	12	50,0	11	45,8	-4,2%
Төмен	9	37,5	3	12,5	-25,0%

Қорытынды нәтижелер эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткіші 12,5 пайыздан 41,7 пайызға өскенін көрсетті. Төмен деңгей 37,5 пайыздан 12,5 пайызға дейін азайды. Бұл психологиялық талдау тәсілдерінің оқушыны жай мазмұндаудан дәлелді интерпретацияға бағыттайтынын байқатады.

Сапалық тұрғыдан да өзгеріс болды. Анықтаушы кезеңде оқушылардың жауабы көбіне «кейіпкер жақсы», «батыр», «ақылды» деген дайын бағаларға

құрылса, қорытынды кезеңде олар әрекеттің ішкі себебін түсіндіруге тырысты. Мысалы, Қайроштың батырлығы қорықпауынан емес, қорқынышын жеңіп, жауапкершілікті сезінуінен көрінетіні туралы жауаптар көбейді. Ұлпан бейнесіне қатысты оқушылар оның ақылын жеке қасиет ретінде ғана емес, елдік мәселені шешудегі сабырлы әрекетімен дәлелдей бастады.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыс Ғ. Мүсірепов шығармаларын психологиялық талдау арқылы оқыту 9-сынып оқушыларының әдеби құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді екенін көрсетті. Әсіресе кейіпкер әрекетін түсіндіру, мәтіннен дәлел келтіру, көркемдік детальды байқау және шығармашылық рефлексия жасау қабілеттері дамыды.

Зерттеу басында оқушылардың басым бөлігі көркем мәтінді мазмұндау деңгейінде қабылдады. Қалыптастырушы кезеңде психологиялық карта, ішкі монолог, диалог талдау, психологиялық портрет және салыстырмалы эссе сияқты тапсырмалар қолданылғаннан кейін оқушылардың мәтінге қатынасы өзгерді. Олар кейіпкердің сыртқы әрекетін ғана емес, оның ішкі себебін, эмоциялық күйін, әлеуметтік ортасын және авторлық детальдың қызметін түсіндіруге дағдыланды.

Ғ. Мүсірепов шығармалары оқушыға адам мінезін біржақты бағаламауға үйретеді. Қайрош арқылы оқушы ерліктің ішкі қорқынышты жеңуден басталатынын түсінеді. Ұлпан арқылы сабырдың әлсіздік емес, рухани күш екенін көреді. Еркебұлан арқылы адам мінезінің тарихи және әлеуметтік жағдаймен байланысын аңғарады. Сондықтан психологиялық талдау әдебиет сабағын мазмұндау деңгейінен шығарып, оқушының әдеби ойлауын тереңдететін тиімді әдістемелік бағыт болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мүсірепов Ғ. Қазақ солдаты. – Алматы: Жазушы, 1980. – 304 б. – 112–115-бб.
2. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 б. – 88–91, 118–121-бб.
3. Мүсірепов Ғ. Оянған өлке. – Алматы: Жазушы, 1984. – 448 б. – 131–134, 202–206-бб.
4. Выготский Л.С. Психология искусства. – Москва: Искусство, 1986. – 573 с. – С. 204–207.
5. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусство, 1979. – 424 с. – С. 118–121.
6. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б. – 54–58-бб.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б. – 89–95-бб.
8. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б. – 146–151-бб.
9. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
10. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетін оқыту мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 214 б.

ӘОЖ 37.016:821.512.122

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Кадыров Жанбай Тұраруұлы
zhkadyrov_777@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры
(Петропавл, Қазақстан)
Баекина Назгуль Маратовна
nbaekina@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушы, магистр
(Петропавл, Қазақстан)
Ескенова Еркегүл Сайранқызы
zangalierkegul7@gmail.com
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, филология мамандығының 2 курс магистранты
(Петропавл, Қазақстан)

Аңдатпа: Мақалада Мағжан Жұмабаев шығармаларын мектепте оқыту арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту жолдары қарастырылады. Ақынның «Педагогика» еңбегі, «Мен жастарға сенемін», «Түркістан», «Батыр Баян», «Шолпанның күнәсі» туындыларының тәрбиелік әлеуеті талданып, сенім, жауапкершілік, отансүйгіштік, тарихи сана, ар-намыс, мейірім, эстетикалық талғам секілді құндылықтар айқындалады. Сонымен бірге құндылыққа бағдарланған сұрақтар, мәтінге сүйенген талдау, шығармашылық рефлексия, салыстырмалы оқыту сияқты әдістемелік тәсілдер ұсынылады. Зерттеу нәтижесі Мағжан мұрасын жүйелі оқыту оқушының тұлғалық қалыптасуына, ұлттық санасының нығаюына және көркем мәтінді өмірмен сабақтастыра қабылдауына пәрменді ықпал ететінін көрсетеді. Ұсынылған пайымдаулар әдебиет сабағында тәрбие мен талдауды бірлікте ұйымдастырудың тиімді жолдарын нақтылауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Мағжан Жұмабаев, әдебиетті оқыту, рухани-адамгершілік құндылықтар, ұлттық тәрбие, құндылыққа бағдарланған оқыту, көркем мәтін.

Аннотация: В статье рассматриваются пути развития духовно-нравственных ценностей учащихся через изучение произведений Магжана Жумабаева в школе. Анализируется воспитательный потенциал труда «Педагогика», а также произведений «Верю в молодежь», «Туркестан», «Батыр Баян», «Грех Шолпан». Выявляются такие ценности, как вера, ответственность, патриотизм, историческое сознание, честь, милосердие и эстетический вкус. Наряду с этим предлагаются методические подходы: ценностно-ориентированные вопросы, анализ с опорой на текст, творческая рефлексия, сопоставительное обучение. Результаты показывают, что системное изучение наследия Магжана способствует личностному становлению ученика, укреплению национального самосознания и осмысленному восприятию художественного текста в связи с жизненным опытом. Сделанные выводы уточняют возможности единства анализа и воспитания на уроках литературы.

Ключевые слова: Магжан Жумабаев, преподавание литературы, духовно-нравственные ценности, национальное воспитание, ценностно-ориентированное обучение, художественный текст.

Abstract: The article examines ways of developing students' spiritual and moral values through teaching the works of Magzhan Zhumabayev at school. It analyzes the educational potential of his book "Pedagogy" and such works as "I Believe in Youth," "Turkistan," "Batyr Bayan," and "Sholpan's Sin." The study identifies values such as faith, responsibility, patriotism, historical consciousness, honor, compassion, and aesthetic sensitivity. It also proposes methodological approaches including value-oriented questioning, text-based analysis, creative reflection, and comparative learning. The findings show that systematic study of Zhumabayev's heritage supports students' personal growth, strengthens national identity, and helps connect literary texts with real life in meaningful ways.

Keywords: Magzhan Zhumabayev, literature teaching, spiritual and moral values, national upbringing, value-oriented learning, literary text.

Қазіргі білім беру кеңістігінде пәндік білімді ғана меңгерту жеткіліксіз екені анық байқалып отыр. Мектеп оқушысы ақпаратты білуімен ғана емес, сол білімді адамшылық ұстаныммен ұштастыра алуымен бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда әдебиет сабағы – тұлғаның ішкі әлеміне тікелей әсер ететін, құндылықты сана қалыптастыратын маңызды рухани алаң. Құндылыққа бағдарланған оқыту тұжырымдамасында да әдеби шығарманы талдау арқылы адамгершілік қасиеттерді, ұлттық мәдениетке құрметті, азаматтық жауапкершілікті, көркем ойлау мен өмірлік ұстанымды дамыту негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылады [1]. Сондықтан қазақ әдебиеті сабақтарында көркем мәтінді тарихи дерек не тілдік материал деңгейінде ғана түсіндіру аздық етеді; оны оқушының мінезіне, танымына, ар-ұяты мен талғамына ықпал ететін рухани құбылыс ретінде оқыту қажет.

Осындай тәрбиелік мүмкіндігі аса жоғары мұраның бірі – Мағжан Жұмабаев шығармашылығы. Мағжан – тек сыршыл ақын емес, ұлт болашағын терең ойлаған ағартушы, педагог, психолог әрі көркем сөз арқылы адам жанының иірімдерін таныта білген суреткер. Оның «Педагогика» еңбегі мен поэзиясы, поэмалары мен прозасы бір-бірінен бөлек қарастырылатын салалар емес; бәрінің өзегінде адамды ішкі жағынан жетілдіру, ұлтқа қызмет етуге баулу, сұлулықты сезіну, ізгілікке ұмтылу идеясы жатыр [2]. Сондықтан Мағжан мұрасын оқыту – әдеби туындыны танытумен шектелмей, оқушының рухани-адамгершілік дамуына әсер ететін тұтас тәрбиелік жүйені іске қосу деген сөз.

Мақаланың мақсаты – Мағжан Жұмабаев шығармаларын оқыту үдерісіндегі рухани-адамгершілік әлеуетті айқындап, нақты туындылар негізінде оқушылар бойында қалыптасатын негізгі құндылықтарды көрсету және оларды сабақта тиімді меңгертудің жолдарын ұсыну.

Мағжан Жұмабаевтың көркем және педагогикалық мұрасын біріктіретін басты арна – адамды сыртқы талаппен емес, ішкі сеніммен тәрбиелеу идеясы. Ақын үшін тәрбие құрғақ насихат емес, адамның жан дүниесін оятатын, арын бекітетін, талғамын өсіретін, елге, жерге, адамға сүйіспеншілігін тереңдететін

үдеріс. «Педагогикада» ол тәрбиені ақыл, дене, құлық және сұлулық тәрбиесі ретінде бірлікте қарастырады [3]. Бұл ойдың бүгінгі білім кеңістігі үшін де маңызы зор. Себебі рухани-адамгершілік құндылық жеке бір тақырыппен ғана берілмейді; ол таным, сезім, әрекет, эстетикалық қабылдау сияқты бірнеше қабаттың үйлесімі арқылы қалыптасады.

Мағжанның ұлттық тәрбие туралы тұжырымдары да бүгінгі күнмен үндеседі. Ол тәрбиені ұлттың тарихи тәжірибесімен, ана тілімен, салт-санасымен, дүниетанымымен сабақтастыра қарастырады [4]. Бұл жерде ақынның ұстанымы тар ұлтшылдыққа емес, адамның өз тамырын танып барып, өзгені түсіне алатын кемелдікке негізделеді. Зерттеушілер атап көрсеткендей, Мағжан үшін өз елін сүю басқа халықты жатсыну емес, қайта өз халқын құрметтей отырып, адамзаттық ізгілікке көтерілу жолы [5]. Демек, оның шығармаларын оқытуда ұлттық құндылық пен жалпыадамзаттық құндылықты қарама-қарсы қоюға болмайды. Керісінше, Мағжан мұрасы осы екеуін табиғи тоғыстыратын көркем кеңістік ұсынады.

Ақынның тәрбиелік концепциясында бала табиғатына сенім ерекше орын алады. Публицистикалық түсіндірмелерде сақталған «жас бала – жас бір шыбық» деген тұжырымның астарында тұлғаны ерте кезден дұрыс бағыттау идеясы жатыр [6]. Мағжанның ізгілік туралы пайымдары да осы тұжырымды тереңдете түседі: ол адам бойындағы жақсылыққа ұмтылуды тәрбиенің табиғи өзегі деп қарайды [7]. Бұл – бүгінгі мұғалім үшін маңызды әдіснамалық белгі. Яғни әдебиетті оқытуда мұғалім дайын ақиқатты хабарлаушы емес, оқушының ішкі дүниесіндегі ізгілік ұшқынын оятушы тұлға болуы тиіс. Сол себепті Мағжан шығармаларын оқытуда баға беруге асығудан бұрын, оқушыны сезіндіру, ойландыру, таңдау жасату, өз пікірін дәлелдеуге үйрету алдыңғы қатарға шығады.

Мағжан поэзиясын оқыту арқылы қалыптасатын ең алдыменгі құндылықтардың бірі – сенім мен жауапкершілік. Бұл, әсіресе, «Мен жастарға сенемін» өлеңінен айқын көрінеді. Ақынның «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» деп жастарға берген көркем сипаттамасы – жай әсірелеу емес, идеал тұлғаның рухани портреті [8]. Бұл өлеңді сабақта оқытқанда оқушылар ақынның жастарға жай үміт артып отырғанын ғана емес, сол сенімге лайық болудың жауапкершілігін де түсінуі керек. Өлеңдегі асқақ пафос жас ұрпақты мақтау үшін емес, олардың бойындағы күшті ел мүддесіне жұмсауға үндеу үшін қажет. Сондықтан мұғалім «ақын сенген жас қандай болуы керек?», «сенімге лайық болу үшін адам нені дамытуы тиіс?» деген сұрақтар төңірегінде пікірталас ұйымдастырса, өлең тәрбиелік мазмұнын тереңірек ашады.

Мағжан поэзиясындағы екінші ірі құндылықтық арна – отансүйгіштік пен тарихи сана. «Түркістан», «Тұранның бір бауында», «Сүйемін» тәрізді өлеңдерінде ақын туған жерді географиялық ұғым ретінде емес, рухани кеңістік, тарихи жады, ұлттың жан дүниесі ретінде суреттейді [9]. Мұндай шығармаларды оқыту кезінде оқушы туған жерді жақсы көруді жалаң ұран деңгейінде емес, оның тарихын, мәдениетін, киесін, өткен буын аманатын

сезіну арқылы түсінеді. Мағжанның тарихи тақырыпқа ден қоюы – өткенді аңсау емес, келешекке жауапты қараудың көрінісі. Сондықтан бұл өлеңдерді қазіргі құндылықтық тәрбие контексінде оқыту оқушы бойында ұлттық мақтанышпен қатар тарихи жауапкершілік сезімін де қалыптастырады.

Мағжан лирикасының тағы бір бағалы қыры – эстетикалық тәрбие мен мейірім сезімін қатар тәрбиелеуі. Ақын үшін сұлулық – сыртқы әсемдік қана емес, рухтың тазалығы, жүректің нәзіктігі, адам мен әлем арасындағы үйлесім. «Сүйемін» сияқты өлеңдерінде туған жерге, анаға, елге деген махаббат сезімі пафоспен емес, ішкі жылылықпен беріледі [10]. Мұндай мәтіндер оқушыны айқайшыл патриотизмге емес, шынайы сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Әсіресе, көркем бейне, дыбыс үндестігі, метафора, эмоционалдық ырғақ арқылы берілген сезімді талдау эстетикалық қабылдауды күшейтеді. Рухани-адамгершілік құндылық тек «дұрыс» ой айтуда емес, әдемілікті сезіне білуде де қалыптасатынын ескерсек, Мағжан поэзиясын оқу – оқушының жан мәдениетін өсіретін маңызды жол.

Мағжанның поэмалары құндылықты күрделі ситуация арқылы танытатын туындылар қатарына жатады. Соның ішінде «Батыр Баян» – рухани-адамгершілік тәрбиеде ерекше мәні бар шығарма. Бұл поэмада ерлік, намыс, елдік мүдде, махаббат, өкініш, ар алдындағы жауапкершілік сияқты бірнеше қабат қатар өріледі. Adebiportal материалында бұл туындының оқушыны «намысын жоғалтпауға, ұжданнан аттамауға, ел мен жерге қызмет етуге» үйретететіні орынды көрсетілген [11]. Поэманы талдауда мұғалім тек оқиға желісін мазмұндатумен шектелсе, тәрбиелік қуаты әлсірейді. Ал кейіпкердің ішкі тартысын, таңдау сәтін, қателік пен парыздың арақатынасын, «Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас» деген идеяның мәнін ашса, оқушы шығармадағы моральдық биіктікті сезінеді [11]. Мұнда басты мәселе – Баянды мінсіз батыр не біржақты кінәлі адам ретінде көрсету емес, күрделі тарихи жағдайда ар мен сезімнің тайталасын көре білу.

Прозалық туындылардың ішінде «Шолпанның күнәсі» әңгімесі жоғары сынып оқушыларының адам жанына терең үңілуіне мүмкіндік береді. Бұл шығарма сырттай қарағанда жеке тағдыр туралы көрінгенімен, астарында адам таңдауы, ішкі күйзеліс, отбасы тұтастығы, сезім жауапкершілігі, қателіктің моральдық салдары сияқты күрделі мәселелер жатыр [12]. Әңгіме оқушыны дайын моральмен емес, эмпатия арқылы тәрбиелейді. Яғни шығармадағы кейіпкерді қаралау не ақтау емес, оны түсінуге ұмтылу маңызды. Осындай талдау барысында оқушы адам жанының біржақты емес екенін, әр әрекеттің ішкі себебі мен сыртқы салдары болатынын ұғынады. Бұл – рухани тәрбиенің ең терең деңгейі. Себебі нағыз адамгершілік қара мен ақты ажыратумен ғана емес, адамды түсінуге талпынумен де өлшенеді.

Мағжан шығармаларын оқытуда ең алдымен құндылыққа бағдарланған сұрақтар жүйесі қажет. Мәселен, «Мен жастарға сенемін» өлеңінен кейін «Ақын сенімінің бүгінгі өлшемі қандай?», «қуат пен қайраттың адамшылықпен байланысы неде?» деген проблемалық сұрақтар қойылса, оқушы мәтінді тек жаттап қоймай, оны өз өмірімен байланыстыра бастайды. Сол сияқты «Батыр

Баянды» оқытқанда «батырлық пен адамдық қай жерде түйіседі?», «парыз бен сезім қақтығысқанда шешім қалай қабылданады?» деген талқылау сұрақтары тәрбиелік ойды тереңдетеді.

Екінші маңызды тәсіл – мәтінге сүйенген дәлелді талдау. Рухани-адамгершілік тәрбие көбіне жалпылама әңгімеге айналып кетеді. Бұған жол бермеу үшін әр құндылық көркем деталь, эпитет, кейіпкер сөзі, ішкі монолог, авторлық баяндау арқылы дәлелденуі керек. Мысалы, «Мен жастарға сенемін» өлеңіндегі образдық қатардан сенім мен үмітті, «Түркістаннан» тарихи жад пен рухани сабақтастықты, «Батыр Баяннан» намыс пен жауапкершілікті, «Шолпанның күнәсінен» жан драмасы мен моральдық таңдауды нақты үзінділер арқылы тапқызу тиімді. Бұл тәсіл оқушыны дәлелсіз пікірден сақтап, эстетикалық талдауды құндылықтық ойлаумен байланыстырады.

Үшіншіден, шығармашылық рефлексия әдісі нәтижелі. Мағжан шығармаларын оқығаннан кейін оқушыға шағын эссе, ішкі монолог, кейіпкерге хат, құндылық күнделігі, пікір парағы сияқты тапсырмалар беру оның мәтінді жеке тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік жасайды. Мәселен, «Мен жастарға сенемін» өлеңінен соң «Ақын сенген жас бейнесіне мен қандай қасиет қосар едім?» деген тақырыпта, ал «Батыр Баяннан» кейін «Ар алдындағы жауапкершілік деген не?» деген тақырыпта шағын толғаныс жаздыру тиімді. Мұндай жұмыс оқушының сөздік қорын ғана емес, өзін-өзі тануын да дамытады.

Төртіншіден, салыстырмалы талдау маңызды. Мағжан көтерген мәселелерді бүгінгі қоғаммен байланыстыру арқылы шығарманың өміршеңдігі ашылады. Жастарға сенім, ұлттық рух, елдік мүдде, отбасы құндылығы, сұлулықты түсіну, жан тазалығы секілді ұғымдар бүгін де өзекті. Оқушы мәтіннің тек өткен дәуірге тән емес, бүгінгі болмысқа да қатысты екенін сезінгенде ғана әдебиет шын мәнінде тәрбиелік күшке ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, Мағжан шығармаларын оқыту қазіргі мектепте тек әдеби-тарихи міндет емес, тұлға қалыптастыру міндеті болып табылады.

Қорытындылай келе, Мағжан Жұмабаев шығармаларын оқыту – оқушыға көркем мәтін мазмұнын меңгертудің ғана жолы емес, оның жан әлемін байытудың, рухани-адамгершілік ұстанымын бекітудің, ұлттық санасы мен эстетикалық талғамын дамытудың тиімді тетігі. Ақын мұрасында сенім, ар-намыс, елдік рух, тарихи жады, ізгілік, жауапкершілік, сұлулық, жан тазалығы сияқты құндылықтар поэзиялық пафоспен де, драмалық тартыспен де, психологиялық талдаумен де көрініс табады. Сондықтан Мағжан шығармалары мектепте тек «өтілетін тақырып» ретінде емес, оқушыны ойлантатын, толғантатын, өмірлік таңдауына ықпал ететін рухани мектеп ретінде оқытылуы тиіс.

Егер мұғалім Мағжан мәтінін дайын түсіндірмемен шектемей, оқушыны сұрақ қоюға, сезінуге, дәлелдеуге, салыстыруға, өз ұстанымын білдіруге жетелесе, онда әдебиет сабағы шын мәнінде құндылық қалыптастыратын кеңістікке айналады. Демек, Мағжан Жұмабаев шығармаларын оқыту арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту – бүгінгі қазақ

әдебиеті әдістемесіндегі өзекті бағыттардың бірі ғана емес, ұлттық білім беру ісіндегі маңызды рухани міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есепбай Ж. Әдеби шығармаларды оқытуда құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру: презентация / Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/%D0%9F%D1%80%D0%B5%D0%B7%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F.pdf (қаралған күні: 21.04.2026).
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
3. Сайлауқызы А., Симбаева С., Тлебалдиева М. Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегіндегі ұлттық таным // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2022. – №4(141). – Б. 84–92. – DOI: 10.32523/2616-7174-2022-141-4-84-92.
4. Елеукенов Ш. Мағжан (Өмірі мен шығармалары): оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
5. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі // e-history.kz. – URL: https://e-history.kz/kz/projects/show/33071 (қаралған күні: 21.04.2026).
6. Ұрпақ тәрбиесіндегі ұмытылмайтын құндылық // Qazaq Gazeta. – URL: https://anatili.kazgazeta.kz/news/63635 (қаралған күні: 21.04.2026).
7. Жұмабаев М. Жан сөзі: өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
8. Мағжан Жұмабаев – «Мен жастарға сенемін» // Adebiportal.kz. – URL: https://adebiportal.kz/ru/100kitap/magjan-jumabaev-men-jastarga-senem (қаралған күні: 21.04.2026).
9. Шалдарбекова А.Б. М. Жұмабаев шығармашылығындағы тарихи және рухани сабақтастық мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы. – 2014. – №1(46). – Б. 21–28.
10. Мағжан – ер түріктің тарихи тұлғасы // e-history.kz. – URL: https://e-history.kz/kz/news/show/339137 (қаралған күні: 21.04.2026).
11. Оқушылар парағы. Мағжан Жұмабаев. Батыр Баян // Adebiportal.kz. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/oqusylar-paragy-magzan-zumabaev-batyr-baian_24236 (қаралған күні: 21.04.2026).
12. «Адамшылық арқылы ғана адамдар бақытқа жетеді...» // e-history.kz. – URL: https://e-history.kz/kz/news/show/338868 (қаралған күні: 21.04.2026).

ӘОЖ 37.016:821.512.122

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАНРЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кадыров Жанбай Тұраруұлы
zhkadyrov_777@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры
(Петропавл, Қазақстан)

Смаилова Канат Кемалқызы
sandikaluaa@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушы, п.ғ. магистрі
(Петропавл, Қазақстан)

Идрисова Анаргуль Серикбаевна
anargui_suleimenova@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, филология мамандығының 2 курс магистранты
(Петропавл, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада орта білім беру жүйесіндегі қазақ әдебиеті сабақтарында жанрлық талдау әдіс-тәсілдерін қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - көркем мәтінді жанрлық тұрғыдан талдаудың оқушының әдеби-теориялық түсінігін, интерпретациялық қабілетін, мәтінмен дәлелді жұмыс істеу дағдысын және оқырмандық белсенділігін дамытудағы тиімділігін айқындау. Зерттеу барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау, салыстырмалы саралау, сабақ үлгілерін модельдеу, педагогикалық бақылау элементтері және тәжірибелік қорытындылау тәсілдері қолданылды. Жанрлық талдау эпикалық, лирикалық және драмалық шығармалардың құрылымдық-стильдік ерекшеліктерін жүйелі меңгертуге, композиция, кейіпкер, баяндау, лирикалық субъект, тартыс, ремарка, авторлық ұстаным секілді ұғымдарды нақты мәтін арқылы түсіндіруге мүмкіндік беретіні дәлелденеді. Мақалада жанрлық салыстыру, жанрлық карта, проблемалық сұрақ, рөлдік интерпретация, композициялық сызба, рефлексиялық тапсырма сияқты әдіс-тәсілдердің сабақ тиімділігін арттыратыны көрсетілген. Нәтижесінде жанрлық талдауды жүйелі қолдану оқушының мәтінді қабылдау сапасын арттырып, пәнге қызығушылығын күшейтетіні және функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал ететіні тұжырымдалады.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, орта білім, жанрлық талдау, әдеби білім, оқыту әдістемесі, функционалдық сауаттылық, интерпретация.

Аннотация. В статье рассматриваются дидактические возможности применения методов и приёмов жанрового анализа на уроках казахской литературы в системе среднего образования. Цель исследования — определить эффективность жанрового анализа художественного текста в развитии литературно-теоретических представлений учащихся, их интерпретационных способностей, навыков аргументированной работы с текстом и читательской активности.

В ходе исследования использовались методы теоретического анализа научно-методической литературы, сравнительного анализа, моделирования уроков, элементы

педагогического наблюдения и практического обобщения. Доказывается, что жанровый анализ позволяет системно освоить структурно-стилистические особенности эпических, лирических и драматических произведений, а также способствует пониманию таких понятий, как композиция, персонаж, повествование, лирический субъект, конфликт, ремарка, авторская позиция на основе конкретного текста.

В статье показано, что такие методы и приёмы, как жанровое сравнение, жанровая карта, проблемный вопрос, ролевая интерпретация, композиционная схема, рефлексивное задание, повышают эффективность урока. В результате делается вывод, что системное применение жанрового анализа способствует улучшению качества восприятия текста учащимися, усиливает интерес к предмету и способствует развитию функциональной грамотности.

Ключевые слова: казахская литература, среднее образование, жанровый анализ, литературное образование, методика обучения, функциональная грамотность, интерпретация.

Abstract. The article examines the didactic potential of genre-based analysis in Kazakh literature classes at the secondary school level. The aim of the study is to determine how genre analysis develops students' literary and theoretical understanding, interpretation skills, evidence-based reading, and motivation toward literary learning. The research relies on theoretical analysis of methodological literature, comparative review, lesson modeling, and pedagogical observation. The study demonstrates that genre analysis helps students master the structural and stylistic features of epic, lyrical, and dramatic texts through close reading. Techniques such as genre comparison, genre mapping, problem-based questions, role interpretation, compositional schemes, and reflective tasks increase lesson effectiveness and improve the quality of text comprehension.

Keywords: Kazakh literature, secondary education, genre analysis, literature teaching methods, interpretation, reading competence.

Қазіргі мектептегі қазақ әдебиетін оқытудың басты міндеттерінің бірі – оқушыны көркем мәтінді тек мазмұндау деңгейінде қабылдайтын субъектіден мәтін табиғатын түсіндіре алатын, авторлық ұстанымды тани білетін, дәлелді пікір ұсынатын белсенді оқырман деңгейіне көтеру. Бұл міндетті жүзеге асыруда жанрлық талдау ерекше орын алады. Себебі жанр көркем мәтіннің сыртқы түрін ғана емес, оның ішкі заңдылықтарын, сюжет құру тәсілін, бейне жасау жүйесін, тілдік өрнегін, композициялық құрылымын, эмоциялық ықпалын айқындайтын категория болып табылады [1, 2 б.].

Қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылар көбіне шығарманы мазмұн, тақырып, идея тұрғысынан қарастыруға дағдыланғанымен, жанрлық ерекшелікті саналы түрде талдауға жеткілікті көңіл бөлінбей жатады. Нәтижесінде әңгіме мен повесть, толғау мен өлең, драма мен эпостық баяндау арасындағы табиғи айырмашылықтар жалаң сипатталып, шығарманы оқу тәсілі жанрға сәйкес сараланбайды. Ал жанрлық талдау әдіс-тәсілдері оқушының мәтінді қабылдау траекториясын өзгертеді: ол шығармаға «не туралы» деген сұрақпен ғана емес, «қалай құрылған», «неліктен осылай берілген», «бұл жанрлық форма мазмұнды қалай ашып тұр» деген талдау ұстанымымен келеді [3].

Әдебиеттануда жанр мәселесі мәтіннің көркемдік табиғатын түсінудегі негізгі ұғымдардың бірі ретінде қарастырылады. А. Байтұрсынұлы сөз өнерін тек тақырыптық-идеялық тұрғыдан емес, түрлік жіктелім арқылы пайымдаудың маңызды екенін көрсетсе, З. Қабдолов көркем туындының табиғатын жанрлық

заңдылықтармен сабақтастыра түсіндіреді. Ал әдебиетті оқыту әдістемесінде жанрлық талдау оқушының теориялық білімін практикамен ұштастыратын, интерпретацияны тереңдететін өнімді тәсіл ретінде бағаланады [4].

Осыған байланысты мақаланың мақсаты - орта білім беру жүйесіндегі қазақ әдебиеті сабақтарында жанрлық талдау әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу және оны сабақ құрылымында қолданудың нақты жолдарын ұсыну.

Зерттеудің әдіснамалық негізін әдебиеттану, педагогика және әдебиетті оқыту әдістемесі салаларындағы еңбектер құрайды. Материал ретінде қазақ әдебиетін оқытуға қатысты әдістемелік зерттеулер, жанр теориясына арналған ғылыми еңбектер, сондай-ақ орта буын мен жоғары сыныптарға арналған әдебиет сабағының үлгілері алынды. Теориялық талдау арқылы жанрлық талдаудың мазмұны, мақсаты, құрылымдық компоненттері айқындалды; салыстырмалы талдау жанрлық тәсілдердің әр түрлі мәтіндердегі қызметін саралауға мүмкіндік берді [5].

Педагогикалық тұрғыдан зерттеуде бақылау, модельдеу және қорытындылау әдістері басшылыққа алынды. Бақылау әдебиет сабағындағы оқушы әрекетінің сипатын, сұраққа жауап беру логикасын, мәтіндік дәлел келтіру деңгейін бағалауға бағытталды. Сабақ үлгілерін модельдеу барысында жанрлық талдауды сабақтың әр кезеңіне енгізудің бірнеше нұсқасы жасалды: мотивациялық кезеңде жанрлық болжам құру; мағынаны тану кезеңінде композициялық, сюжеттік, образдық талдау; рефлексия кезеңінде жанрлық қорытынды жасау.

Зерттеудің теориялық тіректерінің бірі – Л.С. Выготскийдің оқытудағы дамытушы орта туралы тұжырымы. Оқушы күрделі ұғымды дайын анықтама арқылы емес, мұғалім ұйымдастырған аналитикалық әрекет барысында меңгергенде ғана тұрақты білім қалыптасады [6]. Сондай-ақ Б. Блумның танымдық мақсаттар таксономиясы негізінде жанрлық талдаудың тек еске сақтау мен түсінуді емес, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау деңгейлерін қамтитыны анықталды [7]. Бұл жанрлық талдаудың құзыреттілікке бағытталған оқыту талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді.

Жанрлық талдау – көркем мәтінді оның түрлік табиғатына сай қарастыруға негізделген әдістемелік жүйе. Мұнда шығармадағы оқиға, кейіпкер, автор сөзі, композиция, тіл, стиль, образ, тартыс, психологизм секілді компоненттер жанр заңдылықтарымен байланыста танылады. Мысалы, эпикалық мәтінде оқиға желісі мен баяндаудың ұйымдасуы алдыңғы орынға шықса, лирикалық туындыда эмоциялық күй, лирикалық субъект, ырғақ, бейнелі деталь басым түседі; драмалық шығарманы талдауда әрекет, диалог, ремарка, тартыс, сахналық шарттылық ерекше назарда болады.

Демек, жанрлық талдау оқушыға бір ғана «әдеби талдау» алгоритмін барлық мәтінге қолдануға емес, жанр табиғатына сәйкес икемді оқу стратегиясын меңгеруге көмектеседі. Бұл тәсілдің ең басты артықшылығы - мәтінге дәл және негізді қарау. Оқушы мәтіндегі ерекшелікті жалпы әсермен емес, жанрлық белгімен байланыстырып түсіндіреді. Мәселен, әңгімедегі

ықшамдылықты, новелладағы тосын шешімді, поэзиядағы ішкі монологты, драмалық шығармадағы қақтығыс динамикасын байқау үшін жанрлық бағдар қажет.

Жанрлық талдау әдеби-теориялық ұғымдарды жаттанды түсінік деңгейінен шығарып, нақты мәтінмен жұмыс барысында меңгертеді. Бұл өз кезегінде оқушының функционалдық сауаттылығын дамытады, себебі ол білімді дерексіз анықтама ретінде емес, мәтіндік дәлелмен ұштастырады [8]. Сонымен бірге жанрлық бағдар шығарманың мазмұнын тарихи-мәдени контекстпен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мәселен, тарихи жыр мен заманауи поэманы, шешендік толғау мен азаматтық лириканы, классикалық драма мен қазіргі пьесаны салыстыруда жанрлық айырмашылықтар арқылы дәуірлік өзгерісті де байқауға болады.

Талдау нәтижесінде қазақ әдебиеті сабақтарында тиімді қолдануға болатын бірнеше әдіс-тәсіл айқындалды. Біріншісі – жанрлық салыстыру әдісі. Бұл тәсілде мазмұны немесе тақырыбы жақын, бірақ жанры әр түрлі екі мәтін қатар қарастырылады. Мысалы, табиғат тақырыбындағы лирикалық өлең мен прозалық үзіндіні салыстыру арқылы оқушы образ жасаудың, эмоция берудің, авторлық позицияны танытудың әр түрлі жолдарын аңғарады. Мұндай салыстыру мәтін қабылдауды белсендіреді және әдеби тілдің қызметін тереңірек түсіндіреді.

Екіншісі – жанрлық карта немесе кесте құрастыру әдісі. Бұл әдісте оқушылар шығарма жанрына тән белгілерді бірнеше өлшем бойынша жүйелейді: тақырыптық өріс, композициялық құрылым, кейіпкер жүйесі, баяндау түрі, тілдік ерекшелік, эмоционалдық әсер, авторлық ұстаным. Кестелік жүйелеу әсіресе орта буын оқушылары үшін тиімді, өйткені ол абстракт ұғымды көрнекі формада бекітеді.

Үшіншісі – проблемалық сұрақтар әдісі. Жанрлық талдауда сұрақтың сипаты өте маңызды. Мысалы, «Неліктен ақын осы ойды қара сөзбен емес, өлеңмен берген?», «Пьесада кейіпкер мінезі авторлық баяндаусыз қалай ашылады?», «Әңгімедегі қысқа деталь тұтас характерді қалай айқындайды?» деген сұрақтар оқушыны жанрлық заңдылықты сезінуге жетелейді. Бұл тәсіл Выготский сипаттаған ойлау әрекетін белсендіру қағидасына сәйкес келеді.

Төртіншісі – рөлдік интерпретация. Әсіресе драмалық шығармалар мен диалогке құрылған прозалық мәтіндерді оқытуда оқушыларға кейіпкер позициясынан сөйлеу, ремарка жазу, сахналық нұсқа ұсыну, автор орнында композициялық өзгеріс енгізу сияқты тапсырмалар беру талдаудың өнімділігін арттырады. Бұл әдіс оқушыны мәтіннің ішкі құрылымына енгізіп, жанр табиғатын әрекет арқылы түсіндіреді.

Бесіншісі – композициялық сызба және рефлексиялық қорытынды. Шығарманың құрылымдық бөлшектерін сызба арқылы белгілеу сюжеті күрделі эпикалық шығармаларда, ал жанрлық қорытынды жазу лирикалық және драмалық мәтіндерде тиімді. Рефлексиялық кезеңде оқушы «Мен бұл мәтінді жанрлық тұрғыдан неге осылай бағаладым?» деген сұраққа жауап бергенде талдау нәтижесі саналы түрде бекітіледі.

1-кесте - Жанрлық талдау әдіс-тәсілдерінің сабақтағы қызметі

Әдіс-тәсіл	Қолдану кезеңі	Қалыптасатын дағды	Күтілетін нәтиже
Жанрлық салыстыру	Қызығушылықты ояту, талдау	Салыстыру, дәлелдеу	Жанр айырмасын саналы тану
Жанрлық карта	Мағынаны тану	Жүйелеу, жинақтау	Теориялық ұғымды құрылымдау
Проблемалық сұрақ	Талқылау	Сыни ойлау, интерпретация	Мәтінді терең қабылдау
Рөлдік интерпретация	Бекіту	Шығармашылық қолдану	Жанр табиғатын әрекет арқылы ұғыну
Композициялық сызба	Талдау, қорытынды	Құрылымдық көру	Сюжет пен форма байланысын түсіну

Зерттеу қорытындылары жанрлық талдауды жүйелі қолданудың кемінде төрт бағытта нәтиже беретінін көрсетті. Біріншіден, оқушының мәтінді түсіну сапасы артады. Себебі ол шығарманы тақырып пен мазмұн шеңберінде ғана емес, форма мен мазмұн бірлігінде оқиды. Бұл мәтіндегі негізгі ойды, авторлық шешімді және көркемдік детальды терең пайымдауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, әдеби-теориялық ұғымдар нақты әрі тұрақты меңгеріледі. Көп жағдайда «лирика», «эпос», «драма», «сюжет», «композиция», «лирикалық кейіпкер» сияқты ұғымдар анықтама күйінде ғана есте қалады. Ал жанрлық талдауда олар мәтіндік әрекетпен бекітіледі, сондықтан білім функционалдық сипат алады.

Үшіншіден, оқушының ауызша және жазбаша интерпретация жасау дағдысы жетіледі. Жанрлық талдау дәлелді сөйлеуді талап етеді: оқушы өз пікірін мәтін үзіндісімен, құрылымдық белгімен, тілдік ерекшелікпен негіздейді. Бұл дағды эссе, пікірталас, салыстырмалы талдау, әдеби жоба секілді тапсырмаларда ерекше маңызды.

Төртіншіден, пәнге қызығушылық күшейеді. Әдебиет сабағы дайын мәліметті қабылдау емес, мәтін құпиясын ашу әрекетіне айналғанда оқушының қатысу белсенділігі өседі. Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейлі оқу тапсырмалары оқушыны шығармашылық талдауға жетелейді. Жанрлық тәсілдер оқыту мотивациясын арттырудың да пәрменді құралы болып саналады.

Сонымен қатар жанрлық талдау мұғалімнің сабақ құрастыру мәдениетін де жетілдіреді. Мұғалім әр мәтінге бірдей сұрақ қоймай, жанрға сай оқу мақсатын, тапсырма түрін, бағалау критерийін саралайды. Бұл саралау білім алушылардың жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне бейімделген әдістемелік жүйе қалыптастыруға жағдай жасайды [8].

Сабақта қолданудың практикалық жолдары. Орта буында жанрлық талдауды көрнекілікке, салыстыруға және қысқа құрылымдық тапсырмаларға сүйене отырып ұйымдастырған тиімді. Мысалы, 5-7 сыныптарда «мәтіннің жанрлық төлқұжаты» деген шағын үлгі қолдануға болады: шығарма түрі, негізгі белгісі, баяндау тәсілі, кейіпкер беру жолы, эмоционалдық әсері. Бұл жұмыс түрі оқушыға әдеби ұғымды қарапайым әрі нақты формада меңгертеді.

8-9 сыныптарда салыстырмалы және проблемалық талдау үлесі арта түсуі тиіс. Осы кезеңде бір тақырыптағы поэзия мен прозаны, әңгіме мен драмалық үзіндіні, тарихи жыр мен авторлық поэманы салыстыру арқылы жанрлық ерекшелік пен авторлық стильдің арақатынасы ашылады. Мұғалім тапсырманы тек «анықта» емес, «дәлелде», «салыстыр», «неге» деген сипатта құруы қажет.

10-11 сыныптарда жанрлық талдауды зерттеушілік әрекетпен ұштастыруға болады. Оқушылар шағын жоба, аналитикалық эссе, жанрлық презентация, мәтіндер корпусы бойынша салыстырмалы кесте әзірлеу сияқты жұмыстар орындай алады. Бұл деңгейде жанрлық талдау ұлттық әдеби процесті, автор поэтикасын, дәуір ерекшелігін түсіндірудің құралына айналады.

Бағалау жүйесінде де жанрлық өлшемдер ескерілуі тиіс. Мысалы, критерийлер қатарына «шығарманың жанрлық ерекшелігін тануы», «жанрға сай көркемдік белгілерді дәлелдеуі», «талдау барысында әдеби ұғымдарды орынды қолдануы», «мәтіннен нақты мысал келтіруі» сияқты көрсеткіштер енгізілсе, оқушының оқу әрекеті неғұрлым айқын бағытталады.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті сабақтарында жанрлық талдау әдіс-тәсілдерін қолдану – көркем мәтінді терең әрі жүйелі меңгертудің тиімді жолы. Бұл тәсіл оқушыны жай мазмұндаушыдан мәтінге талдау жасай алатын, жанр табиғатын түсінетін, авторлық шешімді дәлелмен пайымдайтын субъект деңгейіне көтереді. Жанрлық талдау мәтін мазмұны мен көркемдік форманың бірлігін ашып, әдеби-теориялық білімді практикамен ұштастырады.

Зерттеу нәтижелері жанрлық салыстыру, жанрлық карта, проблемалық сұрақ, рөлдік интерпретация, композициялық сызба, рефлексиялық қорытынды сияқты әдіс-тәсілдердің сабақ тиімділігін арттыратынын көрсетті. Олар оқушының мәтінді түсіну сапасын, талдау дағдысын, дәлелді сөйлеу мәдениетін, оқу мотивациясын және функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Орта білім беру жүйесінде қазақ әдебиетін оқытудың мазмұнын жаңартуда жанрлық талдауды жүйелі әдістемелік ұстаным ретінде қарастыру қажет. Болашақта бұл бағытта нақты сыныптар мен авторлар шығармашылығы бойынша сабақ модельдерін әзірлеу, цифрлық платформаға бейімделген жанрлық тапсырмалар құрастыру және бағалау құралдарын жүйелеу өзекті ғылыми-әдістемелік міндеттердің бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
3. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1991. – 240 б.
4. Жұмажанова Т. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 256 б.

5. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 312 б.
6. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва: Лабиринт, 1999. – С. 352.
7. Bloom B.S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. New York: David McKay, 1956. 207 p.
8. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – Москва: Педагогика, 1989. – С. 192.
9. Қоңыратбаев Т. Әдебиеттану негіздері. – Алматы: Санат, 2001. – 264 б.

УДК 37.032

ВЛИЯНИЕ СКАЗОЧНЫХ ОБРАЗОВ (ФОЛЬКЛОРНЫХ И ЛИТЕРАТУРНЫХ) НА ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ

Кучер Светлана Игоревна
студентка 1-го курса факультета искусств ОмГПУ
Омск, Россия
aivawizord@gmail.com

Смагина Ирина Леонидовна
Smagina-IL@mail.ru
кандидат педагогических наук, доцент ОмГПУ
Омск, Россия

Аннотация: В статье осуществляется анализ влияния сказочных образов (фольклорных и литературных) на формировании личности. Теоретический анализ проводился на основе структурного, архетипического и практико-ориентированного подходов. Эмпирическое исследование позволило выявить наиболее значимые для современных людей сказочные персонажи. В качестве практического инструмента самопознания была разработана авторская серия рефлексивных карт.

Ключевые слова: сказочные образы, формирование личности, архетипы, сказкотерапия, рефлексивные карты.

Abstract: The article analyzes the influence of fairy-tale images (folklore and literary) on personality formation. The theoretical analysis was conducted using structural, archetypal, and practice-oriented approaches. An empirical study identified the most significant fairy tale characters for modern people. The author's series of reflective cards was developed as a practical tool for self-knowledge.

Key words: fairy-tale images, personality formation, archetypes, fairy-tale therapy, reflective cards.

Сказочные образы сопровождают человека с раннего детства и участвуют в формировании его ценностных ориентиров, моделей поведения и эмоционального опыта. В современной культуре границы между фольклорными и авторскими сказочными персонажами стираются, что ставит вопрос о том, какие именно образы сегодня становятся значимыми для личности, и как они могут быть использованы в психолого-педагогической и художественной практике. Приведённые аргументы свидетельствуют об актуальности изучения данного феномена.

Несмотря на то, что сказочные образы уже длительное время привлекают внимание исследователей, некоторые аспекты их влияния на формирование личности остаются недостаточно изученными. В частности, остаются открытыми вопросы о том, какие именно сказочные персонажи актуальны для современных людей разных возрастов, как меняется репертуар значимых образов под влиянием медиасреды, а также каким образом сказочные образы могут быть использованы в качестве практического инструмента для рефлексии. Нерешёнными также остаются вопросы, касающиеся конкретных механизмов

влияния сказочных персонажей на самосознание современного человека, их дифференциации по степени значимости для разных возрастных групп, а также возможностей их практического применения в психологическом консультировании.

Целью нашей работы является выявление наиболее значимых сказочных образов для современных людей и определение их роли в формировании личности, а также представление их художественной интерпретации в виде авторской серии рефлексивных карт.

В научной традиции изучение сказочных образов связано с именами В.Я. Проппа, К.Г. Юнга, а также с современными исследованиями в области сказкотерапии (Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева).

В.Я. Пропп в своём фундаментальном труде «Морфология волшебной сказки» рассматривает сказку как «структуру, в которой герой выполняет определённые функции» [2, с. 25]. Учёный выделяет 31 постоянную функцию волшебной сказки, среди которых: отлучка, запрет, нарушение запрета, выведывание, выдача, подвох, пособничество, трансфигурация (преображение героя) и другие. Каждая из этих функций может проявляться в образе сказочного героя и, соответственно, влиять на формирование личности читателя. Например, функция «испытания» может быть связана с образом Бабы-Яги, которая проверяет героя перед тем, как помочь ему.

К.Г. Юнг интерпретирует сказочных персонажей как «архетипы коллективного бессознательного» [3, с. 112]. Согласно теории Юнга, архетипы — это универсальные, врождённые модели психики, которые проявляются в мифах, сновидениях и, конечно, в сказках. К основным архетипам, которые можно обнаружить в сказочных образах, относятся: Самость (целостность личности), Тень (тёмная, непризнанная часть личности), Анима (женское начало в мужской психике), Анимус (мужское начало в женской психике), Мудрый старец (воплощение знания и интуиции), Великая Мать (символ защиты и плодородия). Так, образ Бабы-Яги может интерпретироваться как проявление архетипа Великой Матери — но в его тёмном, «пожирающем» аспекте. Образ Маленького принца может быть связан с архетипом Ребёнка — символа начала, потенциала и уязвимости. Образ Царевны-лягушки отражает архетип Анимы — скрытой женской силы, которая оживает через любовь и принятие.

Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева разрабатывает практические методы работы со сказкой в психологическом консультировании [1, с. 45]. Она является одним из основателей метода сказкотерапии — направления практической психологии, использующего ресурсы сказок для решения личностных проблем. Сказкотерапия позволяет человеку через метафору сказки осознать собственные переживания, найти ресурс для преодоления трудностей, увидеть новые варианты поведения. В рамках сказкотерапии выделяются несколько жанров: художественные сказки, дидактические, психокоррекционные, психотерапевтические и медитативные. Автор также разрабатывает методы работы с клиентскими сказками, где человек сам сочиняет историю, отражающую его внутренний мир.

Таким образом, теоретическая база нашего исследования включает три ключевых подхода: структурный (В.Я. Пропп), архетипический (К.Г. Юнг) и практико-ориентированный (Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева). Именно синтез этих подходов позволяет наиболее полно проанализировать роль сказочных образов в формировании личности и создать практический инструмент для работы с ними.

Материалом и методами исследования послужили: 1) теоретический анализ научной литературы по проблеме; 2) эмпирическое исследование в форме онлайн-опроса; 3) метод художественной интерпретации (создание визуальных образов персонажей).

Онлайн-опрос проводился с использованием Yandex Forms. В опросе приняли участие 70 респондентов разного возраста (от 16 до 55 лет) и пола (58% женского, 42% мужского). Респондентам предлагалось ответить на три открытых вопроса:

1. Вспомните свою любимую сказку детства. Какая это сказка?

2. Назовите сказочного героя, с которым вы ассоциируете свою жизнь прямо сейчас. Почему именно он?

3. Какие качества этого героя вам особенно близки?

Ответы респондентов фиксировались в виде текста, после чего проводился качественный и количественный анализ.

Анализ полученных данных показал, что в сознании современных людей значимы как фольклорные, так и литературные сказочные образы. Всего респондентами было названо 47 различных персонажей. Среди наиболее часто упоминаемых персонажей (более 5 раз) оказались:

Баба-Яга — 11 респондентов (15,7%);

Маленький принц — 9 респондентов (12,9%);

Алиса (из «Алисы в Стране чудес») — 8 респондентов (11,4%);

Рапунцель — 7 респондентов (10%);

Гадкий утёнок — 6 респондентов (8,6%);

Царевна-лягушка — 4 респондента (5,7%);

другие персонажи — 25 респондентов (35,7%).

Таким образом, наиболее популярными оказались Баба-Яга, Маленький принц, Алиса, Рапунцель и Гадкий утёнок. Обращает на себя внимание тот факт, что фольклорные образы (Баба-Яга, Царевна-лягушка) присутствуют, но их количество уступает литературным и медийным персонажам (Маленький принц, Алиса, Рапунцель). Это может свидетельствовать о трансформации культурного кода под влиянием современной культуры, мультипликации и кинематографа.

Выбор героя часто связан с актуальными жизненными задачами и внутренним состоянием респондента. Проведённый качественный анализ ответов позволил выявить следующие закономерности:

1. Баба-Яга выбирается людьми, которые находятся в ситуации внутреннего кризиса или переломного момента, проходят через серьёзные испытания. Один из респондентов пояснил: «Я сейчас как Баба-Яга — вроде страшная и нелюдимая, но меня надо просто понять и не бояться попросить о помощи».

Другой написал: «Баба-Яга — это мудрость, которую получаешь через боль. Сейчас я как раз в таком периоде».

2. Маленький принц выбирается теми, кто ищет смысл в отношениях, переживает одиночество или ответственность за других. Типичный комментарий: «Я часто чувствую себя одиноким на своей маленькой планете. Важно помнить, что самое главное невидимо глазами».

3. Алиса выбирается людьми, которые находятся в ситуации неопределённости, растерянности, любопытства или вынуждены осваиваться в новых для себя обстоятельствах. Один из респондентов отметил: «Вокруг всё страшнее и страшнее, как у Алисы. Я просто падаю в кроличью нору и не знаю, где окажусь завтра».

4. Рапунцель выбирается теми, кто чувствует себя в изоляции — реальной или эмоциональной, кто боится выйти из зоны комфорта или переживает сепарацию от родителей/партнёра.

5. Гадкий утёнок выбирается людьми с низкой самооценкой, переживающими непринятие себя, но при этом имеющими надежду на трансформацию.

Таким образом, выбор сказочного персонажа не случаен — он является проекцией внутреннего состояния человека, его актуальных проблем и задач развития. Это подтверждает идею о том, что сказочные образы работают как архетипы, активизирующиеся в определённые моменты жизни.

На основе полученных данных была разработана авторская серия рефлексивных карт — практический инструмент для самопознания и психолого-педагогической работы. Рефлексивные карты представляют собой набор карточек (предполагаемый размер 10×15 см), каждая из которых посвящена одному сказочному персонажу. Каждая карта включает в себя три составляющих:

1. Визуальный образ персонажа — авторский рисунок, выполненный в смешанной технике (акварель + линер). Изображение размещается на лицевой стороне карты и служит визуальным якорем, запускающим эмоциональный отклик.

2. Темы из опроса — перечень жизненных ситуаций и проблем, с которыми респонденты связывали данного персонажа. Это помогает пользователю карты идентифицировать свою ситуацию.

3. Вопросы для рефлексии — 4-6 открытых вопросов, напечатанных на оборотной стороне карты. Вопросы запускают процесс самоисследования, способствуют осмыслению личного опыта, помогают найти внутренний ответ через внешний образ, стимулируют диалог с собой, помогая справиться с хаотичностью мыслей.

Назначение карт —инструмент для работы психологов, педагогов, а также для самостоятельного использования людьми, желающими лучше понять себя. Карты могут применяться в индивидуальном консультировании, в групповой работе (например, в арт-терапевтических группах), а также в образовательных целях — на уроках литературы, психологии, классных часах.

Ниже представлены три рефлексивные карты, выбранные для подробного описания в рамках данной статьи.

Рефлексивная карта №1: «Маленький принц / Лис».

Образ: Маленький принц — главный герой одноимённой повести Антуана де Сент-Экзюпери. Он путешествует по разным планетам, встречает разных взрослых, учится дружить, любить и быть ответственным. Лис — персонаж, который открывает Маленькому принцу «секрет»: «Зорко одно лишь сердце. Самого главного глазами не увидишь». Вместе они символизируют тему привязанности, приручения, ответственности за того, кого приручил.

Темы из опроса: отношения, привязанность, поиск смысла, одиночество, ответственность.

Вопросы для рефлексии:

За кого или за что ты несешь ответственность в своей жизни?

Кого ты «приручил» — и кто «приручил» тебя?

Что для тебя сейчас самое важное, но невидимое глазами?

От чего или от кого тебе больно уходить?

Что самое важное на твоей планете? Что ты поливаешь, накрываешь колпаком, защищаешь?

Психологическое обоснование: Образ Маленького принца актуализирует тему поиска смысла жизни и подлинных ценностей. Вопросы к этой карте помогают пользователю осознать, что действительно важно в его жизни, от чего он не готов отказаться, за что несёт ответственность. Особенно актуальна эта карта для подростков и молодых взрослых, которые находятся в процессе сепарации от родителей и выстраивания собственной системы ценностей.

Рефлексивная карта №2: «Рапунцель».

Образ: Рапунцель — героиня одноимённой сказки братьев Гримм, а также популярного мультфильма студии Disney. Девушка с длинными волшебными волосами, заточена в высокой башне без дверей и лестницы. Она мечтает увидеть мир, но боится покинуть единственное место, которое знает. Её образ — это метафора изоляции, страха выхода, но также и внутренней силы, которая помогает освободиться.

Темы из опроса: изоляция, страх выхода, сепарация, свобода.

Вопросы для рефлексии:

Что держит тебя в твоей «башне»? (Это может быть страх, привычка, чужое мнение, чувство вины, ответственность).

Из какой ситуации ты хочешь выйти, но боишься? Что для тебя свобода прямо сейчас?

Кто или что помогает тебе не сойти с ума в заточении (даже если оно внутреннее)?

Что для тебя сейчас — свобода? А что — «фонарики» (радости, которые греют внутри)?

Психологическое обоснование: Образ Рапунцель резонирует с людьми, которые чувствуют себя в изоляции — реальной (домашнее заточение, болезнь, декрет) или эмоциональной (токсичные отношения, депрессия, социальная

тревожность). Вопросы помогают пользователю идентифицировать источник изоляции, осознать свои страхи, найти внутренние ресурсы («фонарики») и определить, что для него означает свобода. Карта особенно полезна в работе с сепарационными проблемами, с созависимостью, с тревожными расстройствами.

Рефлексивная карта №3: «Царевна-лягушка».

Образ: Царевна-лягушка — героиня русской народной сказки. Она предстаёт сначала в неприглядном образе лягушки, но на самом деле она — прекрасная Василиса Премудрая, скрывающая свою силу. Она терпеливо ждёт, пока Иван-царевич примет её настоящую, помогает ему мудрыми советами, а в финале сбрасывает лягушачью кожу и обретает истинный облик. Её образ — это метафора скрытой силы, терпения, доверия и внутренней трансформации.

Темы из опроса: скрытая сила, терпение, внешнее и внутреннее, доверие.

Вопросы для рефлексии:

Что в тебе скрыто от других, но ты знаешь, что это твоя сила?

Какие обстоятельства помогают тебе «сбросить кожу», открывая новые грани твоей личности?

Боишься ли ты, что тебя не примут, если узнают настоящим?

Что для тебя сейчас — «стрела»? (То, что судьба бросила, а ты поймал/а).

Психологическое обоснование: Образ Царевны-лягушки особенно важен для женщин, которые часто сталкиваются с необходимостью скрывать свою силу, ум, амбиции, чтобы соответствовать ожиданиям окружающих. Вопросы помогают пользователю осознать свои скрытые ресурсы, проработать страх непринятия, научиться доверять себе и другим. Карта также актуальна для людей, которые находятся в процессе личностной трансформации, которые чувствуют, что «сбрасывают старую кожу» и становятся собой настоящими.

Данное исследование может быть полезно педагогам, психологам, художникам, сказкотерапевтам и всем, кто занимается вопросами воспитания и культурной преемственности. Рефлексивные карты, как практический продукт, могут быть внедрены в работу школьных психологов, в программы арт-терапии, в курсы личностного роста, а также использоваться родителями для разговора с детьми о сложных эмоциональных темах.

Факт пересечения психологии, педагогики и искусства в работе со сказочными образами обозначает ценность для междисциплинарных исследований. Глубокое изучение того, как сказочные архетипы проявляются в самосознании современного человека, может помочь лучше понять механизмы идентификации, проекции и трансформации личности.

Перспективы дальнейших исследований:

1. Апробация разработанных рефлексивных карт в практической работе психологов и педагогов с последующей оценкой эффективности.

2. Расширение серии рефлексивных карт за счёт других персонажей, названных респондентами (Баба-Яга, Гадкий утёнок, Алиса), а также за счёт персонажей из менее известных, но психологически глубоких сказок.

3. Адаптация карт для разных возрастных групп — отдельно для детей (7-11 лет), подростков (12-17 лет), молодых взрослых (18-25 лет) и старшего возраста.

4. Сравнительный анализ восприятия одних и тех же сказочных образов в разных культурных контекстах (например, в русской и западной культуре), что позволит выявить универсальные и национально-специфические черты архетипов.

5. Разработка методического пособия для психологов и педагогов по использованию рефлексивных карт в индивидуальной и групповой работе.

6. Исследование динамики изменения репертуара значимых сказочных образов с течением времени (лонгитюдное исследование) или в зависимости от социально-экономических условий.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Основы сказкотерапии. — СПб.: Речь, 2006. — 176 с.
2. Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки. — СПб.: Азбука, 2021. — 1168 с.
3. Юнг К.Г. Душа и миф: шесть архетипов. — М.: АСТ, 2005. — 400 с.

ӘЛЖАППАР ӘБІШЕВТІҢ «НАЙЗАҒАЙ» РОМАНЫНДАҒЫ МӘДИДІҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕСІ

Касым Әсел – *М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетінің студенті (Петропавл, Қазақстан Республикасы)*
Кокбас Жазира – *ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., доцент*
Аубакирова Жамила Ануарбековна – *аға оқытушы, магистр*

Аңдатпа:

Бұл мақалада Мәди бейнесінің көркемдік табиғаты мен идеялық мазмұны ғылыми тұрғыда талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – кейіпкер тұлғасының қалыптасу ерекшеліктерін, оның ішкі жан дүниесін және әлеуметтік ортамен байланысын анықтау. Мақалада әдеби-теориялық талдау, салыстырмалы және сипаттамалық әдістер қолданылып, Мәди бейнесінің көркемдік жүйедегі орны айқындалады.

Зерттеу барысында кейіпкердің мінез-құлық ерекшеліктері, рухани-адамгершілік құндылықтары және өмірлік ұстанымдары жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, автордың тілдік шеберлігі мен көркемдік тәсілдері арқылы Мәди бейнесінің терең психологиялық сипаты ашылады. Кейіпкердің ішкі қайшылықтары мен қоғаммен қарым-қатынасы арқылы дәуір шындығы мен ұлттық болмыс мәселелері көрініс табады.

Мақалада Мәди бейнесінің жинақтаушы әрі типтік сипатқа ие екендігі дәлелденіп, оның тек жеке тұлға ғана емес, белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік-психологиялық келбетін бейнелейтін образ екені тұжырымдалады. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетіндегі кейіпкер табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және әдеби талдаудың ғылыми негіздерін толықтыра түседі.

Түйін сөздер:

Мәди бейнесі, көркем образ, кейіпкер, психологиялық талдау, әдеби талдау, ұлттық болмыс, рухани құндылық, авторлық стиль, әдебиет, көркемдік тәсілдер.

Аннотация:

В данной статье художественная природа и идейное содержание образа Мади рассматриваются с научной точки зрения. Основная цель исследования — выявить особенности формирования личности героя, его внутренний духовный мир и связь с социальной средой. В статье применяются литературно-теоретический анализ, сравнительный и описательный методы, на основе которых определяется место образа Мади в художественной системе произведения.

В ходе исследования всесторонне анализируются особенности поведения героя, его духовно-нравственные ценности и жизненные установки. Кроме того, посредством языкового мастерства автора и художественных средств раскрывается глубокая психологическая характеристика образа Мади. Через внутренние противоречия героя и его взаимоотношения с обществом отражаются проблемы эпохи и национальной идентичности.

В статье доказывается, что образ Мади носит обобщающий и типический характер, и делается вывод о том, что он представляет собой не только индивидуальную личность, но и художественный образ, отражающий социально-психологический облик определённого исторического периода. Результаты исследования позволяют глубже понять природу художественного героя в казахской литературе и дополняют научные основы литературного анализа.

Ключевые слова:

образ Мади, художественный образ, герой, психологический анализ, литературный анализ, национальная идентичность, духовные ценности, авторский стиль, литература, художественные средства.

Annotation:

This article examines the artistic nature and ideological content of the image of Madi from a scholarly perspective. The main objective of the study is to identify the specific features of the formation of the character's personality, his inner spiritual world, and his relationship with the social environment. The research employs literary-theoretical analysis, as well as comparative and descriptive methods, to determine the place of Madi's image within the artistic system of the work.

In the course of the study, the character's behavioral traits, spiritual and moral values, and life principles are comprehensively analyzed. In addition, the author's linguistic mastery and artistic techniques are explored to reveal the deep psychological nature of Madi's image. Through the character's internal conflicts and his interaction with society, the realities of the era and issues of national identity are reflected.

The article demonstrates that the image of Madi possesses both generalized and typical characteristics, concluding that he represents not only an individual personality but also a literary figure embodying the socio-psychological portrait of a particular historical period. The results of the study contribute to a deeper understanding of the nature of literary characters in Kazakh literature and enrich the theoretical foundations of literary analysis.

Keywords:

- тілдің лексикалық, грамматикалық нормаларын меңгерту;
- тілдік жағдаятқа сай қарым –қатынас жасауға дағдыландыру;
- ұлттық салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту;
- пәнге деген қызығушылығын арттыру.
-

Тәжірибе дәлелденгендей, қазіргі кезеңде білім мен біліктің, дағды мен білімнің қарапайым жиынтығы жеткіліксіз, сондықтан оқыту барысында білім алушының ақпаратты өз бетінше дербес алуы, оған талдау жасауы, бір жүйеге түсіріп, өзінің қабілеттерін танытуы үшін қоғамда және өз қызметінде тиімді пайдалана білуі сияқты білік-дағдыларын қалыптастыру аса маңызды болып отыр. Бұл мәселе білім алушының құзырет, құзыреттілігі деген маңызды ұғымдарға барып тіреледі.

Кәсіби білікті мамандарды мемлекеттік тілде дайындаудың алғы шарты – жоғары оқу орнында оқып жүрген студенттер өз мамандықтары салаларындағы ғылыми терминологияны толық игеруі тиіс. Егер студент жоғары оқу орнында мамандық негіздерін ғылыми тұрғыда меңгермесе, онда нағыз біліктілік деңгейіне жете алмайды. Бұл – қазіргі өмір шындығы.

Тілдерді толық игергенде ғана жас маман күнкөрісіне қажетті еңбекке орналаса алады және өз мамандығы бойынша кәсіби толысуға, кемелденуге мүмкіндік алады. Кәсіби қалыптасуын жетілдіреді, дамытады, тереңдетеді. Жоғары оқу орындарындағы техникалық, экономикалық т.б. мамандықтар бөлімдері студенттері үшін кәсіби-ғылыми терминдер жүйесі ұсынылады. Осыдан келіп мемлекеттік тілдің негізінде мамандарды дайындайтын ғылыми тіл қалыптасады.

Ғылыми ойлау – ғылыми тіл жүйесіндегі терминдерді керек етеді. Сондықтан ғылыми тілді игерудің шынар биігі - ғылыми ойлауды дамыту. Бұны ескермеген маманның сөйлеу тілі қалыптаспаған, түсініксіз, сөйлемдерді шұбалаңқы, тұжырымдары күңгірт келетіні ақиқат.Ғылыми тілді үйрену – ғылыми ойды дамыту, ғылыми ойды ана тілінде қалыптастыру болашақ маманнан шеберлікті қажет етеді. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып,студенттің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандығын ескере отырып, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудағы әдіснаманы дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Осыған орай кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби бағдарлық дегеніміз – оқыту үрдісінде болашақ маманды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай туғызу, студенттің мамандығына сәйкес оқыту,мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды игерту.

Ғалым Ф. Оразбаева: «Тілдік қатынас – жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» -дейді. Берілген анықтама бойынша тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ, ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс[3,8-б].

Олардың мамандық бойынша білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі. Мәтіндермен жұмыс барысында студенттер болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Әдіскер ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, Ф.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-брімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды…. Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді»[4,28]-деп атап өтеді. Тіл үйренушілендің кәсіби сөйлеу тілін мәтін арқылы дамыту жұмыстары сабақтардың бастапқы кезеңінен жүзеге асырылады. Кәсіби бағдарлы оқыту барысында ең алдымен, студенттердің кәсіби мамандықтары ескеріліп, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, негізгі ұғымдар мен терминдерге, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Осы орайда құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерімен қатар, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, қорытындылау, жинақтау көзделеді, сонымен қатар студенттердің кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуды қамтамасыз ететін мәтін түрлеріне баяндама, талқылау, әңгіме, пікірлесу, хабарлама,сұхбат жатады. Басты мақсатымыз - болашақ мамандыққа байланысты сөздерді қазақ тілінде үйретіп, кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Тіл үйрету сабақтарының бастапқы кезеңдерінде мәтіндердің берілу қағидаттары қарапайымнан күрделіге қарай алмасу заңдылықтарына негізделеді. Оқыту барысында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте студенттерге кәсіби танымдық мазмұндағы құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз тіркестері мен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерін орындаумен бірге, мәтіннен қажетті нақты ақпаратты табу көзделеді.Тілді оқытуда мәтіннің қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленеді.

Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби бағытта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы студенттердің сөздік қорларын байытып, кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Тиімді жұмыс барысында студенттердің өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, мамандықтары бойынша білімдері толыға түсері сөзсіз.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.Тіл барлық кезеңде ұлттық идеяның басты діңгегі және мемлекеттік идеологияның негізгі іргетасы саналды. Тіл арқылы тілдесе де, бірлесе де аламыз, біріге де, кіріге де аламыз. Тілдік ахуал уақыт өткен сайын жақсарып келеді. Тәуелсіздік тілді тығырықтан шығарып қана қойған жоқ, оның ғұмырын ұзартты, тынысын кеңейтті. Кеңестік кезең мен қазіргі уақыттың айырмасы жер мен көктей. Тілдік орта қазақыланды. Қазір кез келген ұлт өкілі өзі сөйлемесе де, қазақша әңгіменің не туралы екенін ұғып тұрады. Тіл үйренуге деген ықылас артты. Басқа ұлт өкілдері тілге шындап бет бұрды. Бүгінде телебағдарлама жүргізетін жирен шашты қыз-жігіттердің санынан жаңыласың. Бұрын олар бүкіл елде бірді-екеу ғана болатын. Көп алдына шығып, мемлекеттік тілде мемлекет мәселелері туралы суырылып сөйлей алатын өзге ұлттың бозбалалары мен бойжеткендері қазір жетіп-артылады. Мемлекеттік қызметке екі тілде еркін сөйлейтін жастар келді. Қос тілді қос қанатына айналдырған жас билингвист-журналистер ақпарат саласының ажарын ашты. Тіл саясатына деген көзқарас өзгерді.Тілдің киесі мен жұмыстың жүйесі бір арнаға тоғысты. Тіл үйренуге ықылас артты. Өзге тілді халықтар өз балаларын қазақ мектебіне бере бастады. Өйткені олар перзенттерінің болашағын қазақ тілімен байланыстырады. Қаншама жылдан бері қайта-қайта айтылып келе жатқан қажеттілік ұғымы бірте-бірте санаға сіңіріліп келеді. Ендеше, Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жеміс бермеді деп айта алмаймыз. Бұл бағдарлама тілді дамытудың келесі кезеңіне жол ашты. Сонымен қатар іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшірді , бірақ министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдарда қазақша ісқағаздарын әзірлеу мәселесі әлі де күрделі күйінде қалып, аудармашылар арқылы жүріп жатқандығы ешкімге құпия емес [4,20-б]. Себеп көп... сөйтіп, құжаттар қазақшаға баяғыда көшіп кеткенімен, көшінің келіп болуы әлі де біразға созылатындай. Тілді оқып-үйрену мәселесі бойынша талаптар күшейтілуі қажет. Тіпті тіл үйренуге деген ықылас пен ынтаға барлық әдістемелік құралдар қолжетімді және тиімді. Солай бола тұрса да, ең мықты әдістеме — адамның тіл үйренуге деген қызығушылығы екенін айтуға тиіспіз. Тіл саясатына ақпараттық технология келді. Интернет желісінде мемлекеттік тілдің порталы құрылды. Оған интернет-сервистің жиырмадан астам түрлері орналасты. Бұл, әсіресе, интернеттің құлағында ойнап, бұлағынан су ішіп отыратын жастар үшін қызықты болуға тиіс. Портал онлайндық сөздіктерге, мультимедиалық кешендерге, қашықтан оқыту жүйесіне, энциклопедияларға, тест жүйесіне және басқа да тіл үйренудің әдістемелеріне қол жеткізуге жол ашады. Соңғы уақытта үш тілді еркін білетін жастардың қатары көбейіп келеді. Жыл сайын өтетін «Тілдарын» деп аталатын

бәйгеміз осы мақсатпен ұйымдастырылады. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген басқа ұлт өкілдерінің жастары да арнайы форумға жиналып тұрады. Әрине, тілдің жетістігін айтқан тіліміз кемшіліктерге келгенде де іркіліп қалмайды. Тіліміздің тұтылып, ісіміздің ұтылып жатқан тұстары жоқ емес. Әйтсе де тіліміздің түтіні түзу ұша бастағанын елдің бәрі де көріп отыр. Міне, мемлекеттік тіл талай жыл бойы жас ұрпақтың бесігін тербетіп келеді. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, мемлекетіміздің бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы -тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата Заң аясында бақ-берекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде». Ендеше, болашағымызды бала-шағамызды қадірлегендей қадірлейік. Қазақстанның халық жазушысы, әйгілі ақын, көптеген аталы сөздер мен баталы сөздердің авторы Қадыр Мырза Әли: «Өз тілің -бірлік үшін, өзге тіл -тірлік үшін» дейді. Тағы да : «Топтастыратын да -тіл, от бастыратын да -тіл», -дейді. Олай болса, бірліктің тілін ұлықтайық, тірліктің тілін де ұмытпайық. Тіліміз арқылы топтасуға ұмтылайық деген болса, [5,51-б]. Шерубай Құрманбайұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор,: – Жоғары мектепте түрлі мамандықтарды қазақ тілінде оқыту тілдің бірқатар мәселесін шешуге ықпал етеді. Біріншіден, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік құралдар дайындау арқылы қазақ тілінің ғылыми стилі жетіліп, сала тілі қалыптасады. Математиканың, физиканың, биологияның тағы да басқа арнаулы салалардың кәсіби тілі, өзіндік оралымдары орнығады. Осы сала мамандары ауызша кәсіби қатынасымға жаттығады. Қазақ тілінің қоғам өмірінің сан түрлі салаларындағы қолданысын, оның мемлекеттік тіл ретіндегі қызметтерін еркін және мүлтіксіз атқаруы үшін бұл – сөзсіз орындалуы тиіс шарттардың бірі. Екіншіден, қазақ тілінде оқытылып жатқан мамандықтардың, арнаулы салалардың тірек терминдері, оқулық терминдері тұрақтап, салалық терминологиялар жүйесі жасалып, қалыптасады. Ұлттық терминқор жасалып, салалық терминологиялар жүйесі орнықпайынша тілдің ғылым мен білім салаларындағы қызметі қамтамасыз етілмек емес. Үшіншіден, қазақ кәсіби тілін, ғылым тілін меңгерген түрлі сала мамандары, болашақ ғылыми қауым, қазақтілді ұлттық элита қалыптастырудың негізі жасалады. Тілдің ғылым мен білім беру салаларындағы қолданысын қалыптастырудың аса маңызды мәселесі-оның ғылыми ақпарат алу құралына айналуы. Ол үшін, алдымен, қазақ тілінде жинақталған мол ғылыми ақпарат болуы қажет. Ондай ғылыми ақпараттар түрлі ғылым салалары бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар, ғылыми жинақтар, ғылыми журналдар шығарылып, олар қазіргі заман талабына сай жабдықталған ғылыми кітапханаларда шоғырландырылса, қазақ тіліндегі ғылыми ақпараттар қоры жасалады. Осы қорды бүгінгі технологиялар, интернет желісі, электронды жеткізгіштер арқылы пайдалануға мүмкіндік туғызу арқылы біз қазақ тіліндегі отандық ғылыми кеңістікті қалыптастырып, оның көкжиегінің кеңеюіне де жол аша аламыз. [6,75-б]. Сайып келгенде, тіл саясатының ойдағыдай жүзеге

асырылуында бұқаралық ақпарат құралдарының өзіндік рөлі бар. Қазақ басылымдарының таралымы жыл санап өсе түсуде. Бірақ бұл орайда сіз бен біз пікірлесетін жай бар деп есептеймін. Өйткені елімізде тіл саясатын насихаттау, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыра түсу бұқаралық ақпарат құралдарының таралымына тікелей байланысты.Сондықтан мемлекеттік тапсырысты орындайтын БАҚ-тар осы жағдайға көңіл бөлуі тиі, әрі олардан тіл саясатына өз үлесін қосу мемлекеттік тапсырыс беруші тарапынан талап етілуі тиіс деп ойлаймын. Орыстілді басылымдарда айына бір рет болса да қазақ тілін үйрету беті берілсе, онда күнделікті қолданылатын сөздердің орысша-қазақша сөздігі жарияланып тұрса, қалай болар еді? [7,2-б].

Орыстілді оқырмандар арасында қазақ тілін үйренгісі келетіндер қатары күн санап өсіп отырғаны өмірден де, статистикадан да белгілі. Атап айтсақ оқу ордамызда түрлі этностар өкілдерінің арасында түсінікті және қолжетімді форматта цифрлық ортада қазақ тілін үйрету курсы ұйымдастырылуда (БЖК). "Қазақ тілі-этносаралық қарым-қатынас тілі" атты Қазақстан этностарының арасындағы болашақ көшбасшы қоғамдық жастар қозғалысы құрылып, алғашқы жұмыстарын бастап кетті.(KazStar оқыту бағдарламасы бойынша). Қорыта келгенде қазақ тілін жаңғырту - мемлекеттік мәні бар ұлтымыздың мәселесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова «Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері», Алматы, 2001
2. Ақиқат. 2011 жыл, №5. «Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзі.
3. Ф.Ш.Оразбаева «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі», Алматы, 2000.207-б
4. Ф.Ш.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникация негіздері, Алматы, РБК, 1995
5. Қанатты сөздер – ЛингваАрт 2006-2016. 6. Облыстық —Аймақтық үш тілділікті дамыту бағдарламасы‖, Өскемен. 2015ж.
6. Нұртазин Т. Сөз құдіреті.- Астана: Ер-дәулет, 2007.
7 www.egemen.kz

МРНТИ 14.35.09
УДК 372.881.111.1

МЕТОДИКА РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ МЫШЛЕНИЯ НА ОСНОВЕ АНАЛИТИЧЕСКОГО ЧТЕНИЯ И АРГУМЕНТИРОВАННОГО ГОВОРЕНИЯ

Богумбаева Ж.М.
Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева

Аңдатпа: Мақалада студенттердің ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған аналитикалық оқу мен дәлелді сөйлеуге негізделген әдістеме жан-жақты қарастырылады. Оқыту үдерісінде когнитивтік белсенділікті арттыру, сыни ойлауды қалыптастыру және тілдік дағдыларды интеграциялау жолдары сипатталады. Сонымен қатар мәтінмен жұмыс істеудің кезеңдері мен нақты тапсырмалар жүйесі ұсынылады.

Кілт сөздер: ойлау, сыни ойлау, аналитикалық оқу, дәлелді сөйлеу, ағылшын тілі.

Аннотация: В данной статье рассматривается методика развития мыслительных навыков студентов на основе аналитического чтения и аргументированного говорения. Раскрываются психолого-педагогические основы формирования критического мышления, описываются этапы работы с текстом, система упражнений и методические приёмы, направленные на развитие когнитивной активности. Особое внимание уделяется интеграции чтения и говорения как взаимосвязанных видов речевой деятельности.

Ключевые слова: мышление, критическое мышление, аналитическое чтение, аргументированное говорение, иностранный язык.

Abstract: This article presents an extended methodology for developing students' thinking skills through analytical reading and argumentative speaking. It examines psychological and pedagogical foundations of critical thinking, describes stages of text-based work, and provides a system of exercises aimed at enhancing cognitive activity. Special attention is paid to the integration of reading and speaking in foreign language teaching.

Keywords: thinking, critical thinking, analytical reading, argumentative speaking, foreign language.

Современное образование функционирует в условиях информационной глобализации и цифровизации, что предъявляет новые требования к подготовке специалистов. На сегодняшний день недостаточно владеть лишь знаниями - необходимо уметь анализировать информацию, критически её оценивать, делать выводы и выражать аргументированно свою позицию. В связи с этим особую актуальность приобретает развитие мыслительных навыков обучающихся, особенно в процессе изучения иностранного языка. Р.С. Немов определяет мышление как высший познавательный процесс, который представляет собой порождение нового знания, активную форму творческого отражения и преобразования человеком действительности. Отличием мышления от других психологических процессов состоит в том, что оно почти всегда связано с наличием проблемной ситуации, задачи, которую нужно решить, и активным изменением условий, в которых эта задача задана [1]. Иностранный язык в данном контексте выступает не только как объект изучения, но и как средство развития когнитивных способностей. Чтение и говорение, являясь основными видами речевой деятельности, создают условия

для активизации мыслительных процессов, формирования логического мышления и развития способности к аргументации.

Развитие мышления тесно связано с речевой деятельностью. Согласно Л.С. Выготскому, мышление и речь находятся в диалектическом единстве, а развитие высших психических функций происходит через социальное взаимодействие [2]. Это означает, что обучение должно строиться на основе активного включения обучающихся в коммуникативную деятельность. Критическое мышление представляет собой сложный когнитивный процесс. Д. Халперн определяет его как способность анализировать информацию, оценивать аргументы и делать обоснованные выводы [3]. В.Д. Шадриков подчёркивает, что развитие познавательных процессов возможно только при активной деятельности обучающегося, направленной на решение проблемных задач [4]. Таким образом, развитие мышления требует: проблемных ситуаций, активного участия студентов, интеграции когнитивной и речевой деятельности.

Чтение является одним из ключевых инструментов формирования аналитического мышления. По мнению I.S.P. Nation, работа с текстом способствует развитию навыков анализа, интерпретации и прогнозирования [5]. Аналитическое чтение включает: выявление ключевой информации, установление логических связей, интерпретацию подтекста, формирование гипотез. Особенно эффективными являются тексты с открытым концом, так как они создают проблемную ситуацию и стимулируют мышление.

Говорение представляет собой продуктивную деятельность, требующую активной переработки информации. Дж. Хармер отмечает, что устная речь способствует развитию логического мышления и коммуникативной компетенции [6]. Аргументированное говорение включает: формулирование позиции, подбор доказательств, логическое структурирование речи, взаимодействие с собеседником. Следовательно, говорение развивает не только языковые, но и когнитивные навыки.

Разработанная методика основывается на интеграции чтения и говорения и включает систему принципов: коммуникативной направленности, проблемности, активной познавательной деятельности, интеграции чтения и говорения, поэтапности обучения.

Предтекстовый этап выполняет функцию когнитивной подготовки обучающихся к восприятию текста. Его основная цель заключается в активизации фоновых знаний, формировании мотивации к чтению и создании проблемной ситуации, стимулирующей мыслительную деятельность. С точки зрения психологии обучения, данный этап способствует включению механизмов прогнозирования, которые являются важными компонентами аналитического мышления. Как отмечает Немов, мышление активизируется в ситуации неопределённости, когда субъект сталкивается с задачей, требующей поиска решения. На данном этапе преподаватель организует обсуждение, направленное на выдвижение гипотез относительно содержания текста. Используются открытые вопросы, которые не предполагают единственно правильного ответа. Например: «Как вы думаете, о чём будет текст?», «Какие

события могут произойти?», «Какие проблемы могут быть затронуты?». Подобные вопросы формируют у студентов установку на активное восприятие текста и побуждают их к аналитическому мышлению ещё до начала чтения. Методически эффективными приёмами являются: мозговой штурм, обсуждение заголовка и иллюстраций, составление предположений, работа с ключевыми словами. Результатом данного этапа становится формирование предварительных гипотез, которые в дальнейшем проверяются в процессе чтения. Таким образом, предтекстовый этап обеспечивает когнитивную мотивацию и подготавливает основу для аналитической деятельности.

Текстовый этап направлен на развитие аналитического мышления в процессе непосредственной работы с текстом. На этом этапе происходит активная переработка информации, включающая анализ, синтез и интерпретацию. Согласно I.S.P. Nation, эффективное чтение предполагает не только понимание содержания, но и активное взаимодействие с текстом, включающее выделение ключевых идей и установление смысловых связей [5]. В рамках методики студенты выполняют задания, направленные на: выявление ключевых событий, определение мотивов персонажей, установление причинно-следственных связей, анализ деталей и скрытых смыслов. Особое внимание уделяется работе с текстами с открытым концом или детективным сюжетом, поскольку они требуют от обучающихся активного анализа и выдвижения гипотез. Примеры упражнений: заполнение таблицы «событие - причина - следствие», составление схемы «персонаж - мотив - действие», поиск доказательств в тексте, выделение ключевых фраз. Важным элементом является фиксация информации, что способствует развитию логического мышления и систематизации знаний. На данном этапе реализуется принцип активной познавательной деятельности: студенты не просто читают текст, а анализируют его, интерпретируют и формируют собственное понимание. Таким образом, текстовый этап обеспечивает переход от поверхностного восприятия к глубокой аналитической обработке информации.

Послетекстовый этап направлен на развитие аргументированного говорения и критического мышления. Именно на этом этапе происходит переход от анализа к продуктивной речевой деятельности. С точки зрения методики обучения иностранным языкам, данный этап является ключевым, поскольку позволяет интегрировать рецептивные и продуктивные навыки. Дж. Хармер подчёркивает, что чтение должно служить основой для последующей речевой активности [6,]. На данном этапе студенты: формулируют собственное мнение; выдвигают гипотезы; аргументируют свою позицию; участвуют в дискуссии. Используются такие формы работы, как: дебаты, групповое обсуждение, ролевая игра, защита гипотез. Примеры речевых моделей: «I think… because…» «In my opinion…» «I disagree because…» Особую роль играет взаимодействие студентов, которое способствует развитию: критического мышления, логики рассуждения, коммуникативных навыков. В процессе обсуждения студенты учатся: анализировать аргументы других, выявлять логические ошибки, формулировать контраргументы. Таким образом,

послетекстовый этап обеспечивает развитие высших когнитивных процессов и формирование навыков аргументированной речи.

Рефлексивный этап направлен на развитие метакогнитивных навыков, то есть способности осознавать и контролировать собственную мыслительную деятельность. Согласно Д. Халперн, метакогниция является важнейшим компонентом критического мышления, так как позволяет оценивать эффективность собственных рассуждений [3]. На данном этапе студенты: анализируют свои ответы, оценивают аргументы, делают выводы о процессе мышления. Примеры заданий: «Почему вы выбрали именно эту точку зрения?» «Какие аргументы были наиболее убедительными?» «Изменилось ли ваше мнение?» Также используются: самооценка, взаимная оценка, письменная рефлексия. Этот этап способствует: развитию осознанного мышления, формированию навыков самоконтроля, улучшению аргументации. Таким образом, предложенная структура методики обеспечивает последовательное развитие мыслительных навыков: предтекстовый этап - формирует гипотезы; текстовый этап - развивает анализ; послетекстовый этап - формирует аргументацию; рефлексивный этап - развивает метакогницию.

Поэтапная организация учебного процесса позволяет не только эффективно обучать иностранному языку, но и целенаправленно развивать критическое и аналитическое мышление студентов.

Результаты работы позволяют сделать вывод о том, что развитие мыслительных навыков является важной задачей современного образования. Анализ показал, что методика, основанная на аналитическом чтении и аргументированном говорении: развивает критическое мышление, формирует коммуникативные навыки, повышает мотивацию. Таким образом, она является эффективным инструментом обучения иностранному языку.

Литература

1. Немов, Р. С. Психология : учебник для студентов высших педагогических учебных заведений : в 3 книгах. Книга 1. Общие основы психологии / Р. С. Немов. – 3-е изд. – Москва : ВЛАДОС, 1997. – 688 с. – ISBN (если есть).
2. Выготский, Л. С. Мышление и речь / Л. С. Выготский. – Москва : Педагогика, 1982. – 361 с.
3. Халперн, Д. Психология критического мышления / Д. Халперн. – Санкт-Петербург : Питер, 2000. – 512 с. – (Серия «Мастера психологии»).
4. Шадриков, В. Д. Познавательные процессы и способности в обучении : учебное пособие / В. Д. Шадриков. – Москва : Просвещение, 1990. – 142 с.
5. Nation, I. S. P. Teaching ESL/EFL Reading and Writing / I. S. P. Nation. – New York : Routledge, 2009. – 168 p.
6. Harmer, J. How to Teach English / J. Harmer. – Harlow : Longman, 2007. – 288 p.

ӘОЖ45.123. 17

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Кенжебаева А.Т., Ержанқызы А.
Alimakzt@mail.ru
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз, Қазақстан

Аңдатпа:Бұл мақалада сөйлеу қабілеті бұзылған білім алушыларға инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Зерттеу барысында сөйлеу бұзылыстарының түрлері, олардың оқыту процесіне әсері және білім алушылардың танымдық, коммуникативтік дамуына ықпалы талданады. Сонымен қатар, инклюзивті ортада педагогикалық қолдау көрсету, арнайы әдістер мен технологияларды қолдану, логопедиялық жұмыстың маңыздылығы қарастырылады.
Кілт сөздер: Сөйлеу, инклюзив, таным, оқушы, қолдау, әдіс, логопед.

Аннотация:В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты инклюзивного образования для учащихся с нарушениями речи. В исследовании анализируются типы нарушений речи, их влияние на процесс обучения, а также на когнитивное и коммуникативное развитие учащихся. Кроме того, рассматривается важность педагогической поддержки, использования специальных методов и технологий, а также работы логопеда в инклюзивной среде.
Ключевые слова:Речь, инклюзия, познание, студент, поддержка, метод, логопед.

Abstract: This article examines the theoretical and practical aspects of inclusive education for students with speech impairments. The study analyzes the types of speech impairments, their impact on the learning process, and their impact on the cognitive and communicative development of students. In addition, the importance of pedagogical support, the use of special methods and technologies, and speech therapy work in an inclusive environment are considered.
Keywords: Speech, inclusion, cognition, student, support, method, speech therapist.

Қазіргі заманда Қазақстанда білім беру жүйесі дәстүрлі әдістерден жаңа педагогикалық тәсілдерге, әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Инклюзивті білім беру мұндай балалардың әлеуметтенуіне және олармен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беруде шешуші рөл атқарады.

Осыған байланысты мектепке дейінгі мекемелер барлық балалардың жас ерекшеліктерін, типологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дамуына оңтайлы жағдай жасау, сондай-ақ олардың табысты әлеуметтенуіне ықпал ету қажеттілігіне тап болады. Баланың қоғамға интеграциялануының маңызды факторлары ретінде танымдық және сөйлеу тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Сөйлеуді дамыту жеке тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады, ол Л.С. Выготскийдің сөйлеу, ойлау және әлеуметтік қатынастардың өзара байланысы туралы идеяларына сәйкес келеді[1].

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту мәселесінің өзектілігі сөйлеу бұзылыстарының құрылымының күрделенуіне байланысты.

Бұл мұғалімдерден диагностикалық және түзету әдістерінің кең спектрін меңгеруді талап етеді. Сөйлеуінде ауыр кемістігі бар балаларды (ТНР) инклюзивті ортаға қосу сөйлеуді дамытудың тиімді әдістерін әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді ынталандырды олардың коммуникативтік дағдыларын меңгеру.

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және сөйлеу дамуын бағалау әдістемесі М.А. Васильева, В.В. Гербова және Т.С. Комарова. 5-6 жастағы балалардың, соның ішінде ТНР бар балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленген диагностикалық тапсырмалар мыналарға бағытталғанүлкен топтағы балаларға арналған.

Әрбір баланы тексеру нәтижелері диагностикалық картаға түсіріліп, сапалық және сандық тәсілдер арқылы талданды. Сапалық талдау іс-әрекет тәсілдерін, қателіктердің сипатын және баланың өз іс-әрекетінің нәтижелерімен байланысын бағалауды қамтыса, сандық талдау сөйлеуді дамыту деңгейін және қоршаған әлем туралы түсініктерді бағалауға мүмкіндік берді. Сапалық бағаларды салыстыру дамудың бес деңгейінің бірін анықтауға мүмкіндік берді: жоғары, орташадан жоғары, орташа, орташадан төмен және төмен. Сөйлеу - сананың дамуында шешуші рөл атқаратын адамға ғана тән психикалық қызмет. Ауызша қарым-қатынастың арқасында дүниені жеке қабылдау қоғамдық тәжірибемен, біліммен және адамзаттың мәдени мұрасымен байытылады. Сөйлеу тіл арқылы жүзеге асырылатын қарым-қатынастың негізі болып табылады және қабылдау, елестету, есте сақтау сияқты танымдық процестердің қалыптасуы мен дамуына тікелей әсер етеді. Л.С. Выготский сөйлеуді баланың мәдени тәжірибесін жинақтаудың негізі ретінде қарастыра отырып, оның ойлау қабілеті мен жеке басының дамуы үшін айрықша маңыздылығын атап көрсетті[1].

Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды жалпы білім беретін мектептерге біріктіру оқу мен жазуды меңгеруде қиындықтармен байланысты. Зейін мен есте сақтау қабілетінің жетіспеушілігі, нашар өнімділік және шаршау сияқты ілеспе мәселелер де оқу үдерісін қиындатады. Осыған байланысты мектептерді сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды инклюзивті оқытуға дайындау қазіргі педагогиканың басым бағыты болып табылады.

Сөйлеудің ауыр бұзылыстары танымдық қабілеттердің дамуына, баланың жеке басының қалыптасуына және әлеуметтік бейімделуіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды оқыту мақсатты және жүйелі логопедиялық қолдауды қажет етеді.

Логопедиялық көмектің маңызды аспектісі дәрігерлер мен педагогикалық психологтар сияқты басқа мамандармен ынтымақтастық болып табылады. Неврологиялық тексеру сөйлеу кемістігінің себептерін және онымен байланысты неврологиялық белгілерді анықтау үшін қажет.

Сөйлеуді дамыту - бұл баланың жалпы психофизикалық дамуымен тығыз байланысты күрделі процесс. Сөйлеудің қалыпты қалыптасуы үшін жақсы есту және көру, сондай-ақ баланың сөйлеуге қанықкан ересектермен белсенді қарым-қатынасы қажет. Егер баланың есту қабілеті мен ақыл-ойы сақталған

болса, бірақ оның психикалық дамуына кері әсерін тигізетін сөйлеу тілінің айқын бұзылыстары байқалса, онда сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды ерекше санатқа жатқыза отырып, олар туралы айтады.
Балалардың бұл санаты өте гетерогенді және сан алуан. Сөйлеудің бұзылуының әр түрлі себептері мен даму механизмдері болуы мүмкін, сонымен қатар біріншілік немесе екіншілік ақаулар түрінде көрінуі мүмкін. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға мыналар жатады сөйлеудің коммуникативтік және танымдық функцияларындағы проблемаларға әкелетін әртүрлі психофизикалық ауытқулары бар балалар.
Г.В. Чиркина балалар мен жасөспірімдердегі сөйлеу тілінің бұзылуын клиникалық-педагогикалық тұрғыдан қарастырады.
Ауызекі сөйлеу тілінің бұзылуы (сөйлеуді фонациялық ресімдеудің бұзылуы):

- Афония/Дисфония: Дауыстың қалыптасуының болмауы немесе бұзылуы.
- Брадилалия:Патологиялықбаяусөйлеу қарқыны.
- Тахилалия:Сөйлеудіңпатологиялықжеделдетілген қарқыны.
- Кекештену: Сөйлеу аппараты бұлшықеттерінің спазмынан туындаған сөйлеудің тегістігі мен ырғағының бұзылуы.
- Дислалия:Қалыптыестужәне сөйлеу мүшелерінің иннервациясы кезінде дыбыстардың айтылуының бұзылуы.
- Ринолалия:Сөйлеуаппаратыныңанатомиялық ақауларына байланысты дауыс ырғағының өзгеруі және дыбыстың айтылуының бұзылуы.
- Дизартрия: Сөйлеу аппаратының жеткіліксіз иннервациясынан туындаған сөйлеудің айтылу жағының бұзылуы.

Мәлімдеменің құрылымдық-семантикалық ресімделуінің бұзылуы:

- Алалия: Мидың сөйлеу аймақтарының органикалық зақымдануына байланысты сөйлеудің болмауы немесе дамымауы.
- Афазия: Мидың локализацияланған зақымдануынан туындаған сөйлеудің толық немесе ішінара жоғалуы.

Жазбаша тілдің бұзылуы:

- Дислексия/Алексия:Оқупроцесініңішінара немесе толық бұзылуы.
- Дисграфия/Аграфия:Жазупроцесініңішінаранемесетолықспецификалықбұзылуы.

Психологиялық-педагогикалық классификация:
Бұл классификация лингвистикалық және психологиялық критерийлерге негізделген.

- Тілдік қарым-қатынас құралдарының бұзылуы:
- Сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық дамымауы (ФФНР):

Фонемаларды қабылдау мен айтылуындағы ақауларға байланысты әртүрлі бұзылулары бар балалардың ана тілінің айтылу жүйесінің қалыптасуының бұзылуы.

- Сөйлеудің жалпы дамымауы (ОП I-IV деңгей):Сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің (дыбыстық жәнесемантикалықжақтары) қалыптасуыәртүрлісебептерменбұзылатынкүрделісөйлеубұзылыстары.

Біріншісыныпоқушыларымектепке мектепке дейінгі білім беруде әртүрлі

тәжірибемен келеді: біреу кәдімгі балабақшаға барса, біреу логопедиялық топқа барса, біреу мен балабақшаға мүлдем барған жоқпын.

Сөйлеу проблемаларының күрделілігіне байланысты оқушыларға әр түрлі логопедиялық қолдау көрсетіледі. Сөйлеуқабілетішамалыбұзылғанбалаларқарапайыммектептердеоқидыжәнемектептегілогопедиялықкабинеттердекөмек ала алады[2].

Инклюзивті білім беру – сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстарынан туындаған оқуда қиындықтары бар балалардың мектепке бейімделуіне, физикалық және психикалық денсаулығын жақсартуға көмектесетін сараланған оқытудың бір түрі. Инклюзивті мектепте V типті арнайы (түзету) бағдарламасы бойынша оқыту балабақшаларды, мектептерді, қосымша білім беру мекемелерін, сондай-ақ кәсіптік мектептерді біріктіретін кешенді оңалту жүйесінің бір бөлігі бола алады.

Инклюзивті оқыту барлық оқушылардың, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың бірыңғай оқу жоспарлары бойынша білім алуын көздейді. Бастауыш және бастауыш мектептер, сондай-ақ арнайы және жалпы білім беретін мектептер арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету маңызды.білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Бұл тәсіл сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың жасына және жеке ерекшеліктеріне, сондай-ақ денсаулық жағдайына байланысты оңтайлы жағдай жасайды.

Білім беру үдерісіндегі кешенді тәсіл:

Оқыту процесінде диагностика, түзету, дамыту, емдеу, алдын алу және әлеуметтік қолдауды біріктіру қажет.

V түрдегі бағдарлама және оның мақсаттары:

Арнайы (түзету) V типті бағдарлама бойынша дизартрия сияқты сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар II және III деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалар оқытылады, ринолалия, алалия, афазия, дислексия, дисграфия және кекештену. Мұндай сыныптарда оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі ауыр кемістігі бар балаларға жағдай жасауда пайдалы кәдімгі мектептердегі сөйлеу.

Арнайы (түзету) V типті бағдарламалар мүмкіндігі шектеулі (сөйлеу қабілеті бұзылған) балаларға арналған. Олар дамудағы ауытқуларды түзетуге, сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуге, жалпы білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгеруге жағдай жасауға және балаларға көмектесу үшін әлеуметтік-психологиялық оңалтуға бағытталған қоғамға интеграциялану.

V типті бағдарлама бойынша инклюзивті оқытуды ұйымдастыру шарттары:

V типті бағдарлама бойынша инклюзивті оқыту құрылтайшымен келісілген мектеп басшысының бұйрығы негізінде және бар болған жағдайда жүзеге асырылады:

- Қызметтің осы түрінелицензиялар.
- Аумақтықпсихологиялық-медициналық-педагогикалықкомиссияның (ПМПК) қорытындылары.
- Білім басқармасы берген жолдама.

• Орталықпсихологиялық-медициналық-педагогикалықкомиссияныңұсыныстары.Қорытындылай келе, сөйлеу қабілеті нашар балаларға жалпы кестеге енгізілмеген жеке түзету сабақтары түрінде мамандарға (логопед, психолог, дефектолог) қосымша қолдау көрсетіледі[3]. Бұл сабақтар әр баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жасалады.

Сабақ материалды меңгеру деңгейіне және оқытудың ағымдағы кезеңіне бейімделеді. Білімді бекіту жеке таңдалған дидактикалық материалдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тьютор топта жұмыс істеу қиын болған кезде сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға қолдау көрсетеді: тапсырмаларды талдайды, жеке көмек көрсетеді, тапсырмалар мен жаңа материалдарды түсіндіреді.

Бейімделген оқу жоспарлары мен материалдары әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жағдай жасай отырып, инклюзивті білім беруді қамтамасыз етеді.

Әрбір оқушы өзін құнды сезінетін, өзін-өзі жүзеге асыра алатын және дами алатын, сондай-ақ бос уақытында белсенді болатын атмосфераны құру маңызды.

Балаларға арналған түзету технологиялары ойлауды белсендіруді (әсіресе тілді үйрену кезінде салыстыру арқылы), іс-әрекеттерді алгоритмдеуді, сөйлеу негізі ретінде көрнекі материалдарды пайдалануды және тәуелсіздікті арттыруға бағытталған әртүрлі көмек түрлерін қамтиды. Көшіру жаттығулары, әсіресе тілді оқытуда маңызды рөл атқарады.

Логопед жұмысты танымдық қызығушылықты, жоспарлау, бақылау және бағалау дағдыларын, сондай-ақ қарым-қатынас пен командада жұмыс істеу қабілетін дамыту үшін құруы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Выготский, Л. С. Ақыл-ой кемістігі мәселесі / Л. с. Выготский / / шығармалар жинағы: 6 томдық 5. Дефектология негіздері / ред.Т. А. Власова. – М., 2019. – Б. 339.

2. Кабанова, Т. В. Тест диагностикасы: тексеру сөйлеу қабілеті бұзылған 3-6 жастағы балалардағы сөйлеу, жалпы моторика / Т. В. Қабанова, О.В. Долмина; ред. Н. Е. Ильякова. – М., 2018.

3. «Балабақшадағы тәрбие және оқыту бағдарламаларын» меңгеру деңгейлерін кешенді диагностикалау / ред. М. А. Васильева, В. В. Гербова, Т. С. Комарова: диагностикалық журнал. Аға топ / автор.-құрамы. Н. Б. Вершинина. - Волгоград, 2020.

ӘОЖ42.235. 12

ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЖЕКЕЛЕУ-САРАЛАУ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ

Кенжебаева А.Т., Ешенқұл Қ.Ө.
Alimakzt@mail.ru
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз, Қазақстан

Аңдатпа:Бұл мақалада ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқытуда жекелеу-саралау тәсілін қолданудың теориялық негіздері мен практикалық мүмкіндіктері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы, оқу материалын меңгеру деңгейін жақсартудағы рөлі талданады. Сонымен қатар, оқыту мазмұнын бейімдеу, тапсырмаларды деңгейлеп беру, оқыту қарқынын реттеу және қолдау көрсету әдістерінің тиімділігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: Инклюзив, таным, оқушы, қолдау, әдіс, логопед, диагностика.

Аннотация:В данной статье анализируются теоретические основы и практические возможности применения индивидуализированно-дифференцированного подхода в обучении детей с особыми образовательными потребностями, его роль в повышении познавательной активности детей с особыми образовательными потребностями, улучшении уровня усвоения учебного материала. Кроме того, демонстрируется эффективность методов адаптации содержания обучения, выравнивания задач, регулирования темпа обучения и оказания поддержки.

Ключевые слова:Инклюзивность, познание, студент, поддержка, метод, логопед, диагностика.

Abstract: This article analyzes the theoretical foundations and practical possibilities of using the individualized-differentiated approach in teaching children with special educational needs, its role in increasing the cognitive activity of children with special educational needs, improving the level of mastery of educational material. In addition, the effectiveness of methods for adapting the content of education, leveling tasks, regulating the pace of learning, and providing support are demonstrated.

Keywords: Inclusiveness, cognition, student, support, method, speech therapist, diagnostics.

Қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының қатарына барлық адамдардың білім алу құқықтарының теңдігі жатады. Білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт - инклюзивті орта. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді. Осы ретте көңіл аударуды қажет ететін маңызды шарт - ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың сапалы білім алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз етудің педагогикалық психологиялық мәселелері[1].

Ол - ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары аясында оқушылардың білім бағдарламаларын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты, оқу материалдары мен ресурстарын бейімдеу сынды күрделі мәселелерден бастап, ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категорияларының психофизиологиялық даму ерекшеліктері, олардың қабылдау деңгейлеріне орай күнделікті сабақ тапсырмаларын дайындау, оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен дескрипторларды құру, сынып ұжымындағы моральды-психологиялық ахуалды бақылау және реттеу, ерекше білім қажеттілігі бар оқушыны қолдау, өзара қарым-қатынастар жүйесі және бірлескен іс-әрекетерді басқару, ата-аналармен жұмыс, т.б. іс-әрекеттерді қамтиды.

Жекелей оқыту тәсілін жүзеге асырудың құралы саралап оқыту болып табылады. Саралап оқыту білім деңгейі әр түрлі оқушыларды топтарға жіктеп, әр топты өз деңгейіне сай оқытып, білімін одан әрі жетілдіру үшін қолданылады. Саралап оқыту – бірыңғай сапалық қасиеттері бойынша қалыптастырылған оқушылар тобын оқыту тәсілі; орта мектептің білім бағдарламасы мен оқу жоспарын оқушылардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне және даму ерекшелігіне қарай жіктеу технологиясы. Саралап оқыту оқушылардың білімін жан-жақты дамытуды, оларды қызықтыратын ғылым мен техника саласынан білімін жетілдіруді, сондай-ақ мамандыққа бейімдеуді көздейді. Инклюзивті білім беру жағдайында жеке тұлғаға бағдарланған мұндай оқыту тәсілін жүзеге асыру тиімділігі жоғары. Оқытудың жеке-саралау тәсілінің маңызын Н.А. Менчинская «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушылар тұлғасының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты», - деп атап көрсетті. Саралап оқыту технологиясында сыныппен жұмыс деңгейлерді қарастырады және қосымша, шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Ондағы басты мақсат – оқушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан, жұмысты I деңгейде орындайды. I деңгей тапсырмаларын орындау - Жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты талаптарын орындау кепілдігі. Ісжүзінде осы деңгейдегі тапсырманы орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Сыныптағы барлық оқушы I деңгейлі тапсырманы орындауға міндетті, ал одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға ынталандыру – мұғалім шеберлігі. Осы тұрғыдан алғанда Н.А.Менчинская көрсеткендей «үлгерімі төмен, баяу» оқушы үздік оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? Берілген деңгейде ғана орындаған жағдайда қалған тапсырмаларды қосымша немесе өз бетінше орындауға, тіпті үй жұмысы ретінде беруге болады. Жекелеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. Олар тапсырмаларды орындау барысында ұпай (балл) жинау арқылы бағаланатынын, нәтижесінде әрқайсысының сыныпішілік рейтингі анықталатынын білген сәттен, әр оқушының бойында жасырын жарыс тетігі іске қосылады. Осылай ынталандыру арқылы сандық нәтиже ғана емес,

сапалық деңгей де көтеріледі. Себебі оқушылардың орындаған тапсырмаларында жіберген қателіктеріне, тапсырмаларды орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктер саны мен кемшіліктер сипатын анықтап, білуге болады. Мұндай қатынас келесі тапсырмаларды орындау барысында оқушыларды мұқият болуға, зейінін барынша шоғырландыруға және неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін қосымша ізденуге мүмкіндік тудырады. Сыныпта жекелеп-саралап оқыту тәсілін қолдану артықшылықтары: – оқушының өз мүмкіндігіне, қабілетіне барынша сенуін дамытады; – балаларды ынталандырады, талпындырады; – сыныпішілік өзара қарым-қатынастарды жақсартады;– оқушы мен оқытушының ынтымақтастығын, достығын нығайтады; – оқушының өз білімін өз бағалай білуіне жағдай жасайды; – бағалаудағы субъективтілікті жойып, барынша әділдікке жетелейді; – білім жарысында әділ сайысқа жол ашады[2].

Сыныпішілік саралау кезеңдері әдетте мұғалім тарапынан келесі схема бойынша жіктеледі: саралауды жүзеге асыру критерийін анықтау; диагностиканы жүзеге асыру; диагностика нәтижелерін есепке ала отырып,топтарға бөлу; саралау тәсілдерін таңдау, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеу; іріктелген тәсілді сабақтың барлық кезеңдерінде жүзеге асыру; оқушы әрекетін бақылау. Сараланған тапсырмалар міндетті тапсырмалар және қосымша тапсырмалар болып бөлінеді. Міндетті тапсырмалар стандарт негізінде игерілуі тиіс білім, іскерлік, дағды көлемін қалыптастыруға бағытталады, ал қосымша тапсырмалар міндетті тапсырмаларды орындай алған және өздік тапсырманы орындау уақыты бар оқушыларға арналады. Сараланған тапсырмаларды орындау негізінде оқушылар орындау амалдары мен ережелерді жақсы түсініпигереді. Саралау тәсілдері оқу материалының көлемі бойынша, шығармашылық деңгейлері бойынша және қиындық деңгейлері бойынша сараланады. Сараланған тапсырмалармен жұмыс істегенде көкейтесті мәселе – ерекше білім қажеттілігі бар баланың «жақын арадағы даму аймағын» ескеру маңызы. Ол оқушының даму әлеуетін және жеке ресурстарын барынша айқындауға мүмкіндік береді.

Мұғалім ол үшін жұмыс нәтижелеріне үнемі бақылау жасап отыруы қажет, әр тақырыптан кейінжәне тақырыпты оқу барысында диагностика жүргізуі керек. Сараланған тапсырмалар мұғалім қойған мақсаттарға тәуелді. Егер мұғалімді балалардың дамуы, әр оқушының оқудағы жетістігі толғандырса, онда ол оқытуда міндетті түрде жекелей және саралау тәсілдерін жүзеге асырады. Саралап оқытуды қолданудың нәтижелері ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың танымдық қызметін белсендіреді; сабаққа қызығушылықтарын жетілдіреді; үлгерімі төмен оқушылардың қателіктерінің алдын алуға мүмкіндік береді; өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін, ынталылығын, ерік-жігерін, даралығын дамытады және сынып ұжымындағы білім сапасын арттырады. Саралап оқыту – білім алуға бағытталған әрекет. Ол мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге аса отырып, әр оқытушының дербес шығармашылығын анықтайтын инновациялық әрекет болып табылады. ЕБҚ оқушылар категориясын құрайтын мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті

сыныптарға қабылдануы «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларымен» айқындалады. Бір сыныпта даму мүмкіндігі шектеулі екі баладан артық оқытылмауы тиіс. Инклюзивті сыныптағы оқушылардың категориялары бойынша келесі ауытқулардың жеңіл түрлері сараланады: есту қабілетіне қарай, көру өткірлігі ерекше, тіл кемістігі бар, тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар, психикалық дамуы тежелген (бұдан әрі – ПДТ), ұзақ уақыт бойы әлеуметтік депривация жағдайында болған балалар, зияты зақымдалған балалар. Инклюзивті сыныптардағы оқу үдерісі Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарына сәйкес жүргізіледі[3].

Мектептегі білім беру мазмұны ЕБҚ оқушыны тұлға ретінде қалыптастыра отырып, оның, ең алдымен, өз ана тілінде ауызекі және жазба тілде сауатты сөйлеу, ересектермен, сыныптастарымен еркін қарым-қатынас жасай білу,айтылғанды ыждаһатпен тыңдап, түсіну, өз пікірін жеткізе білу, дұрыс оқу және сауатты жазу, т.б. дағдыларын, соның нәтижесінде өздігінен білім алу, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білу қабілеттерін, өмірдегі мәселелерді шешуге арналған білік-дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту оқушылардың типологиялық және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың тиісті вариативтік әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мұғалім сынып оқушыларының құрамы мен оқу материалының көлемін ескере келе, әр тақырыпты оқуға қажетті сағаттар санын өз бетінше айқындауы керек. Инклюзивті сынып педагогы оқытуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардан тұратын барлық типологиялық топтардың оқушыларымен сыныптағы күнделікті жұмысында оқытудың түрлі мақсаттарын белгілеп, іске асырады.

Тілдің (жақтың) тік қалпына (қатысына) қарай:

- ашық дауыстылар: А,Ә;
- қысаң дауыстылар: Ұ,Ы,Ү,І.

Еріннің қалпына (қатысына) қара:

- ерін(дік) дауыстылар: О,Ұ,Ө,Ү:
- езу(лік) дауыстылар: А,Ы,Ә,І,Е»

Әуез қатысына қарай:

- жуан дауыстылар: А,О,Ұ,Ы;
- жіңішке дауыстылар: Ә,Ө,Ү,І,Е.

Құрамына қарай:

- жалаң дауыстылар: А,Ә,Ы,І,Ұ,Ү;

-құранды дауыстылар: Е,О,Ө, деп қарастырады Ә.Жүнісбек [2, 61].

Артикуляциялық ерекшелігі: дауысты дыбыстарды айтқанда ауыз қуысының формасы өзгереді. Бұл өзгерістер дыбыстың негізгі үш артикуляциялық белгісін анықтайды:

Жақтың ашылуы: төменгі жақтың қозғалуы арқылы ауыз қуысының көлемі өзгереді. Бұл туралы С.Мырзабеков өзінің «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі» атты еңбегінде **жақтың қатысына қарай** дауысты дыбыстарды:

А) Ашық дауыстылар: а,ә.

Ә) Жартылай ашық дауыстылар: о,ө,е.

Б) Қысаң дауыстылар: ұ,ү,ы,і,и,у.-деп 3 топқа жіктейді.

Тілдің қалпы: тілдің ауыз қуысындағы жоғарғы-төмен, алға-артқа жылжуы. **Тілдің қатысына қарай**:

А) Жуан (гуттураль) дауыстылар: а,о,ұ,ы,у;

Ә) Жіңішке (палаталь) дауыстылар: ә,ө,ү,і,е,у,и.

Еріннің қалпы: еріннің жиырылуы немесе жайылуы.

Еріннің қатысына қарай:

А) Еріндік (лабиаль) дауыстылар: о,ө,ұ,ү,у

Ә) Елулік дауыстылар: а,ә,ы,і,е,и [2, 38].

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың артикуляция-акустикалық жүйесін анықтауда Ә.Жүнісбек пен С.Мырзабеков еңбектері маңызды ғылыми негіз болып саналады. Екі зерттеуші де дауыстылардың жасалуындағы физиологиялық ерекшеліктерге баса назар аудара отырып олардың жақтың, тілдің және еріннің қозғалысына тікелей екенін дәлелдейді. Осы екі еңбекті салыстыра қарағанда, қазақ тілінің дауысты дыбыстары артикуляциялық жағынан үйлесімді, физиологиялық тұрғыдан жүйелі, ал акустикалық сипаты жағынан үндестік заңымен тығыз байланысты екені аңғарылады.

Дауыссыз дыбыстар – өкпеден шыққан фонациялық ауаның ауыз қуысында немесе жұтқыншақта сөйлеу мүшелері арқылы толық немесе жартылай кедергіге ұшырауы нәтижесінде жасалатын дыбыстар. Дауысты дыбыстарға қарағанда түрлері көбірек. Дауыссыз фонемалар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үшке жіктеледі.

1. Дауыстың (салдардың деуге де болады) қатысына қарай дауыссыздар әдетте үшке бөлінеді:

А) үнділер: л,м,н,ң,р,й,у;

Ә) ұяңдар: б,в,г,ғ,д,ж,з;

Б) қатаңдар; п,ф,к,қ,т,ш,с,х,h,ц,ч

Ұяңдар мен қатандар үнсіздер делінеді [1, 57].

2. Дауыссыздарды айтылу (ауаның шығу) жолына қарай да үш топқа бөлугпе болады:

А) Шұғыл: (эксплозив) дауыссыздар: п,б,т,д,к,г,қ,ц,ч,м,н,ң;

Ә) Ызың (фрикатив) дауыссыздар: ф,в,с,ш,ж,з,х,ғ,h,л,й,у;

Б) Діріл дауыссыз – р

Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жабысып, ауа кілт үзіледі де, содан соң шұғыл қайта жалғасады. Ал ызыңдарды айтқанда

дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуысып, ауаның жолын барынша тарылтады, бірақ ауа біржола үзілмейді, сыздықтап, сүзіліп шығады. Діріл дауыссыз (р) тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады [1, 58].

3. Жасалу немес айтылу (артикуляциялық) орнына қарай дауыссыздар алдымен үш топқа бөлінеді:

А) ерін (лабиаль) фонемалары: п,б,в,ф,м,у;

Ә) тіл (лингваль) фонемалары: т,д,с,з,ш,ж,ц,ч,к,г,қ,ғ,ң,х,л,р,й;

Б) көмей (фарингаль) фонемасы – h

Ерін фонемалары іштей еріндік (п,б,м,у) және ерін мен тіс (ф,в) болып бөлінеді. Еріндіктерді айтқанда екі ерін біріне-бірі жабысып (п,б,м) немесе дөңгелене жуысып (у) тұрса, ерін мен тіс дыбыстарында астыңғы ерін үстіңгі (күрек) тіске жуысады [1, 58].

Дауыссыз фонемалардың көпшілігі тілдің тікелей қатысуымен жасалады. Тіл фонемалары үшке бөлінеді:

А) тіл алды (палаталь): т,д,с,з,ш,ж,ц,ч,н,л,р;

Ә) тіл ортасы (препалаталь): й;

Б) тіл арты (веляр): г,ғ,к,қ,ң,х

Тіл фонемаларын тіл-тіс, тіл ұщы т.б. түрде бөлу ұшырайды. Бірақ олар бөлу есте сақтауды қиындатады және оның практикалық мәні аз деп келтіреді С.Мырзабеков [1, 59].

«Қазақ тілінің төл дауыссыз дыбыстарының жүйесі 17 дыбыстан құралады. Олар қолданымдағы әліпби арқылы былай таңбаланады: б, ғ, г, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ,ң, п, р, с, т, у, ш. Дәстүр бойынша к-қ, ғ-г дыбыстарының жасалым (жасалу орны) айырмашылықтарын ескеріп, жеке-жеке дауыссыздар деп есептеп келеді» [2, 75].

Дауыссыз дыбыстардың жасалу емлесі жайлы Қалиев Б.А төмендегідей бөліп қарастырады:

А) сөздің барлық шенінде (сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында)кездесе беретін дауыссыздар: с, ш, т, қ, к, м, н, з, ж.

Қазақ тіліне халықаралық сөздер арқылы енген ф, х, ч, ц сияқты дыбыстар да сөздің барлық шенінде қолданыла береді; ж дыбысы сөз соңында сирек кездеседі, h дыбысымен келетін сөздердің саны аз.

Ә) сөз соңында (айтылуда) кездеспейтін дауыссыздар: б, д, г.

Б) сөз басында кездеспейтін дауыссыздар: ң, й, у.

Қазақтың байырға сөздерінің басында сирек кездесетін дыбыстарға л, п, р жатады [3, 48]. Осы жайлы Садуақас Н.А. Қазіргі қазақ тілі фонетикасында «тілдің тазалығын сақтап, дұрыс айтып, дұрыс жазу үшін тіліміздегі әр дыбыстың өзіндік табиғатын жете білуіміз қажет – дейді [5.79].

2-кесте. Дауыссыз дыбыстардың толық жасалым жіктелімі. Ә.Жүнісбек жіктеуі бойынша [2, 94].

	Дауыс	Жасалу орны

Жасалу Тәсілі		желбезегінің қатысы	ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
тоғысыңқы		тербеліссіз	П	Т	(К)	Қ
		тербеліңкі	Б	Д	(Г)	Ғ
		тербелімді	М	Н	(Ң)	Ң
Жұрынсыңқы	жайылыңқы	тербеліссіз		Ш		
		тербеліңкі		Ж		(Ғ)
		тербелімді			(Й)	Й
	жинақы	тербеліссіз		С		
		теріліңкі		З	(Г)	
		тербелімді	У(w)			
	діріл			Р		
	жанама			Л		
жабысыңқы		тербеліңкі		(дЖ)		

Ә.Жүнісбектің зерттеулеріне сүйенсек қазақ тілінің дыбыс құрамын төрт топқа бөліп қарастырады. Олар:

1) Тербеліссіз (қатаң)
2) Тербеліңкі (ұяң)
3) Тербелімді (үнді)
4) Тербелмелі (дауысты) [6, 7].

Дауыс желбезегінің тербеліс күші барлық дыбыстар үшін бірдей емес екен.Дауыс делбезегінің тербеліс реті үдемелі немес кемімелі болып келеді.

Үдемелі реті:

-дауыс желбезегінің тыныш қалпы яғни тербелмейді – тербеліссіз (қатаң)
-дауыс желбезегі сәл ғана яғни жартылай тербеледі – тербеліңкі (ұяң)
-дауыс желбезегі едәуір яғни мол тербеледі – тербелімді (үнді)
-дауыс желбезегі барынша яғни толық тербеледі – тербелмелі (дауысты) [6, 8].

Қазақ тілінің сөздік қоры ғасырлар бойы әртүрлі тілдермен олардың ішінде араб, парсы, моңғол, орыс т.б. қарым-қатынас жасау нәтижесінде байып,толықты. Бұл үдеріс арқылы тек лексика жүйесі өзгеріске ұшырамай, фонетика жүйесінде де кірме дыбыстардың пайда болуына алып келді.

Тіл дамып отыратын құбылыс болғандықтан, қазақ тіліне де өзге тілдерден енген кірме дыбыстар пайда болған. «Ол кірме әріптер: И,У,Я,Ю,Щ. Қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында жазылып жүрген кірме әріптердің дыбыс мәні төмендегідей (мый, тій, сұу, сүурөт, жайа, әлійә, айұу, үйүу, ашшы, кешше, тұшшы) [2, 68]. Сонымен қосы Ә.Жүнісов өз еңбектерінде кірме сөздердің тіл бұзар әсерін жік-жікке бөліп көрсетеді:

« - бірінші, қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзып барады;

- екінші, қазақ тілінің буын жігін бұзып барады;
- үшінші, қазақ тілінің морфем желісін бұзып барады;
- төртінші, қазақ сөзінің тасымал ретін шатастырып бітті, деп келтіреді [2, 68].

Қазіргі қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында жазылып жүрген «щ» әріпі қос дыбысты таңбалайтын болғандықтан, оны кірме әріп деп атаймыз. Ал қазіргі лексикамызда өзгеріссіз қолданылып жүрген өзге тілден енген сөздердің құрамындағы в, ф, х, ч, ц, щ кірме дыбыстар деп танимыз [5, 73].

Олар сөздік қорды байытқанымен, фонетикалық жүйеге айтарлықтай өзгерістер әкелді деп айтуымызға болады. Қазіргі таңдағы әліпбиді ауыстыру кезінде кірме дыбыстарды таңбалаудағы басты ғылыми негізделген ұстаным қазақ тілінің тұл дыбыстық заңдылықтарын басты назарда үстап, тек қажетті халықаралық терминдерді ғана белгілі бір дәрежеде сақтап, қалған кірме сөздерді төл дыбыстарға бейімдеу арқылы жазу принципін ұстану қажет деп танығандықтан.

Қорытындай келе, тілдегі дауысты және дауыссыз дыбыстар бір-біріне қарама-қарсы, бірақ өзара тығыз байланысты екі үлкен дыбыс тобын құрайды. Сонымен қоса дауысты мен дауыссыз дыбыстарға тән өзіндік айырмашылықтары бар. Олардың аражігін ажыратып берген Сапархан Мырзабеков төмендегідей мысалдар келтіреді:

1. Дауыстылар дауыстан (тоннан) жасалады да, салдырдың қатысы елеусіз болады. Ал дауыссыздар, керісінше, салдырдан жасалады. Тон қатысуы да, қатыспауы да мүмкін.
2. Дауыстыларды айтқан кезде ауа кедергісіз, қарқынсыз шығады да, дыбыстау мүшелерінің барлығы дерлік қатысады. Мәселен, а дегенде дауыс шымылдығы дірілдейді, тіл артқа тартылады, жақ (ауыз) кең ашылып, ерін екі жаққа қарай керіліп, (езулік болып) айтылады. Ал дауыссыздарды айтқанда, ауа кедергіге ұшырап, қарқынды шығады да, бірер ғана дыбыстау мүшелері қатысады.

Мәселен, п дыбысын айтқанда, екі ерін ғана қозғалысқа түседі.

3. Дауыстылар буын құрайды, дауыссыздар құрамайды. Мұның өзі – дыбыстарды жіктеудегі басты айырым белгі.
4. Дауыстыларға екпін түседі. Дауыссыздарда мұндай қасиет болмайды.
5. Дауыстылар дауыстап, созып айтуға келеді, Ән (вокаль) дауыстылардың осы қасиетіне негізделеді.
6. Дауыстылардың дауыссыздарға ықпалы күшті болады. Жоғарыда ат, ет, от, өт сөздерінің құрамындағы т фонемасының дауыстылардың әсерінен төрт түрлы реңге ие болатыны айтылады. Сондай-ақ дауыстылар қатаңды ұяңдатып тұрады. Мәселен: қабы (қап-ы). қарағой (қара қой), ағ ешкі (ақ ешкі), т.б. Орыс тілінде керісінше, дауыстыларға дауыссыздардың ықпалы күшті болады [1, 29].

Тілдің тазалығы мен байлығын сақтауда бұл екі топтың өзіндік табиғатын тану, олардың үндестік заңына қатысын ескеру аса маңызды болып табылады. Қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын сақтау – тілдің төл табиғатын, әуенділігін және буындық құрылымын келесі ұрпаққа жеткізудің кепілі.

Бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық-акустикалық негіздерін жан-жақты

талдау, оларды топтастыру принциптерін ғылыми тұрғыдан негіздеу және тілдік жүйедегі функционалдық мәселелерін қарастыру болды. Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы-аналитикалық және жүйелеу әдістері қолданылып, қазақ фонетикасының іргетасын қалаған ғалымдардың еңбектеріне сүйендік.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Жүнісбек және С.Мырзабеков сынды тіл білімі майталмандарының тұжырымдарын талдау нәтижесінде, қазақ тілінің фонетикалық болмысының негізі үндестік заңы екендігі айқындалды. Дыбыстық жүйені меңгеруде қазақ тілінің табиғи үндестік заңдылықтарын, әуездік қасиеті мен фонетикалық құрылымын сақтау қажет.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі күрделі де, жүйелі, өзіндік заңдылықтары бар құбылыс. Оны терең тану үшін классикалық фонетикалық ілімдер мен жаңашыл теорияларды кешенді түрде қарастыру қажет. Ұсынылған талдаулар тілдің төл табиғатын, әуезділігін және буындық құрылымын келесі ұрпаққа жеткізуде, сонымен қатар жазу жүйесін жетілдіруде ғылыми бағыт-бағдар береді деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1990. – 200 б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
3. Қалиев Б.А. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Оқу құралы, 2019. – 168 б.
4. Қазақ граматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
5. Садуақас Н.А. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: ТехноЭрудит, 2019. – 364 б.
6. Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. – Алматы: Арыс баспасы, 2005. – 112 б.

УДК 81’42:32.019.5

САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ АФОРИСТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Г.Төкенқызы
adon70@mail.ru
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы доценті, ф.ғ.к
Астана, Қазақстан

Аннотация

В статье рассматриваются коммуникативно-прагматические особенности афористических конструкций, используемых в политическом дискурсе. В современной политической коммуникации афоризмы широко применяются как средство воздействия на общественное сознание, формирования идеологических установок и усиления экспрессивного потенциала политического текста. В ходе исследования проанализированы структурные характеристики, интертекстуальная природа и прагматические функции афористических единиц в политическом дискурсе. Кроме того, рассмотрены особенности эмоционального, идеологического и манипулятивного воздействия кратких и лаконичных высказываний, встречающихся в выступлениях политиков и официальных текстах. Научно обоснована взаимосвязь афористических конструкций с национальными культурными кодами, исторической памятью и общественными ценностями. В результате исследования установлено, что афоризмы являются важным компонентом стратегии воздействия в политической коммуникации.

Ключевые слова: политический дискурс, афоризм, политическая коммуникация, интертекстуальность, прагматика, медиадискурс, языковое воздействие, прецедентный текст.

Аңдатпа

Мақалада саяси дискурста қолданылатын афористік құрылымдардың коммуникативтік-прагматикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі саяси коммуникацияда афоризмдер қоғамдық санаға ықпал ету, идеологиялық ұстанымды қалыптастыру және саяси мәтіннің экспрессивтік әлеуетін арттыру құралы ретінде кеңінен қолданылады. Зерттеу барысында саяси дискурстағы афористік бірліктердің құрылымдық сипаты, интертекстуалдық табиғаты және прагматикалық қызметтері талданды. Сонымен қатар саясаткерлердің баяндамалары мен ресми мәтіндерінде кездесетін қысқа әрі ықшам тұжырымдардың адресатқа эмоциялық, идеологиялық және манипулятивтік әсер ету ерекшеліктері сараланды. Афористік құрылымдардың ұлттық мәдени кодтармен, тарихи жадпен және қоғамдық құндылықтармен байланысы ғылыми тұрғыдан негізделді. Зерттеу нәтижесінде афоризмдердің саяси коммуникациядағы ықпал ету стратегиясының маңызды компоненті екендігі анықталды.

Түйін сөздер: *саяси дискурс, афоризм, саяси коммуникация, интертекстуалдылық, прагматика, медиадискурс, тілдік ықпал, прецеденттті мәтін.*

Abstract

The article examines the communicative and pragmatic features of aphoristic structures used in political discourse. In contemporary political communication, aphorisms are widely employed as a means of influencing public consciousness, shaping ideological attitudes, and enhancing the expressive potential of political texts. The study analyzes the structural characteristics, intertextual nature, and pragmatic functions of aphoristic units in political discourse. In addition, the research explores the emotional, ideological, and manipulative impact of concise and laconic expressions found in politicians’ speeches and official texts. The article scientifically substantiates the connection between aphoristic structures and national cultural codes, historical memory, and social values. The findings demonstrate that aphorisms constitute an important component of persuasive strategies in political communication.

Keywords: political discourse, aphorism, political communication, intertextuality, pragmatics, media discourse, linguistic influence, precedent text.

Жұмыс AP 26102027 «Әлеуметтік-саяси депривация және оның Қазақстанның тығыз қоныстанған өңірлеріндегі этносаралық шоғырлануға және қоғамдық оптимизмге әсері (Ақмола, Алматы, Жетісу облысы, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстары, Алматы және Шымкент қалалары мысалында)» атты гранттық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министірлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Қазіргі ақпараттық қоғамда саяси коммуникация қоғамдық пікір қалыптастырудың маңызды құралына айналды. Саяси дискурс тек ақпарат жеткізу қызметін ғана емес, сонымен қатар идеологиялық ықпал ету, қоғамдық сананы бағыттау және әлеуметтік құндылықтарды орнықтыру функцияларын атқарады. Осыған байланысты саяси мәтіндегі тілдік құралдардың прагматикалық әлеуетін зерттеу қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Саяси дискурста жиі қолданылатын экспрессивтік құралдардың бірі – афористік құрылымдар. Афоризмдер қысқа, ықшам әрі мағыналық тұрғыдан терең тұжырымдар ретінде ерекшеленеді. Олар саяси мәтіннің эмоциялық әсерін күшейтіп қана қоймай, адресат санасында тұрақты ассоциациялар қалыптастырады. Қазақ тіл білімінде афористік құрылымдар мәселесі шешендік өнер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер және поэтикалық синтаксис аясында қарастырылып келеді. А. Байтұрсынұлы, Р.Сыздық, Ә.Қайдар, т.б. ғалымдардың еңбектерінде афористік ойдың ұлттық дүниетаныммен, шешендік дәстүрмен және тілдік ықпал ету қызметімен байланысы жан-жақты талданған.

Афористік құрылымдар көбіне мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, тарихи тұлғалардың тұжырымдары және саяси формулалар негізінде жасалады. И.В. Арнольд интертекстуалдылық жайлы пікірі мынандай: мәтінге дәйексөздер, тұспалдаулар, ескертулер, таңбаланған немесе таңбаланбаған, өзгертілген немесе өзгертілмеген түрдегі тұтас басқа мәтіндерді немесе олардың басқа сөйлеу тақырыбы бар фрагменттерін қосу түсініледі [1, 15]. А.В. Кремнева, екінші жағынан, "шетелдік сөз" (немесе "мәтіндегі мәтін") бүгінде көркем, публицистикалық және жарнамалық мәтіндерге тән. Көптеген "бөтен сөздерді" біз «иемдендік» және «сөйлеу клишелеріне айналдық» және коммуникативті арсеналымыздың ажырамас бөлігіне айналдық» [2, 105-106],- деп пайымдайды.

Қазіргі саяси коммуникацияда афористік құрылымдардың қолданылуы медиа кеңістіктің дамуымен тығыз байланысты. Әсіресе цифрлық медиада ықшам әрі есте тез сақталатын саяси формулалардың әсер ету мүмкіндігі жоғары. Мұндай құрылымдар саяси риториканың маңызды элементіне айналып, қоғамның когнитивтік кеңістігіне ықпал етеді.

Осы мақалада саяси дискурстағы афористік құрылымдардың табиғаты, негізгі қызметтері және прагматикалық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан талданады.

Афоризм – ықшам формада берілген терең мағыналы ой. Ғылыми әдебиеттерде афористік құрылымдар семантикалық тұтастығымен, экспрессивтілігімен және прагматикалық ықпал ету қабілетімен сипатталады. Афоризмдердің басты ерекшелігі – қысқа мәтін арқылы күрделі әлеуметтік немесе философиялық мазмұнды жеткізуінде.

Саяси дискурста афористік құрылымдар билік пен қоғам арасындағы коммуникациялық байланысты нығайтатын құрал ретінде көрінеді. Мұндай құрылымдар адресаттың назарын аударып, саяси ойды ықшам әрі әсерлі түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар афоризмдер қоғамның тарихи жадына, мәдени кодтарына және ұлттық дүниетанымына сүйенеді.

Саяси мәтіндерде кездесетін афористік құрылымдардың басым бөлігі интертекстуалдық сипатқа ие. Яғни олар бұрыннан белгілі мәдени, тарихи немесе әдеби мәтіндермен байланыста қолданылады. Бұл құбылыс саяси коммуникацияның ықпал ету әлеуетін арттырады.

Саяси афоризмдердің маңызды қызметтерінің бірі – идеологиялық ықпал ету. Саясаткерлер қысқа әрі нұсқа тұжырымдар арқылы мемлекеттік ұстанымды, ұлттық идеяны немесе қоғамдық құндылықтарды насихаттайды.

Мысалы: *«Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «Ынтымақ бар жерде ырыс бар».* Бұл құрылым қазіргі қазақстандық саяси дискурста патриоттық концепт ретінде қалыптасқан. Мұндай афоризмдер ұлттық сана мен тарихи жадты белсендіруге ықпал етеді.

Афористік құрылымдар адресатқа эмоциялық әсер ету арқылы коммуникацияның тиімділігін арттырады. Қысқа әрі бейнелі тұжырымдар аудиторияның есінде тез сақталып, саяси мәтіннің ықпалын күшейтеді.

Мысалы:

«Заң мен тәртіп». Бұл афористік формула мемлекеттік басқарудың символдық моделін білдіреді. Қазіргі саяси коммуникацияда мұндай құрылымдар қоғамдық тәртіп пен тұрақтылық идеясын қалыптастыру мақсатында қолданылады.

Саяси дискурста афористік құрылымдар қоғамдық пікірді белгілі бір бағытқа бағдарлау құралы ретінде де жұмсалады. Афоризмдердің ықшам әрі сенімді формада берілуі олардың манипулятивтік әлеуетін күшейтеді.

Саяси афоризмдердің көпшілігі ұлттық мәдени кодтарға негізделеді. Мақал-мәтелдер, тарихи тұлғалардың сөздері және прецедентті мәтіндер саяси дискурста жиі кездеседі.

Мысалы: «*Береке бар жерде бірлік бар*». Бұл құрылым қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына негізделген паремиологиялық интертекст болып табылады. Мұндай тілдік бірліктер саяси коммуникацияның мәдени-танымдық сипатын күшейтеді.

«Тарихын таныған елдің болашағы жарқын» - тарихи-мәдени реминисценция, Бұл тарихи жад пен ұлттық сананы байланыстыратын афористік құрылым.

Қазіргі цифрлық медианың дамуымен афористік құрылымдардың ықпалы күшейе түсті. Әлеуметтік желілерде қысқа әрі эмоционалды саяси формулалар

кең таралады. Мұндай мәтіндер аудиторияның назарын тез аударып, қоғамдық пікір қалыптастыруға әсер етеді. Медиадискурста афористік құрылымдар көбіне хэштег, слоган немесе саяси ұран түрінде көрінеді. Бұл олардың ықшам әрі есте сақталатын табиғатымен байланысты. Сонымен қатар қазіргі медиакеңістікте афоризмдер визуалды элементтермен ұштасып, мультимодальды коммуникацияның құрамдас бөлігіне айналуда.

Қорыта айтқанда, саяси дискурстағы афористік құрылымдар қазіргі коммуникацияның маңызды прагматикалық құралдарының бірі болып табылады. Олар саяси мәтіннің экспрессивтік әлеуетін арттырып қана қоймай, қоғамдық санаға ықпал ету қызметін де атқарады. Афористік құрылымдар ұлттық мәдени кодтармен, тарихи жадпен және идеологиялық концептілермен тығыз байланысты. Саяси коммуникацияда мұндай тілдік бірліктер адресаттың когнитивтік және эмоциялық қабылдауына әсер етіп, қоғамдық пікір қалыптастырудың тиімді механизміне айналады. Сонымен қатар цифрлық медианың дамуы афористік құрылымдардың жаңа формаларының қалыптасуына ықпал етті. Осыған байланысты саяси дискурстағы афоризмдерді лингвопрагматикалық және медиакоммуникативтік тұрғыдан зерттеу қазіргі тіл біліміндегі маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Арнольд, И. В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность [Текст]: сб. ст. / И. В. Арнольд; науч. ред. П. Е. Бухаркин – СПб.: С.-Петерб. гос. ун-т., 1999. – 443 с.

2. Кремнева, А. В. Основные направления интертекстуальных исследований и возможные перспективы дальнейшего изучения проблемы межтекстового взаимодействия [Текст] // Журнал «Известия ВГПУ», Филологические науки. – Волгоград, 2017 год. – С. 105–115.

УДК: 81’42:32.019.5

САЯСИ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІ

Г.Төкенқызы
adon70@mail.ru
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы доценті, ф.ғ.к
Астана, Қазақстан

Аннотация

В статье рассматриваются языковые, прагматические и дискурсивные особенности феномена интертекстуальности в пространстве политической коммуникации. В условиях современного информационного общества усиливается воздействующий потенциал политических текстов и возрастает их роль в формировании общественного мнения. В данном процессе интертекстуальность выступает одним из важнейших семиотических и коммуникативных механизмов политического дискурса. В ходе исследования проанализированы особенности использования цитат, аллюзий, реминисценций, прецедентных текстов и культурных кодов в политической коммуникации. Кроме того, выявлены возможности интертекста в воздействии на сознание адресата, укреплении идеологических установок, формировании эмоционального влияния и реализации манипулятивной функции. В статье с научной точки зрения рассмотрена взаимосвязь интертекстуальных единиц современных политических медиатекстов с национальным сознанием, исторической памятью и общественными ценностями.

Ключевые слова: политическая коммуникация, интертекстуальность, политический дискурс, медиатекст, прецедентный текст, прагматика.

Аңдатпа

Мақалада саяси коммуникация кеңістігіндегі интертекстуалдылық феноменінің тілдік, прагматикалық және дискурстық ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында саяси мәтіндердің ықпал ету әлеуеті артып, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлі күшейе түсті. Осы үдерісте интертекстуалдылық саяси дискурстың маңызды семиотикалық және коммуникативтік тетіктерінің бірі ретінде көрінеді. Зерттеу барысында саяси коммуникациядағы цитата, аллюзия, реминисценция, прецедентті мәтіндер мен мәдени кодтардың қолданылу ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар интертекстің адресат санасына әсер ету, идеологиялық ұстанымды нығайту, эмоционалдық ықпал қалыптастыру және манипулятивтік қызмет атқару мүмкіндіктері айқындалды. Мақалада қазіргі саяси медиамәтіндердегі интертекстуалдық бірліктердің ұлттық сана, тарихи жад және қоғамдық құндылықтармен байланысы ғылыми тұрғыдан сараланды.

Түйін сөздер: саяси коммуникация, интертекстуалдылық, саяси дискурс, медиамәтін, прецедентті мәтін, прагматика.

Abstract

The article examines the linguistic, pragmatic, and discursive features of the phenomenon of intertextuality in the sphere of political communication. In the context of the modern information society, the persuasive potential of political texts has significantly increased, as has their role in shaping public opinion. In this process, intertextuality functions as one of the key semiotic and communicative mechanisms of political discourse. The study analyzes the specific use of

quotations, allusions, reminiscences, precedent texts, and cultural codes in political communication. In addition, the article identifies the ability of intertextual elements to influence the audience's consciousness, reinforce ideological positions, create emotional impact, and perform manipulative functions. The research also provides a scientific analysis of the relationship between intertextual units in contemporary political media texts and national consciousness, historical memory, and social values.

Keywords: political communication, intertextuality, political discourse, media text, precedent text, pragmatics.

Жұмыс AP 26102027 «Әлеуметтік-саяси депривация және оның Қазақстанның тығыз қоныстанған өңірлеріндегі этносаралық шоғырлануға және қоғамдық оптимизмге әсері (Ақмола, Алматы, Жетісу облысы, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстары, Алматы және Шымкент қалалары мысалында)» атты гранттық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министірлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Қазіргі жаһандану және цифрландыру дәуірінде саяси коммуникация қоғамдық санаға ықпал етудің маңызды құралдарының біріне айналды. Саяси дискурс тек ақпарат жеткізу қызметімен шектелмей, қоғамның идеологиялық бағдарын қалыптастыру, әлеуметтік көзқарасты өзгерту және бұқаралық сананы басқару функцияларын атқарады. Осыған байланысты саяси мәтіндердің құрылымдық, семантикалық және прагматикалық табиғатын зерттеу тіл біліміндегі өзекті бағыттардың қатарына жатады.

Саяси коммуникациядағы маңызды тілдік құбылыстардың бірі – интертекстуалдылық феномені. Интертекстуалдылық ұғымы мәтіндердің өзара байланысын, бір мәтіннің екінші мәтін элементтері арқылы құрылуын білдіреді. Бұл терминнің теориялық негізі Михаил Бахтиннің диалогизм концепциясымен тығыз байланысты. Интертекстуалдылық пен прецеденттілік ғылыми бағыттар ретінде М.М. Бахтиннің "бөтен сөз" және "диалог"туралы еңбектерінің арқасында қалыптасты. Бұл қазіргі лингвистер тар бағытта дамып келе жатқан мәтіндер арасындағы қатынастарды зерттеудің жалпы бастауы. Интертекстуалдылық пен прецеденттілік ұқсас ұғымдар болып табылады, кейбір контексттерде бір – бірін алмастыратын болып көрінеді, ғалымдар олардың әртүрлі анықтамаларын алға тартып, терминдерді ажыратуға бірқатар негіздер береді. Біз әртүрлі ғылыми дереккөздердегі жақын, бірақ бірдей емес ғылыми тұжырымдамаларды жалпылама түсіндіруді ұсынамыз. Ресейде прецеденттік теорияның негізін XX ғасырдың 30-жылдарында М. М. Бахтин қалаған[1, 260-256].

"Дәйексөзді" зерттеу нәтижесінде Ю.Кристева дамытқан интертекстуализм теориясы пайда болды [2]. Интертекстуалдылық-бұл бастапқы мәтінге жүгіну арқылы жүзеге асырылатын мәтіндік коммуникацияның бір түрі. Интертекстуалдылықтың қайнар көзі кез-келген белгілі мәтін бола алады [3]. Интертекстуалдылық деп "мәтіндегі мәтін", мәтінаралық өзара әрекеттесу түсініледі. Әр түрлі сілтемелерді мәтін авторы мазмұн деңгейінде де, форма

деңгейінде де қолдана алады (композиция, мәтін құру және т.б.). Көптеген ғалымдар медиа мәтіндердің құрылымы бойынша гипермәтіндерге немесе интермәтіндерге ұқсас екенін атап өтті. М. Ю. Казак атап өткендей, медиатекстің интертекстуалдылығы дәйексөздің екі түрінің міндетті болуымен байланысты: – сараптамалық пікірге немесе ықпалды адамдардың мәлімдемелеріне сілтемелер; – лингвомәдени құндылығы бар және эмоционалды-экспрессивті бағалауды қалыптастыратын интертекстуалды белгілер [4, 176].

Саяси дискурста интертекстуалдылық әртүрлі мақсатта қолданылады: тарихи жадты жаңғырту, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, адресатқа эмоциялық әсер ету, қоғамдық пікірді бағыттау және саяси беделді күшейту. Әсіресе қазіргі медиакеңістікте саясаткерлердің сөздерінде мақал-мәтелдер, тарихи тұлғалардың қанатты сөздері, әдеби шығармалар мен мәдени кодтарға сілтемелер жиі кездеседі. Бұл құбылыс саяси коммуникацияның экспрессивтік және манипулятивтік әлеуетін арттырады.

Сондықтан мәтіндер үшін интертекстуалдылық категориясы, әсіресе бұқаралық коммуникация мәтіндері үшін өте маңызды. Мәтінді интертекстуалдылық объективі арқылы талдау, біздің ойымызша, ең толық болып табылады және әртүрлі проекциялардағы мәтіндердің өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік береді. "Іс жүргізу құқығының мәтіні" термині-Ю. Н.Оны Қараулов ойлап тапқан. Ғалым мынадай анықтама берді: "бұл лингвистикалық тұлға үшін танымдық және эмоционалды маңызы бар, тұлғасыз сипатқа ие және белгілі бір лингвистикалық тұлғаның дискурсында үнемі жаңарып отыратын мәтіндер"[5, 114].

Интертекстуалдылық – қазіргі лингвистикадағы күрделі әрі көпқырлы ұғымдардың бірі. Ғылыми әдебиеттерде бұл термин мәтіндердің өзара байланысы, мәдени ақпараттың сақталуы және дискурстық сабақтастық ретінде қарастырылады. Интертекстуалдылық теориясы бойынша әрбір мәтін өзінен бұрынғы мәтіндердің элементтерін қамтиды және жаңа мағыналық кеңістік қалыптастырады.

Саяси коммуникацияда интертекстуалдық құрылымдар адресаттың когнитивтік базасына сүйенеді. Яғни саясаткер немесе медиамәтін авторы қоғамға таныс мәдени, тарихи немесе әдеби кодтарды пайдалану арқылы коммуникациялық әсерді күшейтеді. Бұл тәсіл адресаттың эмоционалдық қабылдауына ықпал етіп, мәтіннің сенімділік деңгейін арттырады.

Интертекстуалдылықтың негізгі түрлеріне цитата, аллюзия, реминисценция, прецедентті есімдер және прецедентті мәтіндер жатады. Цитата белгілі бір дереккөзден тікелей алынған сөз болса, аллюзия жанама ишара арқылы мағына қалыптастырады. Ал реминисценция бұрынғы мәтін элементтерінің өзгеріске ұшыраған формасы ретінде танылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауынан мысал келтірер болсақ, паремиологиялық интертекст ұшырасады. Мысалы «береке-бірлік», «ата-баба аманаты», «халық үніне құлақ асатын

мемлекет» т.б. Бұл қолданыстар - қазақтың дәстүрлі мақал-мәтелдік дүниетанымымен байланысты мәдени код, тарихи-мәдени реминисценция.

«Қазақта «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен лаңкестерді жазаға тарту. Халқымыз осы оқиғадан сабақ ала білуі керек. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиіспіз». «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» - паремиологиялық интертекст.

Саяси дискурста бұл тәсілдер көбіне идеологиялық тұжырымдарды нығайту мақсатында қолданылады. Мәселен, тарихи тұлғалардың сөздерін қолдану саясаткердің беделін күшейтсе, ұлттық әдебиетке сілтеме жасау халықтың мәдени жадын белсендіреді.

Саяси коммуникациядағы интертекстуалдылық бірнеше маңызды қызмет атқарады. Біріншіден, ол адресатпен ортақ мәдени кеңістік қалыптастырады. Қоғамға таныс мәтіндік кодтарды қолдану коммуникацияның әсерлілігін арттырады және саяси хабарламаның тез қабылдануына ықпал етеді.

Екіншіден, интертекст идеологиялық ықпал ету құралы ретінде көрінеді. Саясаткерлер тарихи тұлғалардың пікірлеріне немесе ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, өз саяси ұстанымдарының легитимділігін дәлелдеуге ұмтылады. Бұл жағдайда интертекст қоғамдық сенім қалыптастырудың тиімді тәсіліне айналады.

Үшіншіден, интертекстуалдылық эмоционалдық-прагматикалық қызмет атқарады. Мақал-мәтелдер, поэтикалық жолдар немесе тарихи реминисценциялар аудиторияның эмоциялық реакциясын күшейтеді. Мұндай тәсілдер әсіресе сайлауалды науқандарда, саяси үндеулерде және медиа дискурста жиі байқалады.

Төртіншіден, интертекст манипулятивтік ықпал ету құралы ретінде қызмет етеді. Кей жағдайда саясаткерлер мәдени символдарды немесе тарихи оқиғаларды белгілі бір идеологиялық мақсатта интерпретациялап, қоғамдық пікірді қажетті бағытқа бұруға тырысады. Бұл саяси коммуникациядағы прагматикалық стратегиялардың бірі болып табылады.

Қазіргі медиакеңістікте интертекстуалдылық жаңа сипатқа ие болды. Әлеуметтік желілер, интернет платформалар және цифрлық медиа саяси коммуникацияның формаларын өзгертті. Нәтижесінде интертекст енді тек классикалық мәтіндермен шектелмей, визуалды символдар, мемдер, хэштегтер және медиакодтар арқылы да жүзеге асуда.

Саяси медиамәтіндерде ұлттық тарихи жадқа негізделген интертекстуалдық құрылымдар кеңінен қолданылады. Мысалы, тәуелсіздік, ұлттық бірлік, тарихи тұлғалар мен мәдени мұра туралы дискурстар қоғамдық тұтастықты нығайту мақсатында жиі көрініс табады. Мұндай мәтіндерде интертекст ұлттық идеологияны қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

Сонымен қатар халықаралық саяси коммуникацияда да интертекстуалдылық маңызды рөл атқарады. Әлемдік саясаттағы тарихи

оқиғаларға, халықаралық келісімдерге немесе белгілі саяси көшбасшылардың сөздеріне сілтеме жасау дипломатиялық коммуникацияның ықпалын арттырады. Бұл интертекстің тек тілдік емес, геосаяси мәнге де ие екендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, интертекстуалдылық қазіргі саяси коммуникацияның маңызды дискурстық феномендерінің бірі болып табылады. Ол саяси мәтіндердің семантикалық құрылымын байытып қана қоймай, адресатқа ықпал ету тетігі ретінде де қызмет атқарады. Саяси дискурстағы интертекст ұлттық сана, тарихи жад және мәдени кодтармен тығыз байланыста жүзеге асады. Саяси баяндамаларда қолданылатын интертекстуалдық құрылымдар адресаттың когнитивтік санасына әсер етіп, ұлттық мәдени кодтарды жаңғыртады. Әсіресе мақал-мәтелдер мен тарихи реминисценциялар саяси дискурстың прагматикалық ықпалын күшейтеді. Саяси коммуникациядағы интертекст феноменін кешенді түрде зерттеу қазіргі лингвистика, медиазерттеу және саяси дискурс теориясы үшін маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики: исследования разных лет. / М.М. Бахтин. – М.: 1975. – 506 с.
2. Фомин К.А. Концепция интертекстуальности Ю. Кристевой как трансформация теории литературной традиции / К.А. Фомин // Идеи и идеалы. – 2015. №3 (25). – С.54-57
3. Петрова Н.В. Эволюция понятия прецедентный текст / Н.В. Петрова // университета. – Иркутск, 2010. №2 (10). – С.176-182.
4. Казак М.Ю., Махова А. А. Медиатексты в аспекте теории интертекстуальности и прецедентности. / М.Ю. Казак, А.А. Махова // Научные ведомости Белгородского государственного университета. – Серия: Гуманитарные науки, 2011. №24 (119). Вып.
5. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность / Ю.Н. Караулов. – М., 2016. – 240 с.

ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА 1812 ГОДА В ЗЕРКАЛЕ БАШКИРСКОГО ФОЛЬКЛОРА

А. М. Хакимьянова
(ИИЯЛ УФИЦ РАН, Уфа)

Отечественная война России против наполеоновских захватчиков представляет яркую страницу доблести и мужества народов нашей Родины. В завоевание победы внес свой вклад и храбрый башкирский народ, который составил наиболее массовый компонент иррегулярной конницы. Участие башкир в этой войне представляет яркий пример верности своему долгу, проявления мужества и доблести. Тема Отечественной войны получила отражение в истории, художественной литературе, присутствие национальной кавалерии отражено в мемуарах и произведениях изобразительного искусства. Многие важные события воспроизведены в разных жанрах башкирского народного творчества, среди которых особенно выделяются легенды, предания, песни-предания и песни, о героической борьбе башкирских воинов в составе русской армии против войск Наполеона. Тема отражена также в эпосе и баитах, патриотическое содержание которых отражает большие перемены произошедшие в общественной жизни и духовной культуре башкирского народа. В фольклорных произведениях создан героический образ воина-башкира, в котором обобщены лучшие черты характера народа, также в них можно отчетливо проследить отношение народа к войне, его участникам и предводителям. Два столетия, отделяющие нас от этих судьбоносных событий, не уменьшили историческую значимость фольклорных произведений. Окрашенные мотивами патриотизма, бессмертия народа, вставшего за свою честь и свободу, произведения фольклора, как память тех героических лет, и поныне живут в народе и играют важную роль в научно-познавательном процессе и патриотическом вспитании.

Ключевые слова: филология, фольклор, башкирский, Отечественная война, отражение, жанры, произведения.

После присоединения Башкортостана к многонациональному Русскому государству башкирские конники участвовали во многих войнах и походах. Но в памяти народа наиболее глубокий след оставила Отечественная война 1812 года, получившая отражение не только в исторической и художественной литертурах, но и в устном народном творчестве. Проблеме художественного осмысления этой эпохи в башкирском фольклоре посвящены эпические произведения (кубаиры), исторические легенды, песни, песни-предания, баиты, которые особым образом проливают свет на события двухсотлетней давности. О фольклоре 1812 года изданы работы С.А.Галина [1], Ф.А.Надршиной [2; 3], А.М.Кубагушева [4]. Большая часть текстов песен, песен-преданий, баитов включены в тома академического свода «Башҡорт халыҡ ижады» («Башкирское народное творчество») [5; 6; 8].

Историческая память народа сохранила до наших дней кубаир «Баик Айдар-сэсэн» («Байыҡ Айҙар сәсән»), в котором раскрыты такие важные темы, как взаимоотношение личности и общества, свобода народа и независимость государства [7: 36]. Кубаир был записан в 1920 г. М. Бурангуловым от Габит-сэсэна. По словам Бурангулова, Габит-сэсэн (1856-1922) усвоил его от кураиста Ишмухамета Мурзакаева (1781-1878) в двадцатилетнем возрасте (т.е. в 1876 г.) [8: 307-308].

Эпическое произведение условно делится на четыре части, две его части «Байыҡ сәсәндең ҡайтанан килеп сыҡҡаны, халыҡҡа туғанлыҡты аңлатҡаны» («Появление Баик-сэсэна, разъяснение народу чувства братства») и «Халыҡтың ир-егеттәрҙе француздарға ҡаршы яуға оҙатҡаны» («О том, как народ провожал своих егетов-мужей на войну с французами») отображает подготовку и проводы воинов к войне. В третьей части кубаира говорится о собрании старейшин после нападения Наполеона на Москву. Когда старейшины, зачитав царский указ, держали совет, появился Баик, напомнивший собравшимся о клятве верности данной прадедами Москве и призывал к защите общей Родины:

Мәскәүҙә ҡупҡан шау, тиҙәр,
Килеп баҫҡан яу, тиҙәр.
Француз булһын, кем булһын –
Ситтән килгән ят булыр.
Унан илгә ҡот булмаҫ,
Баҫҡан ере ут булыр,
Үҙе Сыңғыҙҙай эт булыр.
Ил сигенә ят баҫҡан,
Ҡунаҡ түгел, яу асҡан.
Мәскәү бит оран һалған:
«Аҡ батшаға ант биргән
Ирҙәр менһен ат!» – тигән.
Батша бит һөрән һалған:
«Илде баҫты ят!» – тигән.
Минең дә һүҙем шул булыр:
Ант боҙғанға ни булыр? –
Ҡаңғырып йөрөр Байыҡтай,
Тынлыҡ тапмай хур булыр.

Появился в Москве шум и гам, говорят,
Враг напал на нее, говорят.
Француз ли он иль кто другой,
Все ж из земли пришел он иной.
Блага нельзя от такого ждать,
Земля под ним будет пылать,
Подобно Чингизу окажется псом.
Граница захвачена чужаком,
Не гостем явился он, а врагом.
С призывом обратилась Москва:
«Кто государю присягал,
Пусть садится на коней!» –
Ведь царь весть нам такую дал:
«Враг на Отчизну нашу напал!»
Слово мое будет таким:
Кто клятву нарушил – что станется с ним?
Не будет опоры таковым.
Как мытарствующий Баик
Покоя не найдет ни на миг.

[5: 75] *Перевод Газима Шафикова*

Согласно фольклорным данным, Баик Айдар сэсэн прожил более ста лет. В начале Отечественной войны 1812 напутствовал башкирских конников, отправлявшихся на войну против французов. Настоящее его имя Баик Аблаев, по другим данным Баймухамет Байназаров, 1734 (по другим данным 1710 г.р.), родился в дер. Мунаево Мурзаларской волости Сибирской дороги, ныне д. Аркаулово Салаватского района РБ. Умер в 1815 г. [10: 77]. После разгрома войск Наполеона возвращающихся домой батыров, играя на курае песню «Баик», встречал 102-летний Баик Айдар-сэсэн.

Своей национальной самобытностью и высоким патриотическим пафосом отличаются легенды и предания, повествующие о боях с войском Наполеона, о победном вступлении русской армии и находившихся в ее рядах башкирских воинов в Париж и о возвращении их в 1815 г. на родину. В преданиях «Кахым-туря» («Ҡаһым түрә»), «Башкиры на войне с французами» («Француз яуында башҡорттар»), «Вторая армия» («Икенсе әрме») основным

героем является народ. В плане показа роли народа и того патриотического подъема, с каким башкиры готовились к походу, ярко выделяется «Вторая армия» – произведение «базирующееся на связи песенного текста, предания и кубаира» [2: 84]. Едва услышав, что французы напали на Россию и подошли к Москве, воедино поднялся весь башкирский народ – и стар и млад. По песне-преданию можно представить момент проводов башкирских конников на войну: «Молодые егеты выбирали в табунах лошадей, укрощали необъезженных аргамаков. Повсюду в лесу вытачивали стрелы, выплавляли наконечники в кузницах, разделывали скотину и коптили мясо, кипятили эркет для курута, выделывали кожу, отбивали масло, денно и нощно выдаивали кобыл и заполняли чаны и бурдюки жгучим кумысом, справляли одежду и доспехи – так готовились к дальнему походу. Женщины и старухи, седобородые аксакалы, девушки и егеты, и даже дети, ползавшие на четвереньках – все провожали на бой своих батыров» [6: 289–293]. Обрядовые действия, связанные с проводом воинов еще больше усиливает информативную значимость сюжета: «Старухи дарили короткие нити, чтобы путь воинов был короток, женщины-жены пришивали к груди своих мужей монисты, чтобы их не пробили вражьи стрелы или копья, девушки-невесты дарили своим егетам вышитые платки и кисеты-янсык, чтобы хранили о них память. Все желали им счастливого пути и при расставании мужчины пели такую песню:

Ирәмәле тауҙың көн битенән	По южным склонам Иремель-горы
Сөптөрҙәп тә аға бер йылға.	Журча ручушка малая бежит.
Беҙ киткәндәү юлдың юҡ билгеһе:	Нет счета дорогам, куда мы идем,
Һау-сәләмәт булың күп йылға	Будьте здоровы долгие годы.
«Ирәмәл»	*«Иремель»*

Особой популярностью пользуются сюжеты о бесстрашном военачальнике Кахым-туре – Касиме Мырдашеве, уроженце деревни Аюсы Стерлитамакского уезда, башкира племени Юрматы, на который ушел в чине сотника, погиб в 1813 г. [9]. Большинство сюжетов о нем бытует в форме песен, песен-преданий с характерным им мотивом прославления своего командира, мужественного полководца. Среди фольклорных материалов, хранящихся в Фольклорном фонде Института истории, языка и литературы Уфимского федерального исследовательского цетра РАН, сохранилось несколько вариантов песни «Кахым туря»:

Ҡаһым түрә менгән, эй, һор(о) юрғаның	Кахым тури бурый иноходец Вихор на лбу издалека заметный.
Маңлайында булыр ҙа урайы.	Когда Кахым туря держал ответ
Ҡаһым түрә яуап биргән саҡта, вай кем	В правой руке держал курай заветный
Уң ҡулында булыр ҙа ҡурайы.	

(Песня записана Н. Д. Шункаровым в 1965 г. от Усманова Курмана (1912 г.р.) в дер. Старо-Байрамгулово Учалинского района).

Инәкәйем күлмәк тә(й) тектерһәнә,	Матушка моя, сшей ты мне рубаху

Иҙеүҙәрен уның да(й) бөкмәһен.	Разрез у ворота рубахи не сгибай.
500 һалдат менән дә ҡайта тиеп,	Говоря, что я вернусь с 500-ми солдатами,
Инәкәйем мине лә көтмәһен.	Пусть матушка моя меня не ждет.

(Вариант песни «Кахым туря» записана в 1965 г. от Байрамгулова Гатауллы (1909 г.р.) в дер. Ауеш Учалинского района Н. Д. Шункаровым).

Согласно фольклорному принципу идеализации, Кахым-туря в них изображается как мудрый, опытный и бесстрашный командир: *Яуға ҡаршы сапҡан мәлдәрендә, вай кем, Тау-таш ярыр йылдам ир ине / Когда он в бой летел на скакуне, Из под копыт летели в небо камни; Ҡаһым түрә фарман биргән саҡта, вай кем, Әйтер һүҙкәйҙәре хаҡ ине / Когда Кахым туря давал приказ, Все верили приказу без оглядки.* Во многих вариантах песен и песен-преданий трагическая смерть Кахым-тури связана с мотивом отравления его ядом: *Ҡахым түрә вафат булып ҡалды, вай кем, Владимир губерна башында / Свидетелями гибели его – Владимирской губернии просторы; Ағыу эсереп харап, ай, иттеләр, Күмһеп-күмһеп яна шул йөрәк / Убили ядом, ой, Кахым-турю, И сердце разрывается, сгорает.* По фольклорным данным, он был отравлен из-за зависти русскими офицерами возле города Владимир при возвращении с войны. Песня «Кахым-туря» впервые записана в 1894 году в дер. Кусей современного Баймакского района С. Г. Рыбаковым от кураиста Биргали и певца Абдрахмана Узянбаева со следующим пояснением: «Касым туря был полковым командиром башкирского войска в начале его существования, отличался расторопностью и ловкостью в деятельности; по зависти его отравили сулемой; перед смертью он призвал свою мать и рассказал ей в песне свою жизнь. Мать после его смерти поминала его этой песнью» [12: 131]. По другой версии песня была сочинена после смерти Кахыма его однополчанами. Песня впервые была опубликована в книге «Музыка и песни уральских мусульман с очерком их быта». Варианты песни записаны Ф. Х. Камаевым, А. С. Ключарёвым, Л. Н. Лебединским, И. В. Салтыковым, Г. З. Сулеймановым.

Произведения посвященные воспеванию мужества отдельной личности, объективно отражают исторические условия того времени: лейтмотивом проходит идея о важной роли народных масс в победе над врагом [2: 82]. Именно об этом говорят такие сцены, как совет аксакалов, мгновенное распространение боевого клича, собрание несметных войск за короткое время. Оригинальным художественным приемом для выражения центральной идеи произведения является введение «заговорившего» образа Урал-тау во время прощания с воинами:

Эй, балалар, юҡҡа ҡайғырмағыҙ	Эй, егеты, не горюйте понапрасну,
Тәрбиәсе инәң барында;	Когда есть кормилица-мать.
Француздан бер ҙә хәүефләнмәй	Французов прочь гоните громогласно,
Ҡыуып, бөтөрөп ҡайтың барың да.	И возвращайтесь к матери опять.
Тәрбиәсе инәң бар сағында	Пока есть Урал-земля враг не страшен,
Бер батырға меңде тыуҙырыр.	На место одного родит она
Әгәр дошман һеҙҙе еңеп ҡалһа,	

Урал инәң донъя туҙзырыр.
Ишетмәйҙәр микән сит илдәрҙә
Уралтауҙың йәйелеп ятҡанын.
Ниндәй яуға ҡаршы барһалар ҙа,
Һис күрмәнең еңмәй ҡайтҡанын.

«Ишетмәйҙәр микән сит илдәрҙә»

Батыров тыщу – и сильней, и краше,
Им дает благословение страна.
Или о том не знают на чужбине,
Что есть страна могучая Урал?
Сыны его горят отвагой львиной,
Их острый мечь любых врагов карал.

«Ужель не слышали в чужих краях»

Песни и предания сохранили до наших дней и имена других батыров – участников Отечественной войны 1812 г. Таковы предания об Абдрахмане Акъегетове, уроженце села Утяган современного Кармаскалинского района, о Янхары-батыре, мелодия «Калмантай» о батыре Калмантай, уроженце деревни Ильяс современного Красногвардейского района Оренбургской области. По словам Ф.А.Надршиной, «эти предания о батырах, не лишены элементов вымысла, но в основе своей реалистичны, о чем свидетельствуют письменные источники» [3: 175].

Песни, посвященные теме войны с французами, составляют собой целый цикл, который отличается от других песен тем, что в нем события отражены в процессе их развития. Цикл, как правило, объединяет песни одного времени, имеющие общую для всех конкретно-историческую основу, общим для всех песен является не только их проблематика, но порою и герои. В песнях «Эскадрон», «Ерән ҡашҡа» («Рыжий конь со звездочкой на лбу»), «Француз көйө» («Французская»), «Һары ла сәс» («Русоволосая») весьма ярко отразился патриотический подъем, охвативший народные массы. Характеризуя содержание башкирских песен о войне 1812 г., надо отметить, что в них делается акцент на утверждение изначальной обреченности затеи французского императора покорить Россию. Башкиры в них подчёркивают силу своей страны и собственную доблесть, как её защитников:

Ыласын ҡош кеүек һөрән һалып
Тора батыр яуҙың башында.

Батыр ғына егет, ай, шул булыр –
Француздарҙың етер башына.

«Ыласын ҡош»

Батыр – что сокол, громок клич его,
Он впереди, он первым рвется в бой.

Лишь тот егет поистине батыр,
Кто бьет француза намертво –
без страха.

«Сокол-птица»

или

Батыр егет яуға сапҡан саҡта
Француздар дер-дер ҡалтырай

«Батыр егет»

От его воинственного клича
В ужасе солдат-француз дрожит.

«Храбрый егет»

За меткость стрельбы из луков французы прозвали башкир «северными амурами». В истории песни «Ахмет баик» дается рассказ воина о вступлении в Париж: «Когда мы вошли в Париж, французы обратили внимание не столько на нас, сколько на наши луки и и стрелы. Внимательно осмотрев их, один француз сказал: «Пусть один из вас покажет, как стрелять». Тогда один из нас с силой выстрелил из лука. Стрела вонзилась в купол церкви, стоящей против нас.

Французы побежали к церкви и начали подниматься вверх. Поднявшись, они увидели, что стрела пронзила железную крышу купола и наполовину вошла в нее. Стрелу не смогли вынуть. Она осталась там» [5: 327].

- This information illustrate that technology-based systemic reform is hard in part because our ways of thinking about implementation are often flawed. Large-scale educational innovation will never be easy, but can be less difficult if we go beyond our implicit assumptions about learning, technology, equity, schooling, and society. Understanding the scaling-up process is vital for making strategies for change affordable, generalizable, and sustainable. [3, p. 30]

References:

1. Dede, C., &Palumbo, D. (Eds). Learning with technology (the 2008 ASCD Yearbook). Alexandria, VA: ASCD, p.60-67

2. www.teaching.com/iecc.

3. Schank,R.C., & Jona, M.Y. (20001). Empowering the student: New perspectives on the design of teaching systems. The Journal of Learning Sciences, 1, p.7-35.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ: АДАМ БОЛМЫСЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бақтығалиева Нұрсәуле Таңмағанбетқызы
Bagtygalyeva.nursaule13@gmail.com
«Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау» факультетінің, 2 курс студенті
«Тілдер» кафедрасы
Ғылыми жетекші: «Тілдер» кафедрасының аға оқытушысы ТатановаЛариса
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл зерттеу жұмысы жасанды интеллекттің қазіргі қоғамға әсерін, әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан талдауға арналған. Технологиялық прогрестің жеделдеуі жасанды интеллектті медицина, білім беру, әлеуметтік басқару және күнделікті өмір салаларына кеңінен енгізуге алып келді. Алайда, бұл үдеріс тек техникалық тиімділікпен шектелмей, адам болмысының мәні, моральдық жауапкершілік, еркін таңдау және қоғамдық құндылықтар сияқты іргелі мәселелерді алға тартады.

Жасанды интеллекттің қоғамдағы орны мен рөлі қарастырылып, оның адамның ойлау жүйесіне, мінез-құлқына және шешім қабылдау үдерісіне ықпалы сипатталады. Мақалада технологияны қолдану барысында адам еркіндігі, жауапкершілік және адамгершілік құндылықтарды сақтау мәселелеріне назар аударылады. Сонымен қатар, жасанды интеллектті тиімді әрі саналы пайдалану қажеттілігі негізделеді.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, қоғамдық әсер, сыни ойлау, адам еркіндігі, технологиялық даму, цифрлық тәуелділік, әлеуметтік жауапкершілік, этикалық нормалар, деректер қауіпсіздігі, шешім қабылдау үдерісі, студент.

Аннотация: Данное исследование посвящено анализу влияния искусственного интеллекта на современное общество с точки зрения социальной ответственности. Ускорение технологического прогресса привело к широкому внедрению искусственного интеллекта в такие сферы, как медицина, образование, социальное управление и повседневная жизнь. Однако данный процесс не ограничивается лишь технической эффективностью, а поднимает фундаментальные вопросы, связанные с сущностью человека, моральной ответственностью, свободой выбора и общественными ценностями.

В работе рассматриваются место и роль искусственного интеллекта в обществе, а также описывается его влияние на мышление человека, поведение и процесс принятия решений. В статье уделяется внимание вопросам сохранения человеческой свободы, ответственности и нравственных ценностей при использовании технологий. Кроме того, обосновывается необходимость эффективного и осознанного использования искусственного интеллекта.

Ключевые слова: искусственный интеллект, общественное влияние, критическое мышление, свобода человека, технологическое развитие, цифровая зависимость, социальная ответственность, этические нормы, безопасность данных, процесс принятия решений, студент.

Abstract: This study is devoted to analyzing the impact of artificial intelligence on modern society from the perspective of social responsibility. The acceleration of technological progress has led to the widespread implementation of artificial intelligence in fields such as healthcare, education, social governance, and everyday life. However, this process is not limited to technical efficiency alone; it also raises fundamental issues related to human nature, moral responsibility, freedom of choice, and societal values.

The paper examines the place and role of artificial intelligence in society and describes its influence on human thinking, behavior, and decision-making processes. Particular attention is given to preserving human freedom, responsibility, and ethical values in the use of technology. In addition, the necessity of effective and conscious use of artificial intelligence is substantiated.

Keywords: artificial intelligence, social impact, critical thinking, human freedom, technological development, digital dependency, social responsibility, ethical norms, data security, decision-making process, student.

Кіріспе: Қазіргі қоғам технологиялық дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты, бұл үдерісте жасанды интеллект әлеуметтік және кәсіби кеңістіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналуда. Сондықтан жасанды интеллект тек техникалық көмекші құрал ғана емес, қоғамдық қатынастарға әсер ететін әлеуметтік фактор ретінде қалыптасып отыр. Ол адам мен қоғам арасындағы өзара байланыстың сипатын, моральдық таңдауларды және шешім қабылдау үдерісін өзгертуде. Бұл жағдай адам еркіндігі мен жауапкершілігінің шекараларын айқындау мәселесін өзекті етеді. Сонымен қатар, технологиялық шешімдердің кең таралуы адамгершілік құндылықтардың сақталуы мен әлеуметтік әділеттілікке қатысты маңызды сұрақтар туындатады.

Осыған байланысты жасанды интеллекттің қоғамдағы рөлін жан-жақты қарастыру қажеттілігі артып отыр. Әсіресе, жасанды интеллекттің адам мінез-құлқына және ойлау жүйесіне ықпалын анықтау маңызды болып табылады. Қазіргі жағдайда технология мен адам арасындағы үйлесімділікті сақтау өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл бағыттағы зерттеулер қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін ғылыми негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: Жасанды интеллекттің қоғам өміріне әсерін адамның болмысы тұрғысынан әлеуметтік-этикалық талдау, адамның шешім қабылдау үдерісіндегі рөлін бағалау және оның еркіндігіне, жауапкершілігіне әрі адамгершілік құндылықтарының сақталуына ықпалын айқындау.

Негізгі бөлім: Жасанды интеллект – адамның ойлауына ұқсас түрде ақпаратты өңдеп, талдап және белгілі бір шешім қабылдай алатын заманауи технология. Қазіргі заманауи зерттеулер көрсеткендей, ол тек өндірістік және техникалық салаларда ғана емес, әлеуметтік құрылымдар мен қоғамдық институттардың қызметіне де елеулі ықпал етуде.

Білім беру жүйесінде ол оқу процесін жекелендіруге, ақпаратты жылдам әрі тиімді меңгеруге жағдай жасаса, медицина саласында диагноз қою мен емдеу тәсілдерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Алайда, мұндай мүмкіндіктермен қатар, адамның дербестігі мен шешім қабылдау еркіндігіне қатысты жаңа сұрақтар туындайды. [1]

Сонымен қатар, жасанды интеллекттің дамуы еңбек нарығына да айтарлықтай өзгеріс енгізуде. Кейбір мамандықтардың автоматтандырылуы жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруді талап етеді, бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің мазмұнын жаңартуға әсер етеді. Студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру, жаңа технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім берудің маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Бұл үрдіс адамның қоғамдағы рөлін қайта қарастыруға және жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді.

Ғылыми еңбектерде жасанды интеллекттің адам ойлау жүйесіне әсері ерекше назарда қарастырылады. Кейбір зерттеулерде оның ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттыруға ықпал ететіні көрсетілсе, басқа еңбектерде керісінше,

сыни ойлау қабілетінің әлсіреу қаупі бар екені атап өтіледі. Бұл жағдай жасанды интеллектті қолдану барысында тепе-теңдік сақтаудың маңыздылығын айқындайды. Яғни, технология адамның орнын алмастырмай, оның мүмкіндіктерін толықтыратын құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Заманауи зерттеулерде әлеуметтік жауапкершілік мәселесі де маңызды орын алады. Жасанды интеллект негізінде қабылданатын шешімдердің әділеттілігі, ашықтығы және қауіпсіздігі қоғам үшін аса маңызды. Деректерді өңдеу мен сақтау барысында жеке ақпараттың қорғалуы негізгі талаптардың біріне айналып отыр. Осы тұрғыда этикалық нормаларды сақтау және технологияны реттеу механизмдерін жетілдіру қажеттілігі айқын байқалады. [2]

Жасанды интеллекттің қазіргі қоғамдағы маңызы күннен-күнге артып келеді, себебі, ол адамдардың күнделікті өмірін жеңілдететін тиімді құралға айналды. Қазіргі таңда көптеген адамдар оны ақпарат іздеу, оқу тапсырмаларын орындау, кәсіби қызметте шешім қабылдауға көмек алу мақсатында белсенді қолдануда. Бұл технология уақытты үнемдеуге, күрделі ақпараттарды жылдам өңдеуге және үлкен көлемдегі деректерді қысқа мерзімде талдауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде адамның еңбек өнімділігі артып, түрлі салаларда жұмыс сапасы жақсара түсуде.

Жасанды интеллекттің кеңінен қолданылуы әсіресе, студент жастар арасында айқын байқалады. Олар оны білім алу процесінде көмекші құрал ретінде пайдаланып, оқу материалдарын түсінуді жеңілдетеді, қосымша ақпарат көздерін табады және тапсырмаларды орындауда бағыт-бағдар алады. Бұл студенттердің өз бетімен білім алу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Дегенмен, оны шамадан тыс пайдалану білімді терең меңгеруге кері әсер етуі мүмкін, сондықтан оны тиімді әрі саналы қолдану маңызды.

Қазіргі қоғамда жасанды интеллект тек жеке пайдалануға арналған құрал ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және кәсіби қызметтің ажырамас бөлігіне айналуда. Мысалы, медицина саласында дәрігерлер оны диагноз қоюда қосымша көмек ретінде қолданса, білім беру саласында оқытушылар оқу процесін оңтайландыру үшін пайдаланады. Бұл технология адамның орнын толық алмастырмайды, керісінше, оның мүмкіндіктерін кеңейтіп, шешім қабылдау процесін қолдайды.

Жасанды интеллекттің тиімді қолданылуы адамның сыни ойлау қабілетімен тікелей байланысты. Егер адам оны тек дайын жауап алу үшін қолданса, онда оның ойлау қабілеті әлсіреуі мүмкін. Ал егер оны ақпаратты талдау, салыстыру және жаңа идеялар қалыптастыру үшін пайдаланса, онда керісінше, оның интеллектуалдық дамуына оң әсер етеді. Сондықтан бұл технологияны қолдану мәдениетін қалыптастыру қазіргі қоғам үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Жасанды интеллекттің қоғамға әсерін жан-жақты зерттеу оның мүмкіндіктері мен тәуекелдерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Адам еркіндігі, жауапкершілік және адамгершілік құндылықтарды сақтау мәселесі бұл үдерісте ерекше маңызға ие. Технологияны тиімді пайдалану адамның

саналы таңдауы мен жауапкершілігіне тікелей байланысты, сондықтан оның дамуы адам құндылықтарымен үйлесімді жүзеге асуы қажет. [3, Б.1,2]

Жасанды интеллекттің қоғамдағы рөлі артқан сайын, оны дұрыс пайдалану мәселесі де өзекті бола түсуде. Адамдар технологияға толық тәуелді болмай, оны тек көмекші құрал ретінде қолдануды үйренуі тиіс. Бұл адамның дербестігін, еркін ойлауын және жауапкершілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайда жасанды интеллектті қолдану шекараларын айқындау және оның ықпалын реттеу маңызды мәселеге айналып отыр. Білім беру мен медицина салаларында технологияны тиімді әрі қауіпсіз пайдалану қажеттілігі артып келеді. Осы саладағы зерттеулер адам мен технология арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің дамуы қоғамда жаңа құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерінің қалыптасуына ықпал етуде. [4, Б.3]

Технологияның қарқынды дамуы адам мен жасанды интеллект арасындағы шекараны айқындауды талап етеді. Яғни, қандай жағдайда технологияға сенім артуға болады, ал қай кезде шешімді адамның өзі қабылдауы тиіс деген сұрақтар маңызды. Бұл әсіресе медицина, білім беру және басқару салаларында ерекше мәнге ие.

Жасанды интеллектті тиімді пайдалану үшін қоғамда цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру қажет. Әрбір адам бұл технологияның мүмкіндіктерін ғана емес, оның шектеулерін де түсінуі тиіс. Бұл оны қауіпсіз және тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект қазіргі қоғамда маңызды құралға айналып, адамның өмірін жеңілдетуге, білім алу мен кәсіби дамуға жаңа мүмкіндіктер ашуда. Алайда, оны дұрыс пайдалану, адам құндылықтарын сақтау және технологияға тәуелділіктің алдын алу басты міндет болып қала береді. Тек, осы жағдайда ғана жасанды интеллект қоғам дамуына оң әсерін тигізе алады.

Өзектілігі: Қазіргі таңда жасанды интеллект қоғам өмірінің барлық саласына белсенді түрде еніп, білім беру, медицина, әлеуметтік басқару және күнделікті өмір үдерістеріне айтарлықтай әсер етуде. Бұл технология тек ақпараттық құрал ғана емес, сонымен қатар адам мінез-құлқын, ойлау жүйесін және шешім қабылдау үрдісін өзгертетін әлеуметтік факторға айналды.

Жасанды интеллекттің кең таралуы адам еркіндігі, жеке жауапкершілік және адамгершілік құндылықтардың сақталуы мәселесін өзекті етеді. Әсіресе, қоғамдық маңызы бар шешімдерде оның рөлінің артуы адам болмысының мәнін қайта қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты аталған тақырыпты әлеуметтік тұрғыда зерттеу қазіргі қоғам үшін маңызды болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар: Зерттеу барысында сауалнама әдісі қолданылды. Негізгі деректерді жинау құралы ретінде Google Form платформасы арқылы онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 1-2 курс (100) студенттері қатысты.

Зерттеу жұмысында әлеуметтік бағыттағы ғылыми мақалалар мен қазіргі кезеңдегі заманауи зерттеулердің материалдары пайдаланылды. Сауалнама

бойынша алынған мәліметтер, мазмұндық және салыстырмалы талдау әдістері арқылы өңделді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін алынған деректер жүйеленіп, негізгі көрсеткіштер бойынша салыстырылды. Сонымен қатар, қатысушылардың жауаптары құпия түрде өңделіп, этикалық талаптар сақталды. Жиналған мәліметтер зерттеу мақсатына сәйкес талданып, қорытынды жасауға негіз болды.

Зерттеу әдісінде жасанды интеллекттің қоғамдағы рөліне қатысты түрлі авторлардың көзқарастары негізге алынды. Бұл ғылыми деректер зерттеу жұмысының мазмұнын тереңдетіп, мәселені жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді

Зерттеу нәтижелері: Қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін талдау нәтижесінде, зерттеуге қатысқан студенттердің басым бөлігін қыздар құрағаны анықталды, яғни 66% қыздар, ал 34% ер балалар болды. Жас ерекшелігі бойынша респонденттердің негізгі бөлігі 16–19 жас аралығында болды, олардың үлесі 98% құрады. Ал, 20–22 жас аралығындағы студенттер тек 2% болды.

Сауалнамға қатысушылар «Жалпы медицина», «Стоматология» және «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтарының студенттері мен «Тарих», «Қоғамтану» мамандықтарының студенттері қатысты. Оқу курсы бойынша талдау жүргізілгенде, студенттердің 71% бірінші курс, ал 29 % екінші курс студенттері екені анықталды.

Жасанды интеллектті қолдану деңгейіне келетін болсақ, студенттердің басым бөлігі оны күнделікті өмірде белсенді қолданатыны анықталды. Атап айтқанда, 76% жасанды интеллектті жиі қолданатынын айтты, 21% кейде қолданады, қалған бөлігі сирек немесе мүлдем қолданбайды. Бұл қазіргі жастар арасында жасанды интеллекттің кеңінен таралғанын және олардың өмірінің бір бөлігіне айналғанын көрсетеді.

Жасанды интеллекттің адамның ойлау қабілетіне әсері туралы сұраққа жауап берген студенттердің көпшілігі оның әсерін екіжақты деп бағалады. Яғни, 62% жасанды интеллекттің әрі пайдалы, әрі зиянды жақтары бар екенін атап өтті. 23% оның оң әсер ететінін айтса, 12% керісінше, теріс әсер, 3% әсер етпейді деп санайды. Бұл нәтижелер студенттердің жасанды интеллектке сыни көзқараспен қарайтынын көрсетеді. Жалпы алғанда, қатысушылар оны саналы әрі шектеулі түрде қолдану қажеттігін түсінеді.

Маңызды әлеуметтік немесе медициналық шешімдерді жасанды интеллекттің қабылдауы туралы сұрақта студенттердің басым бөлігі оны тек белгілі бір жағдайларда ғана қолдануға болады деп есептейді. Яғни, 68% жасанды интеллектті белгілі бір жағдайда ғана қолданылуы керек деп есептейді. 27% мұндай шешімдерді жасанды интеллект қабылдауы орынсыз деп есептейді, ал тек 5% ғана толықтай орынды деп жауап берген.

Жасанды интеллекттің адам еркіндігіне әсері туралы сұраққа берілген жауаптар да әртүрлі болды. Студенттердің бір бөлігі оның адам еркіндігін ішінара шектейтінін айтса, кейбірі мүлдем шектемейді деп санайды, ал

бірқатары нақты пікір білдіре алмады. Сонымен қатар, қатысушылардың көпшілігі жасанды интеллекттің дамуы адам рөлінің маңызын белгілі бір деңгейде төмендетуі мүмкін деген пікірмен ішінара келісетінін көрсетті.

Ашық сұрақтарға берілген жауаптарды талдау барысында студенттердің негізгі алаңдаушылықтары анықталды. Көптеген респонденттер жасанды интеллекттің ең басты қаупі ретінде адамның ойлау қабілетінің төмендеуі, сыни ойлаудың әлсіреуін және оған тәуелділіктің пайда болуын атап өтті. Сонымен қатар, кейбір студенттер адамдардың жалқаулыққа бейімделуі, өздігінен шешім қабылдау қабілетінің әлсіреуі және кейбір мамандықтардың жойылу қаупі бар екенін айтты.

Студенттер жасанды интеллекттің көптеген мүмкіндіктерін де атап өтті. Олардың пікірінше, жасанды интеллект ақпаратты тез табуға, уақытты үнемдеуге, ғылыми зерттеулерді жылдам жүргізуге мүмкіндік беретінін айтады. Көпшілігі оны қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды құрал ретінде бағалады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері жастардың жасанды интеллектті кеңінен қолданатынын және оны пайдалы, көмекші құрал ретінде қабылдайтынын көрсетті. Алайда, олар оның адам ойлауына, дербестігіне және қоғамдағы рөліне кері әсер етуі мүмкін екенін де түсінеді. Осыған байланысты студенттердің басым бөлігі жасанды интеллектті тек көмекші құрал ретінде қолдану қажет деген ортақ пікірге келді.

Сауалнама нәтижелері



Жынысы Жасы

1. Сіз жасанды интеллектті күнделікті өмірде (оқу, ақпарат іздеу, шешім қабылдау) қолданасыз ба?



2. Жасанды интеллект адамның ойлау қабілетіне әсер етеді деп ойлайсыз ба?



3. Маңызды әлеуметтік немесе медициналық шешімдерді жасанды интеллекттің қабылдауы қаншалықты орынды деп санайсыз?



4. Жасанды интеллекттің кең таралуы адам еркіндігін шектейді деп санайсыз



ба?

5. Жасанды интеллекттің дамуы адам рөлінің маңызын төмендетеді деген пікірмен келісесіз бе?



Ұсыныс

1. Студенттер жасанды интеллектті дайын жауап көзі ретінде емес, ойды дамытуға көмектесетін құрал ретінде қолдануды үйренуі тиіс.

2. Оқу үдерісінде жасанды интеллект қолданылған жағдайда, соңғы шешім мен жауапкершілік әрқашан адамның өзінде қалуы керек.

3. Жасанды интеллекттің қоғамға әсері туралы білім тек техникалық бағытта емес, әлеуметтік-этикалық тұрғыда да түсіндірілгені жөн.

4. Университет деңгейінде жасанды интеллектті пайдалану шекараларын айқындайтын ортақ академиялық ұстанымдар қалыптастыру қажет.

5. Студент ретінде мен үшін ең маңыздысы – технология дамыған сайын адамгершілік, ар-ождан және жеке жауапкершілік құндылықтары жоғалмауы тиіс.

6. Жасанды интеллектті қолдану барысында жеке деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығын сақтау басты назарда болуы тиіс.

7. Білім беру жүйесінде студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмалар мен әдістерді кеңінен енгізу қажет.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазіргі жастардың жасанды интеллектке деген сыни көзқарасының қалыптасқаны және оның күнделікті өмірде кеңінен қолданылып отырғанын айқын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан студенттердің басым бөлігі жасанды интеллектті оқу, ақпарат іздеу және түрлі шешімдер қабылдау барысында тұрақты түрде пайдаланатынын атап өтті. Бұл оның қазіргі қоғамда маңызды технологиялық көмекші құралға айналғанын дәлелдейді.

Респонденттердің көпшілігі жасанды интеллекттің әсерін екіжақты деп бағалады: бір жағынан ол дамуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан ойлау қабілетінің төмендеуі мен тәуелділік қаупін тудырады. Әсіресе, студенттер сыни ойлаудың әлсіреуі мен өздігінен шешім қабылдау дағдыларының төмендеуіне алаңдайды.

Маңызды шешімдер қабылдауда қатысушылардың басым бөлігі жасанды интеллектті тек көмекші құрал ретінде қолдану қажет деп есептейді. Бұл олардың технологияны қолдаумен қатар, адам жауапкершілігінің маңызын түсінетінін көрсетеді. Жалпы, студенттер жасанды интеллектті пайдалы әрі қажетті құрал деп бағалай отырып, оны саналы және шектеулі түрде қолдану керек деген ортақ пікірге келді. Бұл тақырыпты зерттеу барысында, жасанды интеллекттің қоғамға әсерін жан-жақты қарастырып, осы тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауаптар алынды. Жауаптар әртүрлі пікірлер мен көзқарастарты қамтыды.

Нәтижесінде, жасанды интеллектті адам саналы түрде көмекші құрал ретінде қолдану қажет деген қорытындыға келдік. Яғни, оны дайын шешім қабылдайтын негізгі жүйе емес, бағыт-бағдар беретін және ақпаратты талдауға көмектесетін құрал ретінде пайдалану маңызды. Бұл тәсіл адамның дербестігін, сыни ойлау қабілетін және жеке жауапкершілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Бұл ұстаным қоғамның технологиялық ілгерілеуін адами құндылықтармен үйлестіруге мүмкіндік береді. Болашақта жасанды интеллектті тиімді қолдану үшін оның әлеуеті мен ықтимал тәуекелдерін жан-жақты түсіну маңызды. Осыған орай, жасанды интеллектті дұрыс бағытта дамыту оны өмірдің әр саласында тиімді құрал ретінде пайдалануға жол ашады. Қорытындылай келе, мұндай көзқарас технология мен адам мүддесінің үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Жасанды интеллектті саналы, жауапты және шектеулі түрде қолдану – қазіргі заманның басты талаптарының бірі. Мұндай көзқарас адамның интеллектуалдық әлеуетін сақтай отырып, технологиялық прогрестің игілігін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Баракбаева Т.А., Латипова С.С., Дакеева М.Н., Есбергенова Г.Б. Жасанды интеллект түсінігі және білім берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері. Scientific Results, 2024.

2. Садыкова С., Еспанова К., Турлан Ж. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллект элементтерін қолдану. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2025. DOI:10.51889/2959-5762.2025.88.4.033.
3. Ebrahimian A, Mansourian M, Vahidi S, Alavi F. The role of artificial intelligence in promoting kindness in society: A qualitative study to advance well-being, equity, and positive social change. Health Psychol Open. 2026;13:20551029251413309. Published 2026 Jan 8. Doi:10.1177/20551029251413309.
4. Gao S, He L, Chen Y, Li D, Lai K. Public Perception of Artificial Intelligence in Medical Care: Content Analysis of Social Media. J Med Internet Res. 2020;22(7):e16649. Published 2020 Jul 13. Doi:10.2196/16649. Қоғамның жасанды интеллект туралы пікірін әлеуметтік желілер арқылы талдау нәтижелері берілген.
5. Жасанды интеллект: пайда ма әлде қауіп пе?
Досбол Г. 12 авг. 2024 г.

UDC: 81-117

THE INFLUENCE OF AGE-RELATED COGNITIVE PECULIARITIES ON EFL GRAMMAR ACQUISITION: A CLASSROOM STUDY

Vatayeva Saadat Bektayevna
Saadatvataec@gmail.com
Master's student
M. Kozybayev NKSU
Petropavlovsk, Kazakhstan

Аңдатпа: Бұл мақалада ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытуда грамматиканы меңгеруге әсер ететін жас ерекшеліктеріне байланысты когнитивтік сипаттамалар қарастырылады. Зерттеу жұмысында жұмыс жады, зейін және ақпаратты өңдеу жылдамдығы сияқты негізгі когнитивтік факторлардың грамматиканы меңгеру үдерісіндегі рөлі талданады. Теориялық бөлімде когнитивтік даму теориялары мен тіл үйрену модельдері негізінде оқыту үдерісін бейімдеудің қажеттілігі негізделеді. Практикалық бөлімде үш жас тобына (жасөспірімдер, студенттер, ересектер) арналған квази-эксперимент сипатталып, бейімделген оқыту стратегиялары ұсынылады. Нәтижелер бұл әдістердің грамматикалық дәлдік пен білімнің тұрақтылығын арттыратынын көрсетті.

Түйін сөздер: грамматика, когнитивтік ерекшеліктер, жас ерекшелігі, EFL, жұмыс жады, зейін, оқыту стратегиялары, тіл меңгеру.

Аннотация: В статье рассматривается влияние возрастных когнитивных особенностей на процесс усвоения грамматики английского языка как иностранного. Особое внимание уделяется таким факторам, как рабочая память, внимание и скорость обработки информации. Теоретическая часть обосновывает необходимость учета когнитивного развития обучающихся при организации обучения. Практическая часть включает описание квази-экспериментального исследования с участием подростков, студентов и взрослых. Для каждой группы применялись адаптированные методы обучения. Результаты показали повышение точности использования грамматических структур и улучшение долговременного усвоения материала, а также зависимость эффективности обучения от индивидуальных когнитивных характеристик.

Ключевые слова: грамматика, когнитивные особенности, возраст, EFL, рабочая память, внимание, обучение, стратегии, усвоение языка

Annotation: This article examines the influence of age-related cognitive characteristics on English grammar acquisition in an EFL context. Particular attention is paid to key cognitive factors such as working memory, attention, and processing speed. The theoretical section emphasizes the importance of aligning instruction with learners' cognitive development based on modern linguistic and pedagogical approaches. The practical part describes a quasi-experimental study involving adolescents, university students, and adults. Each group was taught using age-adapted strategies. The findings indicate improved grammatical accuracy and better long-term retention, as well as a clear relationship between learning effectiveness and individual cognitive differences.

Keywords: grammar acquisition, cognitive characteristics, age differences, EFL, working memory, attention, teaching strategies, language learning

Introduction The process of acquiring grammar in a foreign language is a complex cognitive activity that is influenced not only by instructional methods but also by the learner's age-related cognitive characteristics [1]. In many educational contexts, especially in EFL classrooms, grammar is often taught using a uniform approach that does not take into account how learners of different ages process

information [2]. However, research in cognitive psychology and second language acquisition demonstrates that working memory capacity, attentional control, and processing speed vary significantly across age groups, which directly affects how grammar is learned and used [3].

This study is based on the assumption that effective grammar instruction must be aligned with learners' cognitive characteristics. In particular, it focuses on three key cognitive factors: working memory, attention, and processing speed. Working memory determines how much information a learner can hold and manipulate at a given moment, attention controls what linguistic input is noticed and processed, and processing speed influences how quickly learners can understand and apply grammatical structures [3]. When instructional methods do not correspond to these cognitive capacities, learners may experience cognitive overload, which reduces learning effectiveness.

In this research, the concept of "performance cost" is used to describe the decrease in learning efficiency caused by a mismatch between teaching methods and learners' cognitive abilities. This concept is grounded in Cognitive Load Theory developed by Sweller, which explains that when the cognitive demands of a task exceed a learner's capacity, learning becomes less effective and errors increase [4]. Therefore, adapting instruction to reduce unnecessary cognitive load is essential, especially in grammar teaching.

Theoretical framework The theoretical foundation of the study integrates several key perspectives from cognitive and educational theory. Piaget's theory of cognitive development suggests that learners reach the stage of abstract thinking during adolescence, which allows them to consciously analyze grammatical rules [5]. Before this stage, younger learners rely more on intuitive and implicit learning processes. Vygotsky's sociocultural theory emphasizes the importance of guided interaction and scaffolding within the Zone of Proximal Development, where learners can perform tasks with support that they cannot yet perform independently [6]. In addition, Sweller's Cognitive Load Theory provides a framework for understanding how instructional design can either facilitate or hinder learning depending on how information is presented [4].

Methodology and experimental design Building on these theoretical perspectives, the study aimed to design and test age-sensitive grammar teaching strategies in real classroom conditions. The practical phase of the research was conducted using a quasi-experimental crossover design, which allows the same participants to experience different instructional conditions and reduces the influence of individual differences [7]. This design is widely used in educational research because it enables a more objective comparison between teaching approaches.

The study involved 60 participants divided into three age groups: adolescents (12–14 years), university students (18–22 years), and adults (25–40 years). All participants were learning English as a foreign language in formal instructional settings. The experimental procedure was organized in such a way that each group studied two grammar topics: the contrast between Present Perfect and Past Simple,

and the use of the First Conditional. Each topic was taught over a series of four lessons, each lasting 60 minutes.

Development and Testing of Age-sensitive Strategies A key feature of the research design was that each participant experienced both instructional conditions: a standard, non-adapted teaching approach and an age-sensitive approach. This crossover structure made it possible to compare how the same learners performed under different instructional conditions, which significantly increases the reliability of the results.

To ensure that the results were measurable and comparable, a system of assessment was developed. Learning outcomes were evaluated using three types of tests: a pre-test administered before instruction, an immediate post-test conducted after the completion of the lessons, and a delayed post-test given two weeks later to assess retention. The evaluation criteria included grammatical accuracy, the ability to use grammar correctly in context, and the types of errors produced by learners. In addition, both controlled tasks (such as sentence completion) and free production tasks (such as short written or spoken responses) were used to provide a more complete picture of learners' grammatical competence.

One of the most important aspects of the study was the development of age-sensitive instructional strategies. These strategies were designed to reflect the cognitive characteristics of each age group and to reduce cognitive load while maintaining meaningful engagement with the language.

For adolescents, the main challenge lies in limited working memory capacity and a higher susceptibility to distraction. As a result, instruction for this group focused on reducing cognitive overload. Grammar input was presented in small, manageable chunks, often in the form of short sentence frames. For example, when introducing the Present Perfect tense, students worked with sentences such as "I have already finished my homework" or "She has just arrived." These sentences were supported by visual timelines that helped learners understand the relationship between past actions and present results. Practice activities were organized in short cycles, and immediate feedback was provided in the form of recasts, allowing students to quickly correct their errors without interrupting the flow of communication.

In contrast, university students demonstrated a higher level of metalinguistic awareness, which allowed them to engage in more analytical tasks. Instruction for this group included activities that required learners to compare grammatical structures and identify rules independently. For instance, students were asked to analyze the difference between sentences such as "I lived here for five years" and "I have lived here for five years," and then formulate the rule governing their usage. This approach encouraged deeper cognitive processing and helped learners develop a more conscious understanding of grammar.

Adult learners, on the other hand, showed a strong reliance on explicit learning and logical reasoning but often experienced slower processing speed. Therefore, instruction for this group combined clear rule explanation with structured practice and spaced repetition. Grammar points were revisited across several lessons to

support long-term retention. For example, after introducing the First Conditional, learners returned to this structure in later lessons through short review tasks and communicative activities, which helped reinforce their understanding and reduce forgetting.

All these strategies were integrated into a unified instructional model consisting of three main components: input adaptation, practice design, and feedback type. Input adaptation involved adjusting the complexity and presentation of grammatical material to match learners' cognitive capacities. Practice design ensured a progression from controlled to more communicative tasks, allowing learners to gradually develop fluency. Feedback type was also adapted depending on the age group, with more immediate and implicit feedback for younger learners and more explicit, reflective feedback for older learners.

Results of the Research The results of the study clearly demonstrated that age-sensitive strategies were more effective than the standard approach across all age groups. Adolescents showed significant improvement in grammatical accuracy, particularly due to the reduction of cognitive overload. University students demonstrated better understanding of grammatical rules and greater ability to apply them in new contexts. Adult learners achieved higher retention rates, especially in the delayed post-test, which confirmed the effectiveness of spaced repetition and structured instruction.

An important finding of the study was the interaction between individual cognitive characteristics and instructional effectiveness. Learners with lower working memory capacity benefited more significantly from structured input and simplified presentation of material, which reduced cognitive overload and improved performance. This confirms that adapting instruction to cognitive characteristics not only improves overall learning outcomes but also helps reduce differences between learners.

In addition to quantitative results, qualitative observations provided further insight into the learning process. Adolescents in the age-sensitive condition were more engaged and produced fewer incomplete responses. University students showed increased confidence in explaining grammar rules and applying them independently. Adult learners demonstrated greater accuracy in both written and spoken production, particularly after repeated exposure to grammatical structures.

Overall, the findings of this study highlight the importance of moving away from a one-size-fits-all approach to grammar teaching. Instead, instruction should be flexible and responsive to learners' cognitive development. Even relatively simple adjustments, such as breaking information into smaller units, using visual support, varying feedback strategies, and incorporating spaced repetition, can significantly improve the effectiveness of grammar instruction.

Conclusion In conclusion, this research demonstrates that age-related cognitive characteristics play a crucial role in EFL grammar acquisition. By aligning instructional strategies with these characteristics, teachers can reduce cognitive overload, improve learning outcomes, and support more effective language development. The results suggest that incorporating age-sensitive approaches into

classroom practice is not only theoretically justified but also practically beneficial. This creates a strong basis for further research and for the development of teaching materials that reflect the cognitive realities of learners at different stages of development.

References

1. Ellis R. The Study of Second Language Acquisition. Oxford: Oxford University Press, 1994.
2. Krashen S. Principles and Practice in Second Language Acquisition. Oxford: Pergamon, 1982.
3. Baddeley A.D., Hitch G. Working memory // Psychology of Learning and Motivation. 1974.
4. Sweller J. Cognitive Load Theory. London: Springer, 2011.
5. Piaget J. The Origins of Intelligence in Children. New York: International Universities Press, 1952.
6. Vygotsky L.S. Thought and Language. Cambridge: MIT Press, 1986.
7. Dawson B., Trapp R. Basic and Clinical Biostatistics. New York: McGraw-Hill, 2004.
8. DeKeyser R. Skill Acquisition Theory // Theories in Second Language Acquisition. 2007.

ҒТАМЗР 14.01.45
ӘОЖ 691.33

Буктрейлер технологиясы арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (Мағжан Жұмабаевтың “Батыр Баян” және “Жастарға” шығармалары негізінде)

Гинаят А.А
gt.aiganym@icloud.com
Ережепова А.Ж
yerezhepovaa00@mail.ru
Акмагамбетова Б.Е.
bibigul1013@mail.ru
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Педагогикалық тәжірибеде құндылыққа ие инновациялық әдістердің бірі – буктрейлер технологиясы. Бұл мақалада буктрейлер технологиясының қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға ықпалын анықтау мақсатында сараптамалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» және «Жастарға сенемін!» шығармалары негізінде буктрейлерлер әзірленді. Сынаққа орта мектептің 8-сынып оқушылары қатысып, олар бақылау (дәстүрлі оқыту) және эксперименттік (инновациялық әдіспен оқыту) топтарына жіктелді. Қолданылған әдістер: сауалнама, бақылау, талдау. Нәтижесінде, буктрейлер арқылы интерактивті тапсырмалар орындау оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіріп, қоғамдық қарым-қатынас саласындағы сенімділігін арттырады.
Кілт сөздер: буктрейлер технологиясы; коммуникативтік құзыреттілік; қазақ әдебиеті; оқыту әдістемесі.

Аннотация

Одним из инновационных методов, обладающих ценностью в педагогической практике, является технология буктрейлера. В данной статье проведено аналитическое исследование с целью определения влияния технологии буктрейлера на развитие коммуникативной компетенции на уроках казахского языка и литературы.

В ходе исследования были разработаны буктрейлеры на основе произведений Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» и «Я верю в молодёжь!».

Участниками исследования стали учащиеся 8 класса средней школы, которые были разделены на контрольную (традиционное обучение) и экспериментальную (обучение с использованием буктрейлера) группы.

Использованные методы: анкетирование, наблюдение, анализ.

Результаты показали, что выполнение интерактивных заданий с использованием буктрейлера способствует развитию навыков устной и письменной речи учащихся, а также повышает их уверенность в сфере социокультурного общения [1].
Ключевые слова: технология буктрейлера; коммуникативная компетенция; казахская литература; методика обучения.

Annotation

One of the innovative methods of value in pedagogical practice is book trailer technology. This article presents an analytical study aimed at determining the impact of book trailer technology on the development of communicative competence in Kazakh language and literature lessons.

During the study, book trailers were developed based on the works of Magzhan Zhumabayev “Batyr Bayan” and “I Believe in Youth!”.

The participants of the study were 8th-grade secondary school students, who were divided into a control group (traditional learning) and an experimental group (learning using book trailers).

The following methods were used: survey, observation, and analysis.

The results showed that performing interactive tasks using book trailers improves students’ speaking and writing skills and increases their confidence in socio-cultural communication
Keywords: book trailer technology; communicative competence; Kazakh literature; teaching methodology.

Кіріспе. Сан ғасырлар бойы кітап оқу – білім мен мәдениеттің негізі болып келген.

Алайда XXI ғасырда интернет пен цифрлық технологиялардың дамуымен жастардың кітапқа деген ынтасы әлсірегені байқалуда. Қазіргі кезде оқушылар дәстүрлі оқытудың орнына мультимедиалық құралдар арқылы ақпарат алуға бейім. Осыған орай оқу үдерісінде инновациялық әдістерді қолдану – өзекті мәселе. Соңғы жылдары білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүрген инновациялық технологиялардың бірі – буктрейлер технологиясы. Буктрейлер (book trailer) – белгілі бір әдеби шығарманың мазмұнын қысқа бейнеролик арқылы таныстыратын шығармашылық жұмыс түрі. Ол фильм трейлеріне ұқсас болғанымен, негізгі мақсаты – оқырманның назарын кітапқа аудару және шығарманың негізгі идеясын қысқаша әрі әсерлі түрде жеткізу.

Буктрейлер технологиясының мазмұны әдеби шығарманың негізгі тақырыбы мен идеясына негізделіп, оны визуалды және аудиовизуалды құралдар арқылы көрсетуге бағытталады. Бұл технологияны қолдану барысында оқушылар шығарманың мазмұнын талдап, маңызды эпизодтарды таңдайды, сценарий құрастырады және бейнематериал дайындайды. Осылайша, оқушылар тек мәтінді оқып қана қоймай, оны шығармашылық тұрғыда қайта өңдеп, өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік алады.

Буктрейлер дайындау үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде оқушылар әдеби шығармамен толық танысып, оның мазмұнын түсінеді. Екінші кезеңде шығарманың негізгі идеясы мен маңызды эпизодтары анықталады. Үшінші кезеңде буктрейлердің қысқаша сценарийі дайындалып, оның құрылымы жоспарланады. Төртінші кезеңде визуалды және аудиоматериалдар таңдалып, бейнеролик жасалады. Соңғы кезеңде дайын буктрейлер сыныпта таныстырылып, оқушылар арасында талқыланады.

Әдебиет сабағында буктрейлер технологиясын қолданудың әдістемелік ерекшеліктері бірнеше бағытта көрінеді. Біріншіден, бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Буктрейлер дайындау барысында оқушылар мәтінді талдап, оны қысқа әрі әсерлі түрде жеткізуге тырысады. Екіншіден, бұл технология оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, себебі олар өз жұмыстарын қорғап, пікір алмасуға қатысады. Үшіншіден, буктрейлер технологиясы оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға көмектеседі, өйткені олар түрлі мультимедиалық құралдар мен бағдарламаларды қолдануды үйренеді.

Сонымен қатар, буктрейлер технологиясын қолдану оқушылардың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттырады. Көркем мәтінді визуалды түрде көрсету арқылы оқушылар шығарманың мазмұнын жеңіл әрі қызықты қабылдайды. Бұл өз кезегінде олардың оқу мотивациясын күшейтіп, әдеби шығармаларды оқуға деген ынтасын арттырады.

Жалпы алғанда, әдебиет сабақтарында буктрейлер технологиясын қолдану оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға, мәтінді терең түсінуіне және өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл әдіс ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқу үдерісін жаңғыртуға және білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының дидактикалық мақсаттарын жүзеге асыру үшін М. Жұмабаевтың әдебиет айдынындағы шоқтығы биік туындылары — «Батыр Баян» мен «Мен жастарға сенемін!» шығармалары таңдап алынды.

Ғылыми жұмыстың теориялық негізін коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталған концептуалды тұжырымдар құрайды. Коммуникативтік құзыреттілік – жеке тұлғаның күнделікті қарым-қатынаста тілдік және қатысымдық міндеттерді шеше білу

қабілеті. Білім алушылар қатысымдық дағдыларды меңгерген жағдайда, өздерінің теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетте тиімді пайдалануға, өз көзқарастарын қисынды дәлелдеуге және кез келген әлеуметтік ортада конструктивті сұхбат жүргізуге қабілетті болады. Сондықтан, оқыту үдерісінде тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар басты болып табылады [4].

Көрнекі әдебиеттік мазмұнды интерпретациялай алатын, АКТ негізіндегі шығармашылық жұмыстар коммуникативтік құзыреттілікті нығайтады. Мысалы, зертеулерде оқушылар топпен жұмыс істей отырып кітаптың трейлерін жасаған кезде олардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы мен коммуникациялық дағдыларының жетілдірілуі байқалады. Сондай-ақ, Қазақстанда мемлекеттік білім беру бағдарламасында цифрлық тәсілдерді енгізу ынталандырылады. 2023 жылы ҚР Білім министрлігі ұйымдастырған «Буктрейлер» республикалық байқауына қатысу бұл тенденцияның бір көрінісі болып табылады, байқау «балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға қызығушылығын арттыруға ықпал етеді» деп бағаланған [5].

Зерттеу әдісі. Сауалнама, бақылау, тест тапсырмалары, талдау.

Эксперименттік зерттеу бойынша орта мектептің 8-сынып оқушылары қатысты. Қатысушылар саны – 24 оқушы, олар кездейсоқ таңдалған екі топқа бөлінді: бақылау (бұрынғы әдіспен – дәстүрлі мәтіндік талдау арқылы оқыту, 12 оқушы) және эксперимент (буктрейлер әдісімен оқыту, 12 оқушы) топтары.

Зерттеуге қатысушылардың білім деңгейі мен оқу жағдайлары алдын ала теңестірілді. Тәжірибелік жұмыстар 8 апталық мерзімді қамтып, оның барысында апта сайын нақты бір әдеби тақырып зерделенді. Осы кезең шеңберінде «Батыр Баян» поэмасы мен «Мен жастарға сенемін!» өлеңіне негізделген екі арнайы оқу сабағы ұйымдастырылды.

Зерттеудің негізгі құралы – арнайы дайындалған тапсырмалар мен сауалнамалар. Коммуникативтік құзыреттілік деңгейін анықтау үшін пәндік лексика мен сөйлеу дағдыларын тексеретін тест және ауызша тұрғысынан сұрақтар ұсынылды. Сонымен қатар, оқушылардың буктрейлер жасау сапасын бағалау үшін мұғалім әзірлеген рубрика қолданылды, онда контент, презентация шеберлігі, тіл байлығы көрсеткіштері бойынша ұпайлар қойылды. Зерттеудің ішкі сенімділігін қамтамасыз ету үшін деректер жинау алдын-ала сынақтан өткізілді.

Зерттеу келесі кезеңдерде жүргізілді:

1. Алдын ала бағалау (басқосулар): Әр топ үшін зерттеу басталғанға дейін коммуникативтік құзыреттілік бойынша тест тапсырмалары мен сауалнама толтырылды. Алдын ала нәтижелер екі топтың бастапқы деңгейін салыстыруға мүмкіндік берді (1-кесте).

2. Оқу модулі (8 апта): Кіріспе: Оқушыларға буктрейлер концепциясы таныстырылды, мысалдар ұсынылды (мысалы, балалар әдебиетінен трейлерлер). Тақырыптық сабақтар: Әр аптада бір әдеби шығарма (әдебиеттен белгілі бөлік) талданып, содан кейін топтық презентация дайындалды. Екі маңызды шығарманың бөлігін таңдау кездейсоқ емес: «Батыр Баян» – батырлық, ерлік тақырыбы, «Мен жастарға сенемін!» – ұрпақ пен болашаққа сенім тақырыбы қамтылады. Олар оқушылардың ой-пікірін дамытып, бейнеролик мазмұнын құруға негіз болды. Тапсырма: Эксперимент тобына әр шығарма бойынша материалды талдап, буктрейлер жасау берілді. Оқушылар кітап мазмұнын қысқаша сипаттап, сценарий жазып, бағдарламада (мысалы, Windows Movie Maker, iMovie) клип құрастырды.

Салыстырмалы топтың оқу бағдарламасы дәстүрлі әдістемеге сүйенді: мұнда тақырыптарды талқылау, мәтінмен жұмыс және жазбаша жаттығулар жүргізуге басымдық берілді.

3. Деректер жинау: Оқушылар жасаған буктрейлерлер бағаланып, топтың ынтымақтастығы бақылаудан өткізілді. Сыныптан тыс уақытта рефлексия сұрақтарына(жұмыс процесі мен нәтижесі туралы пікір) сауалнама алынды. Бірнеше кезеңде тәжірибе топтарының коммуникативтік тапсырмаларының нәтижелері мұғалім тарапынан бағаланды.

4. Қорытынды бағалау: Оқу курсынан кейін екі топ қайталау тесті тапсырып, коммуникативтік дағдылар бойынша нәтиже салыстырылды (2-кесте). Бұдан бөлек, тәжірибе тобының сауалнамаларындағы жауаптар мен жасалған жұмыстардың талдауы жүргізілді.

Нәтижелер. Алғашқы және соңғы тест нәтижелерін салыстырмалы түрде 1-кестеден байқауға болады. Бақылау тобының коммуникативтік құзыреттілік көрсеткіштері сәл өскен болса, эксперимент тобының көрсеткіштері едәуір жоғары болды. Мысалы, эксперимент тобының орташа ұпайы бастапқыда 3,2 болды, ал соңғы сынақта 4,6-ға жетті. Бұл жақсару буктрейлер арқылы интерактивті оқыту нәтижесінде оқушылардың сөйлеу мен жазу шеберлігі жақсарғанын көрсетеді. Дәстүрлі әдіспен білім алған топтың орташа ұпайындағы оң өзгеріс небәрі 0,2 балды құрап, көрсеткіш 3,1-ден 3,3-ке ғана көтерілді.

1-кесте. Коммуникативтік құзыреттілік көрсеткіштерінің орташа ұпайлары

Топтар	Оқушылар саны	Бастапқы тест (орташа ұпай)	Қорытынды тест (орташа ұпай)	Өзгеріс динамикасы
Бақылау тобы (дәстүрлі әдіс)	12	3,1	3,3	+0,2
Эксперимент тобы (буктрейлер)	12	3,2	4,6	+1,4

